

1 2013

38485к



Фалым
Жайлыбай



Моңиң жаңа газын

Ғалым
Жайлыбай



Мобилюлхасан

Өлеңдер

•
Толғау

•
Поэмалар

FOLIANT
БАСПАСЫ

Астана - 2011

Ж 19 **Жайлыбай F.**
Тобылғыжарған: Өлеңдер, толғау және
поэмалар. – Астана: Фолиант, 2011. – 280 б.

ISBN 978-601-271-083-0

Қазақтың талантты ақыны, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Ресей Жазушылар үйімінің Сергеин алтын медалінің иегері Falym Жайлыбайдың бұл кітабына негізінен соңғы жылдарда жазылған туындылары енгізілген. Аспандай тұнық, бұлактай мөлдір жырлардан өмірдің әнін, көңілдің нәрін сезінесін. Болмысқа барлау жасау арқылы тереңнен қозғап сыр актару – Falym поэзиясының өзегі.

«Тобылғыжарған» – ақын өлеңбаянының жаңа бір кезеңі, тың белесі.

Кітап қалың оқырманға арналған.

УДК 821.512.122
ББК 84 Каз 7-5

© Жайлыбай F., 2011
ISBN 978-601-271-083-0 © «Фолиант» баспасы, 2011

ДАЛАНЫҢ ЖАҚҰТ ЖЫРЛАРЫ

Жиырма бірінші ғасыр – ғарыштық жылдамдықтың заманы болғасын ба, сол дәуірдің төлі – адам баласы да зыр қағып, өмірінің соңғы нүктесіне жанталаса асығуда. Ақырзаманның алақұйын аяқ алысын сезгендей, дүние-гапыл бір сәт кідірмestен зулап жатыр.

Заманың осы екпінінен де шығар, үлкенкіші, кәрі мен жас бебеу қағып, өзіне-өзі жетпей шарқ үруда. Осындай адам жанындағы да, қоғамдағы да аласапыран күйден болса керек, бұрын кітаптан бас алмайтынмын, жақсы дүние оқысам, өлген өкем тіріліп келгендей қуанып, авторын іздеп, құттықтауға тырысатынмын, бүгін соның бәрі, бұлттары көшкен аспандай, жан әлемімнен жырақтапты. Қазіргі адамдардың, оның ішінде ақын-жазушылардың өз дүниесінен басқаға көзі түспектін дерті маған да келген сияқты ма, қалай?.. Мұның бір себебі 1000, тіпті 500 таралыммен шығып жататын кітаптарға қолымыз жете бермейтіндіктен де болуы керек.

...Өткенде ұшақ ішінде қолыма түскен газеттен «Ақ сиса» атты поэманы оқыдым. Авторы ақын Фалым Жайлыйбай екен.

Қазір поэма жазатындар азшылық қой, бірақ менің айтпағым бұл емес. Айтқым келгені – мен поэманды өте сүйсіне оқыдым. Әсерлендім, ақынның қалам қуатына тәнті болдым. Ал Фалымның мына «Тобылғыжарған» өлеңдер жинағының қолжазбасын бір деммен оқып шығып, көңілім көтеріліп қалды.

Тобылғы – қазақ ұғымында киелі өсімдіктің бірі. «Тобылғыжарған» сөзі тек «сағынан сағым қашқан Сарыарқада» жиірек қолданылады.

Оқырманның көбі, қандай да бір өлең жинағын қолына алғанда, алдымен махабbat тақырыбына жазылған өлеңдерді қарайды. Ал «Тобылғыжарған» кітабының алғашқы бетін ашқаннан-ақ «байтал-бұлттың төсін емген құлыш-қырда» «Сайлап ап бес қаруын жарактанды / Қалың қол ауылды алған, алапты алған / Атойлап ат ойнатқан атаманга / Тосылып қыр қазагы қарап қалған» заманнан бері «талаттай сумаң қаққан тазыларға» ата мұраны қорғау үшін «акыны алдаспан боп» келе жатқан Дағаның өмірбаяны қуанышымен, көз жасымен көз алдында көлбендең деп тұрып алады. Не деген тамаша теңеулер, ғажайып суреттер десенші! «Аргымақтың жалына жармасып өскен / сексеуілмен тамырлас дала перзентіне» басқаша жырлауға болмайды деп өзіңше мақтана масайрайсың.

ХХ ғасыр трагедиясы «ақсақалсыз ауылдай» мұнды Дағаның енесін протон-тажал өлтіріп, жетім қалған құлышының да жана-рынан жас сорғалатады бүгін. Бұл орайда: «Көшкен елдің көнерген жүрттындаи болған құла дүз құзғын қонастын құзга айналса, Құлагер қайтеді енді құлап өлмей?!» – деп ақынның қабырғасы қарс айырылуы да заңды...

«Аққуы көшкен көлдер де ақыны жоқ елдей» мылқау да мәңгүрт ғұмыр кешетін секілді...

Фалым ақынның әр өлеңі астарлы ой, тегеурінді теңеулерге толы. Ол қазақ жырына жаңа түр, жаңа мазмұн береміз деп он бір буын бір шумақтан үйқасы мен ырғағына түсініп болмайтын балдыр-батпақ «өлең» жасап, проза ма, поэзия ма – белгісіз бір жолдарды бүгінгі заманның поэзиялық ұлы туындылары деп ұялмай-қызармай ұсынып жүргендер санатынан іргесін аулақ ұстайды.

Абай, неше ғасыр өтсе де, Абай болып қалады. Лермонтов, Блок та солай. Жаңа заманда салынып жатқан қабырғасының қалындығы бір қарыс зәулім үйлердің кім білсін қанша жыл тұратынын. Эйтебе, XIX ғасырда салынған кірпіш сарайлардай ғұмырлары жоқ екені белгілі. Кейбіреулер қазақ жырын қаншама қырық құбылтқанымен, Құран текстес қасиетті қара өлең Қасымнан, Мұқағалидан қалған шекпенін жамылып, үрпактарының алды-

нан шығады. Қазақтың қазақы болмысы бұзылмай түрған шақтағы қыр сұлууларының шын күмістен құйылған, сыңғыр еткен сайын жанарынды жауладап жарқ ететін шашбаутүймелеріндегі Ғалымның да өзгеше өрілген өлеңдері сол қатарда тұруы хақ.

Мен Ғалым Жайлабай ақынның қазақ сәйгүлікке салар «*қаз мойын қасиетті құрама еріндей*» жақұт жырлары оқырманына ой салып, көңіліне қуаныш ұялататынына сенемін.

Фариза ОҢҒАРСЫНОВА,
ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері

ТОБЫЛҒЫЖАРҒАН

*Көктем дегенің – көгілдір арман,
Көгертер кез бүл көңілді қалган.
Сәүірдің айы сәуле шашарда –
Тобылғыжарған,
тобылғыжарған...*

*Кыратқа барсам жолыма жақын,
Бұлаққа барсам толып агатын.
Тобылғыжарған бүршік жармаса
Тобылғысынды торыгады ақын.*

*Ұқтырган ерте туар айларым,
Алагайларын,
бұлагайларын.
Жанымда желген желдірмелерім –
Мамырда өрген Құралайларым.*

*Өтпелі дей ме өмірді жалган,
Көгертер көктем көңілді қалган.
Толғатқан жаннның толайым күні –
Тобылғыжарған,
тобылғыжарған...*

*Тұңғылесің де,
тірілесің де...
Уақыттың, Қарғам, үлү көшінде.
Тобылғыга ыстап, сабаңды пісін,
Шаралап қымызыз сіміресің бе?!*

*Багыма – үміт,
сорыма – құдік,
Касиеттеріммен жолыға жүріп.
Тобылғы сапты қамышымды үстап
Тоқпақтай жалды торыға мініп.*

Аттансам деп ем...

*тым алыстарга,
Жолыгар жаным жұбаныштарға.
Тобылғы түсті толқындарыммен –
Косылып кетіп була ағыстарға.*

*Биқтеп үшса көңіл мұнардан,
Өлең етермін Өмірді қалган.
Толайымыңды толқынным сүйсін –
Тобылғыжарған,
тобылғыжарған...*



Менің
аппак күстарым...



ДАЛАНЫҢ ӨЗЕНДЕРІ

Ұмытылмас кезең бе еді?
– Жанынды сезем, – деді.
Жарқырап шықты алдынан
Даланың өзендері.

Аспанда бұлт түйілген,
Бетпақтай безергелі.
Жанына жұртты үйірген
Даланың өзендері...

Қамықсам ел біледі,
Жабықсам сөз емдеді.
Маржандай мәлдіреді
Даланың өзендері.

Тірлік бұл – арты қайғы,
Ерніңің кезергені...
Айнадай жарқырайды
Даланың өзендері.

Жанымда жаңыр басым,
Керімсал кезендеңі.
Аман бол,
тағдырласым –
Даланың өзендері.

* * *

Көңілімнің қаз ұшты түстігінен,
Күй күмбірін естідім құс тілінен.
Қанатына сол қаздың жарық байлап,
Жұлдыздар да төменге түсті білем.

Тұтанғанда өзектің өртінен жыр,
Сезімдердің қос ішегін шертіп ем бір.
Сағынышты сарғайтты сағымға орап
Қоңыр қаздың әніне елтіген қыр.

Тазартқанда жүректі тамшы-жалған,
Арналарын арымның аршып алғам.
Абаттанып жанымның жазирасы,
Қанат қағып ұшатын қаршыға-арман.

Ей, жүрегім,
жиілеу сызданасың,
Мұң кешемін айдыным мұздағасың.
Қанаттының бәрін де сүйдім,
сонын...
Сол ауылдың нәзіктеу қызы баласың.

Шашыраған шалғынға күлкі есімде,
Белден асып қайтуға үркесің бе?..
Бір құмары қалған-ды бала ақынның
Жылқылары жусаған қыр төсінде.

Байтағыма байланған бақ-талабым,
Қаршығамның қанатын қаққан ағын.
Бір шоқ гүлін ұсынып жүргегімнің
Үркек қыздың үмітін ақтамадым.

Жетегінде ілесіп жегі күннің,
Айналайын айнам-ай,
нені білдің?..
Өзектегі өлеңі өмірімнің –
Тұстігінен қаз ұшты көңілімнің...

ЖЕТИМ ҚҰЛЫН

Айдарынан жел еспей кекілдінің,
Еңку шалды еніске
екінді күн.

«Протонның» уынан енесі өлген –
Көлеңкеде жылайды жетім құлын.

Тамылжыса таң нұры
кие көрген,
Бір-біріне, қос мұңлық,
сүйенер ме ең?
Жетім құлын иесі –
жесір әйел –
Өз-өзіне қол жұмсап күйеуі өлген.

Үміт жібі үзілсе – үгілер ең,
Ғұмырының батпандай жүгіменен.
Жетім құлын қаңғиды өр аулада
Жесір әйел жылайды тұніменен.

Жалғыз жіпке байлаған – Тағдыр ұлы;
Зымыранның зымыстан жаңғырығы.
Жетім құлын жетіліп кетер болса,
Сойып алмақ соғымға арғы жылы.

Замананың соққалы жегі желі,
Босағаның бос қалған желілері.
Серілері ауылдың не біледі?..
Осы сұрақ жанымды кеміреді...

Сағыныштың сазындей – саған далам,
Хабар жетіп жатады өр арнадан.
Көлеңкеде көз жасын көлдетіп тұр –
Жетім құлын кекілі таралмаған.

Шаңырақ бұл –
 індектек ірге тұрген,
Үзілердей жетеді күнгө түннен.
– Құлыныңды қаңғытпай,
 қамасаңшы... –
Кінә іздейді ағайын кіл жетімнен.

Аман шығу ақ таңға –
 бас амалы,
Оғы тиген тағдырдың тасадағы.
...Жесір әйел сипаса мандайынан
Жетім құлын көзінен жас ағады.

Беу, қос мұндық,
 жолында сортаң із көп,
Қай қыырға тұрады тартамыз деп.
Кезек-кезек көз жасын сығады да –
Тірлігіне кетеді талқан іздең.

Қайран ауыл!
Құшағын жайған Ана,
Алладан нұр күтеді айдалада.
Жетім құлын жетіліп –
 тарлан ашып,
Арғымаққа, білмеймін, айнала ма?

...Еңку шалса еңіске
екінді күн,
Шемен күйін шертеді шетін мұңым.
Күн-керуен соңында –
соры қайнаған –
Жесір әйел,
жегі жел,
жетім құлын.



* * *

Шарасына шық тұнған бұла белдің,
Төскейіне тәгілтіп шуақ өрдім.
Нұрға ғашық жанымды жетегіне ап,
Қырдан асып жүгірген Құлагер-күн.

Құлагер-күн барады асып белден,
Аққу үшты арманға асық көлден.
Мен ақынмын,
әуелден ақ дүниеге –
Жанындағы Жайығы тасып келген.

Өмірімнің өлеңде –
жарық таңы,
Күбірлеп ем ішімнен...
жан үқпады.
Маңып жүзген көктегі
бесін ауа –
Қайда үшты екен
бұлттардың мамықтары?!

Фұмыр жайлы бастап ем...
бір өлеңді,
Көзімдегі көктемді жүрек өрді...
Қайың біткен қайтадан дүр сілкініп,
Қарағайлар қасқайып түрегелді.

Ордам тозып кеткелі,
жұртый азып,
Жарық күннің сәулесі –
бір күн азық.
...Белі кеткен қара нар жүк көтермей,
Елі көшкен кең жайлау түр қулазып.

ЖЫЛҚЫШЫНЫҢ БАЛАСЫ...

Байтал-бұлттың құлын-қыр төсін еміп,
Керуеннің Арқаға көші келіп,
Пүшпағында Бетпақтың біздің ауыл
Жататауғын кез еді өсіп-өніп.

Қай жыл еді,
есте жок,
қай күн еді?..

Жұлдыз жанып, аспаннан Ай құледі.
Тұн тұндігін тілгілеп қамшысымен
Жылқышының баласы тай мінеді.

Сол ауылдың жаны – жаз,
кулкісі – Күн,
Қайтар кезі жақындал жыл құсының.
Айкүреңі атағын әйгілеген –
Тай мінеді баласы жылқышының.

Көз алдымда көлбесе жусанды қыр,
Буырқанып көнілім,
бусанды інір.

Жылқышының баласы тай мінгенде
Жеткізбейтін сағымдай қусаң ғұмыр.

Жастығымның жазира жайлауы құт,
Айдан асып асқақтап
айман-ұміт.

Топқа түсіп кеткенмін тоғызымда,
Тобылғы сап қамшы ұстап тайға мініп.

Ерте келген көктемнің елесі боп,
Зулайды күн ойы мен белесі көп.
Асай тайдың жалында...

тізгін қағып –
Көз алдымда көлбейді көне сурет.

Байтағымның бақыты –
толғағаным,
Қыран болып көгінен
сорғаладым.

Белі шықпай бесіктен бәйге көрген –
Жыр жазбауға хақы жоқ сол баланың.

Жаздар қалды соңымда,
күздер қалды,
Тай тұяғы жаншыған іздер қалды.
Жылқышының баласы –
жылқы мінез –
Тұнықтың да тұнығын іздер мәңгі...

* * *

Жалынан сылап,
баптаған күлік,
Қарына іліп ақтабан құрық.
Ақланның күні азынағанда,
Аш бөрілердей ақ боран да ұлып.

Тап болсам, шіркін,
қазыналарға,
Аппақ әлемде емделіп алып,
Ақланның айы азынағанда
Қайтсам ба деп ем елге бір барып.

Қарайламайды артқа бұл жалған,
Үркерлерім де үркітіп ақты.
Қатары сиреп қарттарым қалған –
Қасқыр ішікті,
түлкі тұмақты.

Тағдырдың торкөз тұзағы құрған –
Тынатын шығар өлтіріп, тегі.
Түнде Айға қарап ұзак ұлыған
Көкбөрілердің бөлтіріктері.

Шыққанда шырқар
әнім қыстығып,
Көре алмай қалдым көзім тұнғанын.
Кара шанақтың зарын құстывып,
Өз қобызыымды
өзім тындадым.

Жолға шығайын,
қарасын бәрі,
Көгөреміз бе көнені күз деп?..
Ақ тұтектердің арасындағы –
Адасып қалған
өлеңімді іздең...

ҚЫЗЫЛАҒАШ, ҚЫЗЫЛАҒАШ...

Жанымның жазығында ат ойнады,
Арымның ақ бұлағы атойлады.
Түнімен қара шанақ күнірентті –
«Кобызшы Молықбай шал Матайдағы».

Шайылса шаңырағы шыңғырады ел,
Қайғыдан шашын жұлып тұр құба бел...
Ағынды Ілиястың Ақсусында –
Құлады құстай үшқан Жыр-Құлагер.

Қыспақтан шығар деп ек...

Наурызда аймак,
Құтының қазанында ақ уыз қайнап.
Көктемге көш түзеген керуен еді
Қабанбай,
Райымбек,
Наурызбайлап!..

Айқайға сүрең қосып шу боратқан,
Топан да тосқауылсыз...

тулап ақкан.
Тажалы табиғаттың тұра келсе,
Ажалы адамзаттың –
судан,
оттан...

Дүние, бес күн сәуле
фәниде өткен,
Тауқымет тармақтарын тағы үйреткен...
«Қобызшы Молықбай шал Матайдығы»
Киямет күйін шалып зар илеткен.

Жан алаң,
көніл де алаң,
халық та алаң,
Қызығыш құс Ақсу бойлап қалықтаған.
Белеңі бебеу қаққан тіршіліктің
Бөгені бөгесін боп жарытпаған.

Ел едік жаңа жайған керегесін,
Кирайды қыр асқанда неге көшім?
Арман-ай,
арман-айлар азаймайды –
Хал қалай, қарындас жұрт, демегесін...

Болсыншы, айналайын, жұмақ алдың,
Алладан тағы медет сұрап алдым.
Самалы Сарыарқаның сарнағанда –
Жетісу жеті өзені жылаған күн.

Ақынмын,
елімнен жоқ қиыр күнім,
Молықбай, сен де менің күйімді ұғын!
Қара шал немересін таяғымен
Іздеп жүр арасынан үйіндінің.

Кеудем тұр бірде ашылып,
бір басылып,
Қайғының қара суы құмға сіңіп...
Жете ме Жаратқанның құлағына,
Кете ме көгімдегі Күн де ашылып?..

Жүйкем де жүдеу бүгін,
жауыр жаным,
Қайғыдан қара бұлттай ауырладым.
Кара орман қазақ елі
қабірге емес –
Жерлейді жүрегіне бауырларын.

МЕНИҢ АППАҚ ҚҰСТАРЫМ...

Ақ зер әлем,
ак дүние –
жаныма құт,
Көз алдынан барады жарық ағып.
Менің аппақ құстарым қалықтайды
Ақ бұлттарға қанатын малып алыш...

Бұлак көрдім...
көздері жарқыраған,
Өзен көрдім...
аптығып,
арқыраған.
Сабағында гүлдерім ашылғанда –
Жанағымда жарқ етті жарты ғалам.

Жолым жалқын сәуленің жолағы ма,
Ойнап-құлсем...
өкпем жоқ оралыма.

Өзегімнен өрт шықты
мен түскелі –
Соры қалың соқпақтың сорабына.

Бетегелі бекзат күн,
белдерде өткен,
Өткенімді өлеңмен өрген көктем.
Құзге дейін арайға шомылармыз –
Бізге дейін талайлар келген,
кеткен...

...Аламанда аһ үрсаң –
анық қайғы,
Ол күйінді күйлілер тағы үқпайды.
...Ақ бұлттарға қанатын малып алып
Менің аппақ құстарым қалықтайды.

КҮЗЕУДЕГІ ҚАРАША ҮЙ

Күндердің жалын күзер ме
Ұстара-уақыт жалтырап?
Қараша үй қонды күзеуге
Қараша күні қалтырап.

Торықса жусан,
тобылғы,
Қараша келіп тоңған күз.
...Өтпелі дейді өмірді
Күзеуге қонған сол жалғыз.

Коңыр күй кернеп жер-көкті,
Күмбірін дала тыңдады.
Қайран жаз қош деп
ол кетті
Қаздардың қанатындағы.

Жанымның отын жандырдың,
Жолаққа орап ымыртты ақ.
Шық шайған шашын шалғынның,
Балқаймақ күнді тұн ұрттал.

Күтеді күзеу қысты алдан,
Жүректің жүдеу күркесі.
Ғұмыр дегенің – қысқарған
Балауыз шамның білтесі.

Шаңыракты ұстар құдірет –
Қараша үйдің уығы.
Сен соны түсін
бір рет,
Күзеудің қара сұығы.

Өкінесі өкпек
көреге –
Желбауы, желмен қаңғызың.
Қаңтар кеп шешіп бере ме
Қараша үйдің тағдырын?

Мәңгілік әнін салғыздың,
Тұнжырап тұнде тұлдыр Ай.
Күзеуге қонған жалғыздың
Жары да болған бір Құдай...

ОСЫ КӨКТЕМ...

Қыз көктем,
гүл-гүл көктем,
көктем, көктем,
Көңілдің көкжиегін көкке өрлеткен.
Көңілдің көкжиегі көкке өрлесе
Есіңе түседі екен өткен-кеткен.

Бояуы бұл көктемнің тым көмескі,
Қанша рет ізімізге гүлдер өсті?!

Көшіне керуенниң ілескенде
Есіңе түседі екен күндер ески.

Дүние жарығының үр күндері,
Бұл көктем –
керуен-керуен жырдың легі.
Қызырып батқан күнге қолын бұлғап,
Қыратта қыдырады қыр гүлдері.

Үр көктем,
үрия дәурен,
үміттерім,
Қосылып қобыз шалды-ау күдікке мұн...
Жайқалып жасыл дүние жайнаганда
Шайқалып кетпесе екен тұнық көлім.

Төбемнен бұла бұлттар көшіп өткен,
Күндердің көкжиектен көші жеткен.
Барымның бағымысың –
сағынышым –
Жанымның жарығысың, осы көктем!..

ЕЛЕГІЗУ. ДАҒДАРЫС ЖЫРЫ

Құмшекердей еріген таңдайдағы,
Аштықтағы қүйқаның
балдай дәмі.

Таңғы нұрдың сәулесі шайқалғаны –
Тағдырымның жазуы мандайдағы.

Ұлтым емес,
тұр бүгін құлқын бай боп,
Құлқын бай боп,
содан соң ұртың май боп.
Елегізіп елсізде елеңдедім –
Көшкен елдің көнерген жұртындай боп.

Емендердей еңселі ел тұрғанда,
Жібек шашақ тағар ем ер-тұрманға.
Бағдары жоқ керуен батпақ кешер,
Қаңғып үшқан қаңбақтай жел тұрғанда.

Жүрек, жүйке жалықты жанбағыстан,
Жетек сынып,
асуда арбам үшқан.
...Көкке қарап қол жайып күбірледім:
– Көке, қашан шығамыз дағдарыстан?..

Жауап ізденеп сұраққа ойландым-ай,
Қарға-құзғын маңайым...
тойған құмай.

Аламанда арындар шақ тұғанда
Дағдарысты уайым ғып қойған Құдай.

Көрпө төсеп көнелеу алашаға,
Өлеңімді тыңдайды бала-шага.
Күресінде құлғе аунап жатыр, әне –
Қараща үйге құт болған қара саба...

* * *

Көш қозғалды жолымен бұрынғының,
Таңға елші бол кеткелі мұңым,
жырым...

Мұңым төзім таусылып бітпей тұрып
Бүтін сөзін айтпай ма бүгінгі күн?!

Жылжыған жыл соңынан құндер ерді,
Кім көнерді, дариға-ай,
кім көгерді?..

Жырынды кез жыртығын жамап-жасқап,
Бүгінгі сөз шықпай ма мінбеге енді?!

Ер көгермес ертеңге қадам баспай,
Баян тапса бастағы бақ алмаспай.
Бүгінгі сөз заманның заңғарынан
Жарқ-жүрқ етіп тұрмай ма ақ алмастай?!

Саған ғана жанып ем кездігімді,
Саған ғана төгіп ем көз нұрымды.
Шалшық судың бетіндей шашырамай –
Тұғырына тұракта, Сөз бүгінгі!

Біз дегендер...
темірдей төзімі тым,
Өз арманын аялап
өз үмітін...
«Түгел сөздің – түбі бір» дегенменен,
Сөзі бүтін халықтың – өзі бүтін.

ОРАЛУ

(Сәдібек Тұгелге)

Қырандай сорғаласа жырым көктен,
Бүршігін бүр жарғызыды бүгін көктем.
Тұлпарын тұғырына қондырады
Қараөткел сүйіншілеп Сырымбеттен.

Пырағым төске салған өрден бері
Арқаның аламанды көрген белі...
Құлагер құла дүзде құйындады
Сейіліп сері Ақанның сергелдені.

Көкшеге бұрдым бүгін өлең көшін,
Зерені Зерендінің терендесін.
Ән салып Айнакөлдің аққулары,
Есілдің ескен желі елеңдесін.

Құлагер!
Ақан болып төгілер ем,
Өткеннен бізге жеткен небір өлең...
Жырасы Жыландының жылағанда
Етегі Ерейменнің еңреген.

Ел мынау
от пен желдің өтіндегі,
Басылды Қусақ көлдің көпіргені.
Қу басын Құласының қайыңға іліп
Ақанның құлағымда өкіргені.

Ақынның Алты Алашқа жайған бағын,
Рухы намысына қайралғаным!
Баспа-бас қызға бермес қызығы еді
Құлагер – құнанында бәйге алғаным.

Айтады сан аңызды сағымдай бел,
Құланы құла дүздің арындай көр!
Басында Қызқашқанның қызық қалмай,
Асын да Сағынайдың сағынбайды ел.

Артпайық тұнге күдік,
таңға секем,
Дүлдүлмен дүбір тілер жалғаса өтем...
Тұлпарын енді қазақ тұншықтырып,
Серісін сергелденге салмаса екен.

Жүйріктің сыбағасын мол жасалған
Қызғанып торығады торға салған.
Жүгірсе желден озған пырағым-ай,
Атығай-Қарауылға олжа салған.

Түйықтан шыға алмаса түйғыны аман,
Киянат қинағаны – құлы заман.
Өмірі тоғыз шалық
дертке ұрынып,
Көнілі қобыз шалып...
күй жылаған.

Жүйріктің білем жанын жабы үқпасын,
Тұлпардан тұлдыр шығар торыққасын.
Балтасы Батыраштың басқа ұрмасын,
Жартасы Жыландының жолықпасын.

...Құлагер енген күні нұр шырайға,
Көзіңнен бір тамшы жас ыршымай ма?
«Қақпан бел,
 қалбағайлы,
 үңгір сағақ...»

Күніренген Күреңбайдай сыншы қайда?!

Жүйрікке серік болса
 қыран,
 құмай,
Алдынан ор кезікпес Жыландаидай.
Тұғырға өзіңменен бірге қонған
Рухым аласармас бұдан былай...

Өткеннің өзегінде дауылы қалып,
Қосылдың аламанға сауығып анық.
Көкшеден көкжиекке көсілші енді
Қазақтың қайран жерін бауырыңа алып...

Зарласаң зар илетер заманақыр,
Сайраны сары белдің санада тұр...
Қастерлі қасқа жолдың киесі бол –
Құлагер құстай ұшып бара жатыр.

ЕСКІ ҚОРЫМ

Елден хабар, көп болды, естімедім,
Елең-алаң көңілім...
кешкіремін.

Қобыз шалып жатыр ма қоңыр қырда
Ескі қыстау қасында ескі қорым?

Ақ дүниеге үмтылдым төзім қашып,
Қызыл-жасыл әлемге кезімде асық.
Қобыз шалған қыраттың етегінде
Ескі қорым...
көргенім көзімді ашып.

Сан сапарлар жайлы сан толғадым да,
Тіршіліктің бұралаң жолдарында.
Ұлы сарын көңілде қобыз тартып,
Көшіп жатыр сол ауыл сол қорымға.

Аялаған ақ мекен ұлы арманды,
Саған келсем көз алдым мұнарланды.
Ескі қорым – ескі өні дүниенің
Жалғандығын қайталап тұрар мәңгі.

Жусанға өскен қарамай
самалға ескен,
Сені ойласам, әйтеуір, алаң кешкем.
Ескі қорым...
ескі жұрт желкесінде
Әкем көшкен,
артынан ағам көшкен.

Көз алдымда көлбеген көштің легі,
Өмір ме осы,
білмеймін,

кештім нені?..

Коңыр қырдың төсінде қобыз шалған
Ескі қорым көргенім ес білгелі.

Қатарымның атынан сөз алдым да,
Бәйге көрдім...

өзің айт,

оза алдым ба?

Үркердей боп қалыпты үлкендерім
Ескі қорым үлкейіп көз алдымда.

Тіршіліктің айта алсам дұрыс әнін,
Қанаттылар тобымен бір ұшамын.
Коңыр қырды тербеген ұлы Сарын –
Сенімен де бір күні ұғысамын...

Ескі қорым...

СҮМБІЛЕДЕГІ СУРЕТ

Сүмбіле жұлдыз жанғанда
Сезімнің ашып бір бетін.
Жаныма орап салғанда
Сүмбідей қыздың суретін.

Бүрлекен жырдың емені,
Көңілде қайғы да бар-тын.
Сүмбідей сүмбіледегі
Айдынға ай құлаған түн.

Ғұмырдың күйін толғап ем,
Айдында ай да дірілдеп.
Солқылдалп тұрдым сонда мен,
Жұлдыз біткенге күбірлеп.

Азаймай мұңым, қайғым да,
Арнаммен сарқырадым ба?
Ай болып жүзіп айдында,
Жұлдыз бол жарқырадым ба?

Күңгірттеу шығып күз әні,
Жолдар да кетті бұрылмай.
Ұзарды жылдар,
 ұзады –
Құлдырандаған құлындай.

Жаныма серік жарық ай,
Жалғыз түп жалқы жусан-тын.
Тұсінесің бе, жаным-ай,
Сүмбіле туса – су салқын.

...Сырларды бүктің ішіңе,
Беткейдің белі,
белеңі.

Ене ме сенің тұсіңе
Ақынның арда өлеңі?

Бүрлеген жырдың емені,
Аздаған қайғы да бар-тын.
Сүліктей сүмбіледегі
Айдынға ай құлаған тұн.

Қайтейін...

ғұмыр сүрдім бе,
Ез үшін бұл жер – тойған жер.
Айымен қосып бұл күнде
Айдынды жұтып қойған жер.

...Күн өтті,
сосын жыл да өтті,
Домбырам не күй шертеді?!

Сүмбіледегі суретті –
Сендерге айтсам – ертегі.



ҚАРАШАДА...

Көңілімнің тілейді хошы нені,
Керуендей күндердің көші есімде.
Арман болған Алматы осы ма еді
Көліктері кептелген көшесінде?..

Аламанның алдында таң асқалы,
Көңілімде көгерген ұміт-көктем.
Аппақ дүние ішінде адасқалы
Сағынышым сағымға сіңіп кеткен.

Күндерімнің көзінен көрем арай,
Тағдыр нені маңдайға бұйыртады?
«Қарашада өмір тұр...» – деген Абай,
Қарашада қар жауды биыл тағы...

СЫНЫҚ АРБА

Сынық арба,

білмедім, мұңы бар ма?

Сыры бар ма,

жаутаңкөз жыры бар ма?..

Дойыр қамшы секілді добал күнді –

Сәулем кем боп тұрганы ұғынарға.

Сынық арба...

Көне күнде қалғандай көмескі үміт,

Дүниенің кеткелі бәрі ескіріп.

Майланбаған

шиқылдақ дөңгелектен –

Тіршіліктің тұратын әні естіліп.

Сынық арба!

Көненің көзі ме едің,

Сені көрсем өткенмен кезігемін.

Шалғайдағы

шалғымен шалғын орган

Қайран қара шалдардың төзімі едің...

Сағынышын сарнатқан сары белдей,

Жырың өлмей келеді,

әнің өлмей...

Шоқ қалғанда жылтырап әр ошақтан –

Бала шақтан сақталған жәдігердей.

Желді күні үй тігіл жар басына,
Толқын ізден тірліктің арнасына.
Қайран біздің әкелер

ақ таңменен –

Атын жегіп шығатын арбасына.

Сынық арба,

ку ағаш,

қандай заман,

Баян таппай күн кетті барды ойлаған.
Жарлыға да таяныш сен болғанда –
Арлы бала мен едім арба айдаған.

Сынық арба!

Сен бе едің бір ардағым,

Тұлкі-заман,

алдынан бұландағадың.

Өткенімнің көзіне құм шашатын,

Өркениет,

өзінді ұға алмадым.

Тыныпты өнір...

шайқалды тұнық көңіл,

Үкі тағам үзілер үмітке кіл.

Сынық айдың жүзінен сыз көреді –

Сынық арба қасында

сынық көңіл...

ЛЭЙЛА ҚЫЗ

Ақын деген – кейде бала,
кейде абыз,
Ғұмыры да кейде ертегі,
кейде аңыз.

Башқұрттардың азыратқан арманын –
Ақ Еділдің жағасында Ләйла қыз.

Жанарыңда бір қуаныш, бір қайғын,
Көңіліңнің көк толқынын тыңдаймын.
Шанағынан күй ұшырып қобыздың,
Сағағынан өуен үздің қурайдың.

Сен өн салдың...
сосын мен де шырқадым,
Тіршіліктің бірге көріп бір таңын.
Ақ Еділдің толқындары толғатып,
Жарықтары жарқырады Уфандың.

Төбемізден қалқып өтті құстай күн,
Құстай күнмен бірге неге үшпаймын?
Мен жырларын жатқа оқыдым Мағжанның,
Сен өлеңін өбектедің Мұстайдың.

Ләйла сұлу,
сендей қызды сүйген кім,
Шалқыдым да шабытты бір күйге ендім.
Армандарын арғымақтай ансаттың –
Сайфи Құдаш,
Мәжит Faфурилердің.

Атар таңнан Алашыма бақ сұрап,

Ақ Еділде арман қалды –

ак шырак.

– Башқұрт болған қандай бақыт! –

дедің сен,

– Қазақ болу, әрине, одан жақсырақ.

Екеумізге елеңдеді елік-қыр,

Елік қырдың мәлдір шығы еріп тұр.

Түбіміз бір,

кубіміз бір жұрт едік:

– Жұбымыз бір болса... – дегім келіп тұр...

* * *

Көзімнің тұңғиығында,
Көңілімнің бір қырында;
Арымның асыл көлінде,
Жанымның жасыл белінде –
Сен жүрсің...

Өлеңнің нәзирасындей,
Жаңаарқа жазирасындей;
Тағдырдың арман шыңындей,
Шалғынның тамған шығындей –
Мөлдірсің...

БЕГІМАЙДЫҢ ӘНІ

(Жұмабай Шаштайұлына)

...Оң қолыңда көгершін,
Сол қолыңда көгершін.
Қазақ бәйке, асықпа,
Әлеңіңмен өберсің...

Бегімайдың әнінен

Тұғанда оң жағымнан көңіл айым,
Сейілді жанды жеген жегі уайым.
Үзілтті,

үздіктірді қырғыз қызы,
Дүние-ай,
арманым көп,
не қылайын?!

Білмедім,
жырладың ба,
толғадың ба,
Батырдың қос ағанды сорға,
мұңға.
Бішкектің мамырдағы мамық түні:
«Көгершін оң қолымда,
сол қолымда...»

Үркітер жан емес ек құсты көлден,
Ақынмын алпақ-аппақ түсті көрген.

Бегімай –
бекзат ару өн салады
Бұрымын бес күн тарап, үш күн өрген.

Тірлікте қызыл-жасыл жолағы көп,
Бішкектің бір шалқыдық қонағы бол.
Жұмағам ұжымақта отырғандай –
Көгершін қай қолыма қонады деп.

Жыр етіп айтатында кейін ұл-қызы,
Қыргыздың көрдік ғажап пейілін біз.
Көңілдің көгершінің көкке ұшырып,
Сызылтты Бегімай қызы,

Бегімай!
Шырқа әнінді,
айт өлеңді,
Тайпалтып тау асайын айтебелді.
Ақкуын айдынымның аспандаттың,
Дарига-ай,
арманым көп,
кайтем енді?..

БАЯНТАУДАН ҚАЙТҚАНДА

Баянтауда қалғаны...

сол бір өлең,

Жасыбайдың көзіндегі мәлдіреген.

Бетегесі береке белді көрем,

Елді көрем,

көгілдір көлді көрем,

Баянтауда Баяндай сол бір өлең...

Бұл өлкенің ежелден құт әні бар,

Жанғың келсе

бар-дағы тұтанып ал...

Ұтылғаны...

әлі де ұтары бар

Мәшіүрі бар,

Олжасы,

Бұқары бар,

Сүйіндіктің сүйкімді бұтағы бар,

Жадыратар жанынды жұпары бар.

Тірлігімнің жұмағы – Баян бағы,

Желмая-жыр тұсында аялдады.

Жапырағымды жайқалтам...

жаям-дағы,

Орындалсын адамның қай арманы?!

Сайран күндер – сағыныш –

саяндағы.

Бағытыма Баянның бақтары алаң,
Жолаушыдай жолым бар
жоқ қараған.

Уақыт бізді құлышындақталаған.
Тұсына кеп толқимын,

тоқтап ағам...

Торығады,
тосады топ қараған.

Жарқыраса жұлдыз жыр,
сыргалы өлең,

Баурайыңа, Баянтау,
жылда келем.

Тұмасында тұнады тұнған әлем.
Тұсіме де енеді

толқын болып –

Баянаула,
жұлдыз жыр,
сыргалы өлең...

* * *

Жырлы көктем,
жеттің бе, нұрлы көктем,
Орамалың желбіреп гүл жібектен?!
Жылап ағып барады жылғаларда
Менің қайран жылдарым жылжып өткен.

Ауылда өскен бала едім тай үйреткен,
Құлынында тұлпарды тани кеткен.
Біздің ғұмыр тұрмайды ғанибеттен –
Жылжып кетті жылғаға фәни-көктем.

Фәни-көктем жылғаға жылжығалы –
Тұн жылады...
жанарым тұнжырады.
Сүргілт әні тірліктің сарнағанда –
Шыңғыртады уақыттың қыл бұрауы.

Тағдыры да тайқылау талайлардан,
Сұлу көрсө сұқтанып қарай қалған.
Періште мен адамның арасында –
Ақын да бір,
айнам-ай,
арайлыш арман...

Түнегі көп дүние-ай,
самалаң аз,
Көктем келді –
келеді далама жаз.
Сағым үшып барады көз үшінда –
Сағынышын сарнатқан сары ала қаз!..

НҰРЛАН МӘУКЕНҰЛЫМЕН ШЫҢҒЫСТАУҒА САПАР

Өрге қарай домалап тасымыз да,
Бақыт құсы қонғандай басымызға.
Шыңғыстауға,

Нұрлан дос,
сапар шектік,
Кенесбаев Талғат бар қасымызда.

Аспандағы ақша бұлт түйдектеліп,
Айдындардан қаз ұшты,
үйрек қонып.

Күн мен Айға төккен ек сәулемізді,
Жидебайға жетпеп ек жидек теріп.

Алағай ма бұл өмір,
бұлағай ма,
Зауза ма әлде,
есте жок,
құралай ма?..

Бір арнаға қосылдық жиылып кеп,
Сиынып кеп түрған соң ұлы Абайға.

Қара өлеңге қанатын қаққан ұлан,
Байтағының бақ іздер бақтарынан.
Сынық шанақ қобызды күніренттік
Карт Шыңғыстың қастерлі қатпарынан.

Бұлбұл кеуде бұла едік,
тоты қанат,
Көздің жасын бұладық отыра қап.
Зерендеңі теренді тулатқанбыз
Зиратынан Зеренің топырақ ап.

Басына бақ бұйырғыр,
қырына – гүл,
Ұлы мекен,
бізді де ұғына біл!
Өтті ғайып дүние, өң мен түстей,
Кеп тұрайық деп едік жылына бір.

Асар кезде көрікті көшің қырдан,
Торықтырған тоғайды...
тосын құрбан.
Айналайын бауырым, досым Нұрлан,
Сенің қазаң мені де шошындырған.

Қимаса да бұл тағдыр тәрін мейлі,
Қырқатыны несі екен өрімдейді?
Шыңғыстауға содан соң барғаным жоқ,
Кеңесбаев Талғат та көрінбейді.

Ашпайды енді бұл өмір өткенге есік,
Көктөбеде жүруші ек көктем кешіп.
Бізден гөрі сен, бәлки, бақыттысың –
Ұлы Абайдың ауылына кеткен көшіп.

ҰЛЫТАУҒА БАРДЫҢ БА?..

(Жұрсін Ерманға)

Ұлытауға бардың ба, Жүрсін ақын,
Биігіміз еді ғой бір шығатын.
Тұма таппай кезінде тұншығатын
Ұлытаудан ұлтым деп Күн шығатын,
Ауылдың ба, Жүрсін ақын?

Маң даラға маңғанда үйіріміз,
Қатар жортқан Бетпақтың киігіміз.
Жиынымыз тарқамай тұрған шақта
Бір шығатын – Ұлытау – биігіміз.

Жүргіңнен көшкенде өлең көші,
Сендей болар, білгенім, ел еркесі.
Қыс ішінде туылған Құлжанбайда
Қыс ішінде үлардың қөленкесі.

Ақын едік тербеткен ақпан әні,
Өлең бізді, білгенім, баққа орады.
Ұлытаудың ұлыған аш бөрісі,
Ұлытаудың ұлыған ак бораны...

Жаздар қалып артында, күздер қалып,
Бұл ғұмырда сен жүрген іздер қанық.
Алпысқа да алшаңдап бұрын жеттін,
Елсізінде елудің біздер қалып.

Жылағанда жаңында жыр ұлары,
Көз алдында көк аспан құбылады.
Сіздің ауыл іргесі,
біздің ауыл –
Оқ бол жауған орыстың зымыраны.

Нар бағасын білетін,
Ар бағасын,
Тағдырласым сен менің,
арналасым.
... Үлар құсқа не дейміз көрмегесін,
Үлытауға не дейміз бармағасын?

Өмір – жарыс біреуге,
елен – дүбір,
Тасыр тағдыр тыңдай ма,
керен ғұмыр.
Сарыарқаның сағымын сағынғанда
Көріп жүрсем жарайды төбенде бір.

Жұрсін ақын,
Жұрсін дос,
Жұрсін аға,
Жақын туған жанымда жырсың, аға.
Тағдырыңдан күткелі бір сыйбаға
Теренінде тұмалар тұншыға ма?

...Ұлар құсты көрдің бе, Жүрсін ақын,
Ұлытауға бардың ба, Жүрсін аға?..

СҮМБІЛЕ-ӨЛЕҢ

Безбен-уақыт!

Алдында жүгінер ем,
Тәтті-тәтті тұс көрдім түніменен:
Құлдырандал жүгірді қырдан асып
Қыл шылбырын сүйреткен құлын-өлең.

Күмбіріне кететін сыйып әркім,
Көңілімнің көнелеу күйі бар-тын.
Ескі тамыз естелік айтып жатты
Сүмбіледе сүттей бол ұйыған тұн.

Көңілінді көк белдің кеші арбайды,
Құшар бақыт жазулы
кешер қайғы.
Алақанға түссе де Айдың нұры
Жұлдыздардың жұмбағын шеше алмайды.

Мезі еткенде мезгілің ырың-жырын,
Не айтпақтын сендерге, күнім,
гүлім?..

...Дүниені тербетіп отырайын
Бүтін сөзін түгенденеп бүгінгінің.

ҚОШ БОЛ, АҒА!

(Ақселеу қазасын естігенде)

Асығыстау қоштасты да өмірмен,
Бір жұлдызым ағып түсті көгімнен.
...Қорқыт баба қобызы бол күніреніп,
Тәттімбеттің күйлері бол тәгілген.

Дараның да дарасы едің, ағасы,
Қамқа тонның жағасы едің, ағасы.
Қадір тұні қадірлісін ап кетіп –
Күніренді бар қазақтың баласы.

Тірілердің рухына тұғырсың,
Ертегідей есте қалар ғұмырсың.
Бар қазақты құшағына сыйғызып,
Ұлтым деген,
жұртым деген бір ұлсың.

Емендердей еңсе тіктер ірілер,
Еңсе тіктеп мәңгілікке тірілер.
Қазағыңа қазынанды қалдырыдың –
Шежіресін іздегенде жүгінер.

Үш қиянның өксігенде бұлағы,
Қараөткелдің кемігендей бір әні.
Жетісудың жеті өзені егіліп,
Жанаарқаның жазирасы жылады.

Қалам алып Бетпақ жонның шетінен,
Күңгір-күңгір күмбез ізден кетіп ең...
Абыз дала,

Аңыз дала перзенті –
Алдыңызды жарық қылсын,
өтінем...
Кош бол, аға!

АСПАННЫҢ АЙДЫН ТӨСІН БҮРЫН ЕМГЕН...

Сауырында Сарыарқаның жырын өрген,
Корқыттың қобызындай күніренген.
Алаштың арлы ақыны Серік едің
Аспанның айдын төсін бұрын емген.

Шарқ үрған шайыр болсаң көкте құсы,
Өмірдің өкінішті өтпелісі...
Ұлыдың ұлы көштің сарынымен –
Қазақтың өлеңінің көкбөрісі.

Қырынан Қызыларай еріп келіп,
Косылдың ағыстарға көрік беріп.
Баласы Ақсұңқардың ақ дүниеде –
Жыр-Серік,

Ақын Серік,
Серік, Серік...

Тұл күнде –
тұлпар – тулақ, тұғыр өліп,
Сен шықтың Ақсораңнан күніреніп.
Басыңа Рух келіп түнегендей –
Қасымның жазылмаған жыры болып.

Тайпалған қара жолда қаракерсін,
Дұлдұлдер дүбір тілер саған ерсін!
«Қарқаралы басында жалғыз арша...» –
Сарыарқада сарнаған дара өлеңсін.

Тамырда қан туласа
текті,
тұнық,
Кезі енді от шайнайтын,
шоқ түкіріп.

Алашын бауырына алып самғайды әлі
Баласы Ақсұнқардың көкті тіліп!..

КӨЛГЕ КЕТИП ҚАЛЫП ЕМ...

(Талаптанның қазасына)

Беу, Талаптан!

Кайран дос,
қайран бауыр,

Сырғып кетті сенен де айман-дәуір.

Әміріңің елесі – жанарымда,

Көнілімнің кемесі қайранда жүр...

Беу, Талаптан!

Кайран дос,
қайран бауыр.

Беу, Талаптан!

Алтайдың арлы ұлысың,
Жаратқанның қашанда жарлығы шын.
Аялайтын жыршы едің таңды құсың.
Біздің жетім толқынның
тарғыл түсті –
Тарбағатай секілді тағдырысың...

Тұнық көлім кеткендей лайланып,
Сен шықпайсың алдыннан шырайланып.
Құс қанаты қайырылса
құлайды анық...

Қабіріңің басында қара бұлттар –
Қара шәлі жамылып жүр айналып...

Бей, Талаптан!

Артында іздер қанша?!

Күренінді баптар ең күз болғанша.

Сені ойлаған қу жүрек сыздар қанша?!

Нұрлан, Қайрат достармен құшақтасып –

Бірге жүре тұрарсың біз барғанша...

Қара орманың – соңында

жұртың қалды,

Бұл жалғанда жамар кім жыртылғанды?

Есігінде ілулі құлпың қалды.

Жазушылар одағы аталатын –

Қасиетті ордада рухың қалды.

...Өсер деген көнілім,

өшіп қайттың,

Қара сүян қайғының кешіп қайттың.

(Дұшпан түгіл, бұл хабар дос үқпайтын...)

...Көлге кетіп қалып ем,

сол көліңе

Көлдей болған көз жасым қосып қайттым.

Бей, Талаптан!

ТҮРІКМЕННИҢ ТӨРІНДЕ

САПАР САЗЫ

(Академик Анағұрбан Әшіровке)

Көңілдегі түндігі ашық түрікмен,
Өмірдегі мұндығы ғашық – түрікмен.
Дутар сазы жырға ұласып жарқырадар,
Айдың нұры күнге ұласып, түрікмен.

Иманы – нұр,
Сабыры – ұлы,
Салты – ұлы,
Жанарында найзағайдың жарқылы.
Шырағданын жағып қойған секілді
Оғыз ханның орда тіккен алты ұлы.

Зеренінде буырқанып, бұрқанып,
Тереңінде рух өні шырқалып.
Нұқ пайғамбар заманынан бастау ап –
Күн нұрынан жаратылған бұл халық.

Ақша мандай Ар өсірген түрікмен,
Ақ самалдай жаны есілген түрікмен.
Сахараның түйелерін шұбыртып,
Құм ішіне бақ өсірген түрікмен.

Ұлы еліңе сенім – көктен...
түрікмен,
Кілеміне зерін тәккен түрікмен.
Тілегіме тілек қосып аялап,
Жүргегіме орын тепкен түрікмен.

Оғыз өзен – көз салғанға – көк кемер,
Көк толқыны көкірегіме от берер.
Ағойлыдай аңқылдаған ақынның
Көсегесін көгереттін көктем ел.

Өлеңіме өмір берген түрікмен,
Өреніне көңіл бөлген түрікмен.
Оғызнама
Рухнама боп жаңғырып,
Төрін бермес төрін берген түрікмен.

АШГАБАТТА...

Ашғабатта,
Жүргеніңді сездірмей басқа жақта,
Қарайтұғын жұрт көрдім қас-қабаққа.

Сөз алатын...
Аламанда кезім бұл оза алатын.
– Өлең, – деді, – өлеңің, – Гөзәл ақын.

Қала қандай,
Жігіттері кәтепті қара нардай;
Үмітті елі жолына қарағандай...

Бір түйіліп...
Айбынымен Ай астын шырқ үйіріп,
Ат жалында Оғыз хан рухы биік.

Жарқылына,
Баққа қорған елінің салты мына,
Атқа қонған Оғыздың алты ұлы да.

Таңғалса мың...
Героғылы аңсаған арман-сағым,
Кобызынан Корқыттың қалған сарын...

Ашғабатта,
Тұлпар сыйлар ел барда хас талапқа,
Барғың келмей қалады басқа баққа.

Ашғабатта...

КӨНЕ УРГЕНИШ

Қалқып ұшса төбеннен құс,
Дүние – жалған,
 Өлең – кениш.

Оғыздарға орман болған –
Көне Ургеніш, Көне Ургеніш.

Ақ найзаның ұшындағы
Оғыз, түрік, мұсылманы...
Көне Ургеніш – көне тарих –
Ил-Арслан тұсындағы.

Қантар ма екен,
 ақпан ба екен,
Баста тұрап бақ бар ма екен?..
Солтаншасы,
 Текештері –
Рух отын жаққан мекен.

Корқыт ата күйі,
 өлмедің,
Маңдайыңнан сүйер ме едім?!
Көне Ургеніш – көне күннен –
Қалып кеткен кием менің.

Айым туды бүгін, аға,
Маңдай тіреп құбылаға.
Зияратым қабыл болар –
Нежмедин Құбыраға.

Көкжиекте сағым ескен,
Аққуларға әні ілескен.
Көне Үргеніш – шамдай шаһар –
Фасырлардан жанып-өшкен.

Сапар басы –
көңілдегі іс,
Өркеніне –
өмірге өріс.
Оғыланың орман болғыр –
Көне Үргеніш,
Көне Үргеніш...

БҰЛБҰЛ

**(Түрікменнің ұлы ақыны
Нұрмұхамед Әндіәліптің 350 жылдық
тойында оқылған өлең)**

Жазираңда жалғандықтар үріккен,
Нәзираңда көз жасым бар іріккен...
Әндіәліптің қазақшасы – бұлбұл құс,
Бұтағына қонақтайын, түрікмен!

Оғыз-қыпшақ заманында,
ілкіден...

Шығысымда шырай төккен бір Күн ең...
Армысындар, ай сынығы секілді,
Бармысындар, түбіміз бір түрікмен!

Ләйлі – Мәжнүн...
жанарында еріп нұр...

Өлкеңізде ашқан кезде өрік гүл,
Мақтымқұлы мұнын ішкен кеселеп
Ұлы Абайдың ұрпақтары келіп тұр!

Текежәуміт демесендер айыбы,
Арғымақтың бос болмайды айылы.
Саған келдік, Нұрмұхамед Әндіәліп –
Махаббаттың, шапағаттың шайыры!

Бұлбұлдары бақта сайрап жыр едін,
Жырдың балын тата алмасам
жүдедім...

Зылихаға ынтық болған Жұсіптей
Ата қазақ ұсынады жүрегін.

Фұмырыңды Ай ғып кетсем деп келдім,
Құлныныңды тай ғып кетсем деп келдім,
Көнілінді жай ғып кетсем деп келдім.
Махабаттың жыры туған өлкеден –
Ләйліні іздең ләйліп кетсем деп келдім.

Қызыл-жасыл дүниеге таңданып,
Керуеніңе керуеніміз жалғанып.
Махабаттың мәңгілігі шын болса,
Сен де мәңгі, Нұрмұхамед Әндіәліп!

ГҮЛРАЙХАН

Ташауызда талшыбықтай Гүлрайхан,
Жан сырымды, сізге айтпаған,
кімге айтам?..

Теренінде тербететін текті қыз,
Жанарыма жарық сыйлап кеттіңіз.

Ізгіліктің ізіндейсін, Гүлрайхан,
Үзілесің...
үзілмейсін, Гүлрайхан.

Сені көрген бағым ерен, Гүлрайхан,
Ташауызға тағы келем, Гүлрайхан!

Көңілі аппак,
дидары аппак,
тісі аппак,
Түрікменнің болашағын құшақтап...

Талшыбықтай ыргаласың, Гүлрайхан,
Бағы ашылғыр бір баласың, Гүлрайхан!

Көйлегінді кестелеген қай шебер,
Қабақ шытсан жұлдыз ағып,
Ай сөнер...

Ақ жүзінен арай көрдім, Гүлрайхан,
Топ ішінен қалай көрдім, Гүлрайхан?..

Уылжыдың,
ұлбіредің, Гүлрайхан,
Жетер енді,
бұлдіремін... Гүлрайхан!

Сені көрген бағым ерен, Гүлрайхан,
Ташауызға тағы келем, Гүлрайхан!...

ҚҰМДАҒЫ СЕКСЕУІЛДЕР

Тамбай кетсе жаңбыр жасы,
Құла дүзде мұң кешкен.
Тұрімменнің тағдырласы –
Сексеуілдер құмда өскен.

Қаталайды...
білдірмейді
Кепсе-дағы ындыны.
Шөл ішінде нұр гүлдейді,
Гүл шықпайды – сұмдығы.

Тіршіліктің ауырына
Қосады құм дауылын.
Бетпақ шөлдің бауырына
Жабыстырып бауырын.

Сексеуілдер
өсіп-өніп,
Арайлап таң атады.
Фасырлардың көші келіп,
Көзайым боп жатады.

...Жылқышының ұлы едім мен,
Шөлде қалған жалын жас.
Жанымменен,
жүрегіммен
Сексеуілмен тамырлас.

Әулиелі дара ағаш па,
Қалып кеткен бұрыннан?
Қасиетті қара қоста
Отына сан жылышам.

Сіреседі жалғыз өзі,
Алдырмайды азапқа.
Сексеуілдің бар мінезі –
Түрікмен мен қазақта.

Ұқпас ұқпас күйін, мейлі,
Тағдырдың мәрт сынағы.
Сексеуілдер иілмейді,
Сексеуіл шарт сынады...

МАҚТЫМҚҰЛЫ МАҚАМЫ

...Дос келетін болса достың қасына,
Тебіренеді топырагы, тасы да.

Жүрт жиналса бір дастархан басына
Бағы жанып, тасар нұры түрікменнің.

Мактымқұлы

...Өмірімді өрнектедім өлеңмен,
Үр көңілім Үргеніштей көнерген.
Аққу-қаздар қалқып ұшты төбемнен –
Бағы жанып, тасар нұры түрікменнің.

Көкке қарап ұлығанда көкбөрі,
Көлді айналар көңілінің кептері.
Копетағтың тауларындай текті елі –
Бағы жанып, тасар нұры түрікменнің.

Жырлап берсе түрікменнің кілемі,
Мәңгіліктің мәуелейді гүл өңі.
Дүниенің қызыл-жасыл рені –
Бағы жанып, тасар нұры түрікменнің.

Аламаннан ақалтеке тосатын,
Дүбір шықса дүлдүл сайлап қосатын.
Оздыратын өз атынан дос атын –
Бағы жанып, тасар нұры түрікменнің...

ТҮРІКМЕНБАШЫ ӘУЕЖАЙЫ

(Қоштасу жыры)

Желмаядай желетін желге қарай,
Алып лайнер әкетер елге қарай.
Жолдарымнан жарық боп жалқын шашар
Орманынан оғыздың ерген арай.

Шабыт құсы қонғандай, сірә, маған,
«Қош бол...» айтып кете алман бұл арадан.
«Оразгүл...» – деп ой кешті Жанар інім,
Күбірледі: «Гүлшат...» – деп Жұман ағам.

Ақ сайранын сайлаған Ата күндер,
Алтын қанат нұрыңың шапағын бер!..
Тәтті-тәтті түс көрдім түрікменде –
Мақтымқұлы ақынның мақамын бер!

Анық елсің арманы Ай таңбадай,
Көңілімнің құстарын қайтармағай!
Бес мың жылдық тарихын түрікменнің
Бес-он күнде айғақтап айтам қалай?..

Тірлігіне туыстың ғажап қалып,
Елге қайтып барамыз қазақтанып.
Күздің жарық кездерін кие түтқан –
Біздің халық – сезгенім – аз-ақ халық.

Көкөрімнің көңілі – гүл-кілем расы,
Сұлуының көзінде іркіген жасы.
Ошақтың үш бұтындағы үш бауырын
Әуежайдан самғатты Гүрікменбашы...



ГИЙОМ АПОЛЛИНЕРДЕН АУДАРМАЛАР

КҮН СҰЛУЫ

Ашыламын алдында – тірі адаммын,
өмірің мен өлімің сынаған мың.

Махаббаттан,

азаптан,

қуаныштан –

алынбаған азын біл, сыбағамның,
мұң мұнартып басынан мұнарамның,
шыбық емес, қолыма

шырақ алдым.

Аз кезбедім әлемді...

сынақ алдын,

тіршіліктің тілін де сұрап алдым.

Дүниені кезіппін,

қаңғырыппын,

Майданында майыспай мәңгіліктің.

Жаудың бұздым сарбаз боп тас қамалын,
жат қолына досымды тастамадым.

Әнді күттім,

арайлы танды күттім,

артын күттім армандай жарлы үміттің.

Тағдыр жазбай талайға жібек күнін,
мұң шаққанмен алдында жүдеп бүгін,

Тұргенімді түсініп түнекті мың,
арасынан іздерсің жүректінің –
Құлып бола алмадым құтырғанға,
біздің ғұмыр толып түр шытырманға.
Дос емеспіз сізге енді,

дұшпан да емес,
қасында мыз жанынды құшқанда елес.
Тылсымдардың тылсымын зерделеген,
алға асыққан уақытты кері қарай
қайтара алар құдірет – мендегі өлең!
Татитұғын тағдыры ардақтарға,
шапағат бер саптағы солдаттарға!
Кезіміз жоқ үрлаған несібенді,
күнәміз бен кінәні кешір енді...

Табылсаң да сен енді қасымыздан,
арай саулап тұрса да шашыныздан,
маған деген жүрегің
мұз құрсанып
қалсын мейлі,
оянбас біздің шабыт.
Раушан гүл боп тербей бер құт-ұямды,
сен бәрібір таппайсың құпиямды.

Сен күл, енді...
Жарасар мазақтасан,
мазақтасан,
жанымды азаптасан.
Кетем, айнам, алдыңда ашыла алмай,
ашыла алмай,
барымды жасыра алмай...
Аяңдар мені!

АННИ

Техаста,

сол жағалаудың бойында,
Гальвестонға баар жолдың түбінде
гүл көмкерген сол бір аула ойымда,
гүлге оранған сол бір вилла бүгінде
сыр ашады інірде.

Сол маңайға мен де талай бұрылғам,
гүлдеріммен тербелетін айнала.
Бір жас сұлу бақ ішінде қыдырған
қарайтұғын жай ғана.

Оған қарап көңіл талай бұзылды,
ауласының ашпаса да ілгегін.
Киімімнің қос түймесі үзілді,
неге екенін...

білмедім.

Мирабоның көпірінің астында
 Сена көзден ғайып бол,
 Махаббатым бірге кетті толқынмен,
 Қарсы тұрмас менің жаным тасқынға.
 Ақында да айып көп
 Мұң сапырған сол түннен.

Қара түннің ұрлап іштім тұнығын,
 Бір күн өтті, жалғасады ғұмырым.

Мирабомен бір болатын жанымыз,
 Толқындары толқыған
 Талай-талай тербететін ол мені.
 Сағынышым – сары күз,
 Өкініштің орнын қалай толтырам,
 Елес қана емдеді...

Қара түннің ұрлап іштім тұнығын,
 Бір күн өтті, жалғасады ғұмырым.

Ақ махаббат тырнап кетті жараны,
 өткен өтті десек те.
 Өзегіне өрт түскендер жүр азып,
 өзендер мен жылдар бірге ағады.
 Өмірінді – шешуі жоқ есеп де,
 үмітінді үрле тағы құлазып.

Қара түннің ұрлап іштім тұнығын,
 Бір күн өтті, жалғасады ғұмырым.
 Құн өткен соң апта да аппақ көбіктей,
 Ериді де кетеді.

Ақ махабbat ақ самал боп ескенде –
қайран fұмыр еліктей,
Мирабоның көпірінің астымен
Сена болып көз алдыңнан өтеді –
Бастан дәурен көшкенде.

Қара түннің ұрлап іштім тұнығын,
Бір күн өтті, жалғасады fұмырым.

* * *

Жиі есіме түсесін,
Бекзада болмысыңмен, күн сүйген
дидарыңмен

Шаңырағым босаған
Шұғыланың шуағы құлағалы теңізге,
Сені де қинадым мен,
Толқын боп қоса ағам;
Мені ізде!

Тұңғиықтан қайық көрсөң
Сүйеді деп айтарсың.
Бұлттарды аспан шайып берсе
Байқарсың.

Көбік шашса жағалауда долы
толқын сәтте бір,
долы толқын болғанымен,
долы толқын – ақкөңіл.

Өзімін де сен оған да мендік таза
алмастың,

Жағажайда мың құмқайрак,
Жарқырайды күнде ойнап,
Сен қайтесің мұнды ойлап...

Мың құмқайрак арасында өзіммін де
бір қайрак.

Сен оған айт, дүниедегі асыл
тастың әрінен
өзім сұлу бәрінен,
Сүйеді де жанымен.

Почтальонды көрген кезде сырынды аш,
Түсінбесе ол да саған бұрылmas,

хат-хабарды күтеді де
бір тынбай,
дерексіз күн – көшкен елдің жұртындаі,
Сымсыз телеграфтан
сөз тарауға асыққаны секілді,
сезімдерім асығады өзіне,
болмысына,
бітіміне,
көзіне
дүниенің ең соңғы ғашықтары секілді.
Жаралы адам жолығар,
Жүргімді сен менің жараладың...
Сол үғар.
Сергей сергек сезімдерім,
Көзінде едім, өзінде едім,
Сезімдерім,
соры бар...

* * *

Жаздың жылы бір кешінде
Жүрген сол сәт күнде есімде.
Көлеңкелер көлбең қақты
Көлдің көлбеу іргесінде.

Көлде аққулар жұзген еді,
Жаз өтеді,
Күз келеді.
Өлді бір күн,
Көлеңкенің –
Кім болды еken іздегені?..

РЕЙН ТҮНІ

Бокалымда толған шарап
алау болып дірлдеп...
Қас қағымда талмаусырап
балықшы айтқан нұр әуен.
Қыздар жайлы ән;
түніменен жағалауда күбірлеп,
Жасыл шашын кептіреді –
тылсым тұнған бір әлем.

Айналайын, айналындар бірге
салар сазыма,
Балықшының шырқағанын
естімесін құлағым.
Көзім жеткен жер бетінде
періштелер азына,
Қолынды бер, бұрымынды...
Салалайын, шырағым.

О, Рейн, массын қандай?!

О, Рейн, Рейн –
Алтын түннің айналары секілді;
Жаңғырықтың жайдақ әні секілді.
О, Рейн,
бастиарымыз айналғанға күлейін.

Жарылышынан сол күлкінің
бокалым да күл болды...

* * *

Бұйра толқын қойынында аунап тұн,
Жағалауды өбектейді, өбеді.
Не айтады өткенінен, ардақтым,
Дүниенің дүр, дүрбелен дерегі?..

Жұпар шашқан кезінде мен гүл көрдім,
Хош иісі алып кеткен алапты.
Тасасында қалады ол бір белдің,
Көлбен қағып көрінбейді қанатты.

Төгілер сәт уақыттың бұрымы,
Гүлдерімен,
Арбауымен,

Арымен.

Раушанды өпкен бүрқақтардың тұнығы
Әуен қосар тіршіліктің әнімен.

ВАСИЛЕК

Жиырма жасар бозбала,
Балдәуренің жайлы өңгіме қозғама,
Құбыжық боп көрінеді ол саған,
Кеудесіне сүмдық толған сонша адам.

Сен

ажалдың

көзін көрдің

жүз қанша,

өмір

өмір

болмайды

екен

сызданса.

Ей, бозбала, байқарсың,
Тағдырынды кейінгіге айтарсың.

Жиырма жасар бозбала,
Жадыңа қан себіліпті, құлме сен,
Жаныңа қан егіліпті, құлме сен.
Мәйіттерден өмір үрлап қалмасаң
Куаныштың бағасын да білмес ең,
Саған қарап мұн кешем.
Кешкі сағат 17-ден ауыпты,
Менен кем деп

ойламассың өткендер.

Өткен-кеткен...

көгермеген көктемдер,

Ажал жетсе өлім болмас қауіпті,
Нәр аялап сендік нәзік сананы,
Есте қалмас күндер баяу ағады.

ПАРАЛЛЕЛЬДЕР

Қару үні тұн баласын
шаужайға алып шалғайдан,
жүрек сыздап
мұнданасың,
жанғырықты жалғайды ән.

Күзетшілер ыскырады,
тұтқынды айдал тұраққа.
Аспан асты ышқынады,
мақта тығам құлаққа.

Франция кешіндегі,
гүлге оранған жастығы,
Естелігім есімде еді,
шешем бастан касканы.

Еркелесен,
сен еркеле,
ақ жауынды аспаным.
Жағалауда,
көлеңкеде
толқындейды шаштарың.

Жаз өтеді,
күз келеді,
сабағынан дән үзіп.
Ей, жас ару,
ізде мені
көздің жасын ағызып.

Махаббат та
жаратылған
азаптар мен арайдан,
сенің, қалқам,
дара тұлғаң
жанға жарық талайдан.

Естелігім гүл секілді,
қара шашты Мадлена!
Шығысымда нұр секілді,
сыр секілді,
жыр секілді,
өзің қандай, Мадлена,
көзің қандай Мадлена,
Мадлена, Мадлена!

СЫҒАН ҚЫЗЫ

I

Сыған қызы, болашақты болжадың,
Тіршіліктің түйіні мен түнегін.
Тарамыстай тарам-тарам жол барын,
Әр үміттің алдымызда жүрерін.

Ақ махабbat – аюдан да ауыр мұн,
Буындары ыргалмайтын ыргаққа.
Көгілдір құс, мен өзіңмен бауырмын,
Қанатсыздар қалбандайды бұл жақта.

Маңдайыңа жазылғаны болады,
Үміттің де үзіледі дерегі.
Алақанға аппақ нұрлар қонады,
Сыған қыздың жорамалы келеді.

II

Бәрін білді: аяғын да, басын да,
Бас айналар бал түндердің тылсымын.
Сыған қызбен сыр айттыстық расында,
Аялады арман күндер гүл-шырын.

Ақ махабbat аюдайын ауырлап,
Ыргалғаны батырады сан ойға.
Көгілдір құс ұшады жер бауырлап,
Қанатынан қан сауласа оңай ма?

Ертелі-кеш елегзітер елесі,
Жолдың шаңы, махабbat пен арманың.
Сыған қызы кезіккенде келесі
Ғұмырыңың айтып берер қалғанын.

АЛТЫН ТҮС

Терезенің әйнегінен өмірің
Күн сөулесін тұр құйып.
Тәтті үйқыда,
сәл дірілдеп ерінің,
тұс көресің тұнғиық.
Қандай ыстық, жарқын тұс
Ойларға орап ояуды
Сенің тұсің – алтын тұс,
Сенің тұсің аяулы.

Мен де көрем түсімде,
Қол ұстасып өзіңмен
Махаббаттың аралының ішінде
Нұр ішемін көзіңен.
Күн,
Тұн ғажап болмаса егер мұздар ма ем,
Уақыттың таба да алмай бір емін,
Мысық ұстап,
Қолаң шашты қыздармен
Алма теріп жүремін.

Діріл қаққан ерініңен, деміңнен
бөлмеге нұр құйылады ақ таңда.
Көмейінен ғажап өуен төгілген
әнші құстар – бақтарда.



ПАРИЖГЕ САПАР

Құдайым менің!
Сәттілік қандай:
Өлексе өлкеден кетем мен.
Парижге барам,
Фажайып Париж,
Іздендер мені шет елден.
Парижге барам,
Фажайып Париж
Арлы Амур құрған негізін.
Көңілде ән-күй,
Парижде, бәлки,
Елесін көрген егізім...
Парижге барам.



Екінді
ауып барады...



АЙ СЫНЫФЫ

Кара шашын жайғанда қара тұндер
Киялымға құстардың қанатын бер!
Ақ таңдардың койнына мұнды ұзатқам,
Тұнгі аспанның көгінен Жұлдыз ақсан.
Аққан Жұлдыз,
Арналы арман арда,
Сағыныштың самалы сарнағанда –
Ендіктер мен бойлықтар – бәрі көрген,
Біз сиынар жүректе тәнір өлген.
Шемен күйін шертеді шерлі кісі.
Елеусіздеу елестей ендігісі...
Көгершіндегі көктемде дүркіреген,
Сенімдердің сертісің, шіркін Өлең!
Араласса жанымның мұңға жасы,
Тұнектерді түремін тұн баласы.
Қызықтарым қыр асса, Қайғым – жетім,
Аймалайды Аймандар Айдың бетін.
Кара тұсті ақ түске көшіргелі
Тіршіліктің тартады көші ілгері.
Жұлдыз санаң жататын тұңліктен
Балалықтың бал шырын күні біткен.
Елес қана қоршаса есіл ерді,
Ерке кезді жыр етем несіне енді?..
Қанатын бер құстардың бұл ақынға,
Шабыт барда кезіксін сұрапылға.
Кара жердің бетінде қосым қалып,
Ақ өліммен өлейін сосын барып.

Жыр толқытқан көңілім назды айтады,
Карашада қаңқылдап қаз қайтады.
Қара түннің қайыстай қайшылығы –
Айдын көлдің бетінде Ай сынығы...

САРЫАРҚА. «ПРОТОН» ҚҰЛАҒАН ЖЫЛ

Еспейді самал таңменен,
Шалдыққан шартарабымда.
...Жазира Жанаарқамменен
Қара орман Қарқаралымда.

Мұн емес –
мұқалмас қайғы,
Фасырлар қауіпті өткелі.
Жусаны жұпар шашпайды
Ақбекен ауып кеткелі.

Келгендей Арқаға құрдым,
Тажалға лағынет мейлі –
Жанаарқа,
Карқаралының
Базарда малы да өтпейді.

Кигенде алаңсыз кепті,
Қартым-ай,
ретің сынар:
«Гептилді залалсыз депті,
Өкімет білетін шығар...»

Қайтейін, асығыс бәрі,
Жөн еді қашық үшқаны.
Ресейдің құламаса еken
Зымыран тасығыштары».

Арқам-ай,
арқаға батты,
Ауыл тұр шайқала...
жүдеп.
Құрдасым тартады арақты:
– Уды у қайтарады, – деп...

ҚЫТАЙДАН КЕЛГЕН КИІЗ ҮЙ

– Жаратқан Алла-ау, Қытайы неси?
Киіз үй кепті Қытайдан.
– Улкендеу ел ғой ұпай-ұлесі...
Санамда менің жұт,
оіран.

Сауал тастайды кенеттен көкем,
Жанымды жегі кемірген.

– Туырлықтары кенептен екен,
Керегелері темірден...


– Заманның бұл бір сұмдығы ма екен,
Көзіміз талай көрген ғой...
– Шаңырағының тұндігі бөтен,
Кіндігі бөтен елден ғой.

Киіzsіз киіз үй көріп тұрмыз,
Уақыттың өкпек
сұығы.

Көршіден өнер үйреніп тұрмыз –
Желбауы басқа...
уығы.

Көңілім кейде өсіп,
толатын –
Даланы кезсем
жаны әсем.

Жайлауы тозса көшіп қонатын –
Жылқылы ауылдың баласы ем.



Жыр ма екен жылап жырақта қалған,
Көнілдің көктем күйі ме?
Бұлдырық көрген,
бұлакқа барған,
Бұлдыр да бұлдыр дүние...

ТҮС

Ай астынан Ай көрдім,
Күн астынан Күн көрдім.
Қараөзекке қайғы өрдім,
Шың басынан шың көрдім.

Құс дейтұғын құс емес,
Тұс дейтұғын тұс емес.
Сырты да елес,
іші елес...
Көктем емес, қыс емес.

Өлеңімнің өрнегі-ай,
Өмірімді өргенмін.
Ай астынан көрген Ай,
Күн астынан көрген Күн...

АММАНДАФЫ АДАЙЛАР (Салық Қазакқа)

I

Тірлігінің мән іздең астарынан,
Тербейтіндей тереңін басқа бір өн.
Ей, қағынан безінген қасқа құлан,
Алтап іштік Амманның аспанынан.

Ата жұртта аңсары,
алаңдары,
Арман айтты аңырап маған бәрі...
Қос үй қазақ қос тіккен Аммандағы
Қос қараашық секілді жанардағы.

Тамылжытып тандарын тамыз майда,
Ақтарылған ақ түндер аңыздай ма,
Көздің жасын көлдетіп ағызбай ма?
Ойыл қайда,
Жем қайда,
Сағыз қайда?..

Сенде де ерік жок, бауыр,
менде де ерік,
Теңдесспеспін теңінді теңге беріп.
Күндерімнің көшіне келгем еріп,
Дөңгелек жер бетімен дөңгеленіп...

Үмітінді үйірсе талай құйын,
Қазақ болып туғанға қалай қиын?!
Шуакқа үйің шомылышп, арайға – үйің,
Айдын кешіп, айға ұштық
унтаспадан
Айгүл шерткен аялап «Адай» күйін.

...Елге қайтам,
Ел – Анам, кием – Дала,
Иордания!
Қиян шет, иен дала,
Жар болады Жаратқан Иең ғана.
Алты қазақ Амманда жылап қалды:
– Хабар алышп тұршы, – деп, – жиен бала...

Тағдырымның бар шығар шын білгені,
Жырақтарда жылдытты жырдың лебі.
Аммандағы Адайлар,
Үріндегі
Жиі есіме түседі бұл күндері,
Іздеп келсе тойлар ем, шіркін, мені!..

II

Алыстан тапқан ардағым едің,
Арлы әнім едің, арналым.
Сыбызығы болып сарнадың, елім,
Көбіз да болып зарладың.

Қайтарам қалай қалқып азабын,
Халінді сұрап халқым аз.
Амманда қалған алты қазағым,
Әуелеп үшқан алты қаз...

III

Үрледім тұнық көлінді,
Білмедің...
бәлки, білдіндер.
Үркітпес үміттерінді
Үрдінде көрген үр күндер.

Күймемді сонда күйреткен,
Жаратқан, саған
жарты наз.
Үрдінде жүзген үйрек пен
Әуелеп үшқан алты қаз.

Торығып,
толқып,
тоңар ма?..
Сағымнан жүрмін саз илеп.
Сағыз бен Жемге қонар ма,
Үрдіннен үшқан қаз-үйрек?!.

ЖАҢҒЫРЫҚ

*Жартасқа бардым,
Күнде айқай салдым,
Одан да шықты жаңғырық...*

Абай

Дауысым шықты жаңғырып,
Жан-жағым толған жаңғырық.
Сізден соң өмір-өлеңге
Біз қайдан келдік қаңғырып?
Адасқан күшік секілді
Ойларым жұртта қалды ұлып.
Тұлпар түяғы кетілді
Алашқа тілеп Арлылық.
Ей, Шыңғыстаудың баласы,
Запыран құстым зар қылып,
Қазақтың қайран даласы –
Жаңғырықтардан мәңгіріп,
Есімнен кетті тандырып...

Беу, елімнің ерен Абайы,
Теңіздей терең Абайы,
Ататын таңның арайы,
Шұғылаға тұнған маңайы.
Санама мені пендеге,
Өзінді көрем түсімде.
Жартасқа бардың сен неге,
Жаңғырық естү үшін бе?..

Кара көңілдің жарығы ең,
Халқымды бастар мәңгілік.
– Абай! – деп айқай салып ем:
– Абайла! – деді жаңғырық.

Аймалап өстік Күн-Айды,
Көкейде көктеп көп өлең.
Жаңғырық шықса жылайды –
Абыралы, Мыржық, Дегелен...
Жаңғырық естіп құрсақтан,
Ұрпақ бол тудық күнәлі.
Абайдың өзі мұң шаққан –
Меніреу жартас тұр әлі.
Жаңғырды бүгін тау іші,
Жанымда менің жанды үміт.
Рухымның өлмес дауысы –
Шыңғыстан шыққан жаңғырық...

АСТАНАДА. АҚПАНДА...

Астана жүртүн айналған...

Махамбет

Ақын жоқ Қараөткелде менен асқан.

Faziz

Белім шықпай жатқанда бесікте мен,
Керуен соққан кездерден көшіпті өлең.
Астанада,

ақпанда,

ақ боранда

Аппақ-аппақ түстерді кешіп келем.

Ақпан әні,

Астана,

көшең де кең,

Ақ бораны – аппақ нұр десем бе екен?

Ел қондырган Есілдің жағасына

Есіл де есіл,

есіл жұрт есен бе екен?

Барысқа да ұмтылар бақанды алып,

Қазақ деген – нар халық,

атан халық.

Ұтылмаса жарады,

жұтылмаса –

Жалмауыздың аузында жаһанданып.

Тиер жерге мың тиіп мына мандай,
Сыңар арман сыңсиды сыналанбай.
Құйқылжытқым келіп түр қыстың әнін,
Құстың әнін жырлаған Тұмағамдай.

Үмітіңің үрлетіп үр шырайын,
Нұр сұрайын саған кеп, жыршы қайың.
Айтулы ағам Айтұлы секілденіп
Бәйтеректің басына бір шығайын.

Айдындардай жағада кеме қашқан,
Ортаймайын...

көлімде – көне дастан.

Қара өлеңнің қазанын қайнатайын,
«Қараөткелде ақын жоқ менен асқан».

Қара өлеңнің қазаны қайнағасын,
Астананың әз жұртын айналасын.
Ақпан киіп кірер ем Ақордаға,
Онда мені күтеді қай нағашым?..

Косын конғым келелі...

косұдай жыр,
Тоңған шығар жолымды тосып АЙ-НҰР
Астанада,
ақпанда,
ақ боранда,
Өлеңдетіп қояйын осылай бір...

БАЯНАУЛА. ТҮНГІ ТІЛЕК

Жасыбайда,
Көлдің беті жайнаған жасыл айна.
Жұпар шаштым жұптасып
жұлдыздармен,
Фазал оқып ғаламат ғашық Айға.

Саған келем сарғайсам саялауға,
Саялауға,
арымды аялауға.
– Баяны жоқ тірліктен баян тауып
Кел, – дейді Баянаула.

Баяным-ай!
Қос бүйірін көгінде таянып Ай,
Бұлт көше ме басыңнан баяғыдай?..
Бұлт кетпесе басыңнан баяғыдай,
Бізді де ая, Құдай!..

ҚАРА НӨСЕР. ҚАРАША

Тегене-көктің тесілді түбі,
Қап-қара нөсер құйылды.
Есілдің сонда есілді күні
Қараша айында биылғы.

Көңілім, көкпен жарасасың ба,
Тағдырым едің,
 Тан,
 Арай...

Қарайлайтындей қарашасына
Қарашадағы қарағай.

Жүректі түртіп ояты-ау мұым,
Жабыға қалған жайым бар.
Сан ағаштардан саяқтау бүгін
Жалаңаштанған қайындар.

Керім кезімнен келемін қайтып,
Қүзеуге көшкен жұрт едік.
Әліара шақтың өлеңін айтып,
Қап-қара нөсер түр төгіп.

Төбеңнен нұр боп төгілген үнім,
Ей, аргымақ ердің баласы!
Әмір де бүгін,
 көңіл де бүгін –
Қыс пенен күздің арасы...

* * *

Жыр жауған жылы күндерім –
Нұр жауған ғұмырымда едің...
Тұлпардың тұғырында едің,
Бұлақтың тұнығында едің...

Жастығым – жасыл бақ,
Арман –
жылдарда,
ғасырда қалған.
Жанаарқа Жазирасында,
Баянның басында қалған.

Көз ашып көргенім еді,
Өлеңнің өрнегіндегі;
Есілдің толқынындағы
Көкшенің көлдеріндегі.

Сыр айтпай сырғалым қалды,
Мұнартты...
мұң қалындағы;
Қаратай қатпарындағы
Алатау шындарындағы.

...Ойымды демесең бөтен,
Өзінмен кенесем,
көкем,
Елсізде елендеп тұрмын,
Мен сізге не десем екен?!..

* * *

Жабырқаулы жаным неден жазықты,
Өрекпіме,
өнмендеме,
тұра тұр.

Сүр қаланың сүрқай өнді қажытты –
Сұры қандай сұрапыл?!

Жусан иісі,
бұлбұл даусы жоғалған,
Шұбырынды болмаса да
актабан.

Торыққан да
тозған бәрі,
тоналған,
Тас көшеде тас адамдар қаптаған.

Мұнар тауы мұң қосады мұңымға,
Кайран өлең!
Сен екеуміз шаршадық.
...Радио да тиіп бітті жыныма:
«Алматының алмасы...» – деп ән салып.

* * *

Кызыл-жасыл босқа арбаған,
Дос дейтүғын дос қалмаған.
Қараулықтың қарау оғы
Қарауылдан тосқан заман.

Егілдірді ет жүректі,
Кеудемізбен көк тіретті.
Күндер легі көшкен бұлттай
Басымыздан өтті, кетті.

Ақ сәулесі тұнге алмасқан,
Ақ-қарасы күнде арбасқан.
Сағындырып,
сабылдырып
Өтті, кетті жылдар бастан.

Көңілінді көкке өрлеткен,
Өмірінді көктем деп пе ең?
Не тындырдың?..

Бекіндірдің –
Өкіндірдің, өткен-кеткен...

ҚАРАШАМЕН ҚОШТАСУ

Қап-қара түнек
қара тұманды

Қап-қара түндер ішкенде;
Қоңыр қаздардың қанатындағы
Қараша сырғып түскенде...

Әжімін көрдім нұр сіңген құздың,
Гүлдердің солған сабағы.
Күні таусылып күрсінген күздің
Қабарып кеткен қабағы.

Мезі бір әнді мезгілдің легі
Таласа айтып барады.
Селсоқтау көңіл,
сездірдің нені –
Қараша қайтып барады.

Қайтып барады қараша бүгін,
Қараша қайтар,
қар түсер.

Жалғыз қалғанда жарасар мұным,
Жанымды жеген жалқы шер.

Күрсінген күзбен достасқам,
шыным,
Сайларға қашты сая түн.
Қарашасымен қоштасқан жырын
Бізден соң жазар қай ақын?

Көңілім қашан табады тыным,
Мұз-қармен келер ызғарды үқ!
Қараша қайтып барады
бүгін –
Қара орман жұртта
біз қалдық...

ЕЛЕС

*...Ақ шаңдагын даланың бүркүратқан,
Талдыеспеде Галымжан жылқы баққан.*

Бала күнгі өлеңнен

Бетпақдала белі еді
Көкалалы табынды
Тебінге айдап салғанда.
Өткен күннің өлеңі
Тербетеді жанымды
Арна керіп арманға.

Бетегелі беткей-жыр,
Ардакүрең аңсарым –
Тұма көрсөң қанып іш!
Көнілімнен кетпей жүр
Сары далада – сары сағым,
Сары белде – сағыныш!

Бал түнімнің бөлшегі,
Балаусамды баққа мал!
Шалғын шырай шақтағы ән.
Арман дүние өлшемі –
Ақ қардағы ақ сонар
Ақландағы ақ боран.

Ақ өлеңдей азырак
Үйқасы жоқ көлгір түн,
Өзің едің көргенім.

Ақ түтекте азынап,
Көкалалы көп жылқым,
Көз алдымнан көлбедің.

Қасиетті қара қос,
Айдалада айман-ән,
Саган жетсек ырым-құт.
Есінде ме,
 бала дос,
Сексеуілдің жайнаған
Шоғын үрлеп жылындық.

Дүбір тілер дүлдүлге
Аппақ әлем бұл өзі
Күнге бұрап бетінді.
Бір білерім – бұл күнде
Бетбақ жонның мінезі
Бетбақ әйел секілді.

Жиі көрем түсімде,
Өң мен түстей өтті күн,
Өмірді өпті өлеңім.
Қара қостың ішінде
Сексеуілдей тектінің
Сөнбей қалған шоғы едім...

* * *

Базарыңа бардым,
қайттым
Күнірентіп тау ішін.
Тарғыл тұсті тағдырды айттым
Тарғылданып дауысым.

Дүние – жарық,
Келдім,
кеттім,
Өмір деген өлең бе?
Жұлдыздары теңбіл көктің
Жымындағы тәбемде.

Керуеніңе мен ілескем,
Ұшқан құстан ән тыңдалап.
Көктемдердің желі көшкен
Ақ самалдай аңқылдалап.

Бауым қалды,
бақшам қалды,
Кім бар оған қараған?..
Артымызда ақ шаң қалды,
Алдымызда – Аламан.

* * *

Есінді жи!

Жырларыңды жаз, Ғалым!

Қаңқылдатып қарашаның қаздарын.

Шабытыңнан шалғындағы шық еріп,

Қара бауыр бұлттар көшсін үдеріп.

Ұлар ұшар Ұлытаудың биігі,

Сахараның жолды кессін киігі.

Тұсінесің...

Естілгенде күй үні –

Кісінесін қысырақтың үйірі.

Жыр-Тәңірдің қорғасын ой ауыры,

Ұлпа күннің еріп кетсін сауығы.

Шырқарымның шыңға асылып шырайы,

Тұлпарымның көбіктенсін сауыры.

Арналарын ақ толқындар кергенде

Жыр іздеген шаттықтан да, шерден де;

Күн астының Күнікейін іздеген

Ақын деген ел боламыз біз деген.

Иір біткен бұтағындаі еменнің,

Бал мен уын ұсынғанда келер күн...

Жырларымның жанарынан жас тамып,

Қара жерде қара мамық жастанып

Мен жатқанда...

Мұнар көкten мұң іштім,

Қызыл арай құшағына ап қыр үстін,

Көрімдігін берер сәуле көгілдір,

Өзегіме өрт боп түскен өмір бұл.

Қарашығымдағы қара өлең...

* * *

Қаратаудың басынан көш құлады,
Тағдыр-қамшы арқамнан осқылады.
Көрігімді қай ұста қыздырады
Көңілімді қай үміт хош қылады?..
Қаратаудың басынан көш құлады.

Қаратаудың басынан көш көрінді,
Қап-қара тұн жаулайды кешкі өңірді.
Желкенімнің желкесін жел қиғанда
Толқын-тірлік сындырган ескегімді.
Қаратаудың басынан көш көрінді.

Қара нардың айналды ыңыршығы,
Бұлт астынан бедеу күн қылымсыды.
Бүркіт болып кеткен соң қара қарға
Іркіт болды әжемнің ірімшігі.

Қу тірліктің бітпесе қырсық әні,
Қара жолда төзім де тұншығады.
Қасқа тана тұлышпқа мөніресе –
Қара қаншық қайтадан қыңсылады.

Айыра алсақ алыстан ақ-қараны,
Басымызга бармақтай бақ қонады.
Ерден қалса – сұлудан сайқал шығып,
Белден қалса – бесті айғыр ат болады.

Көш келеді...

бетке алып құбыланы,
Аққу-армандарымды кім үгады?
Баптағанда қыран құс қызылды ілсе,
Ақтабанда азған ел шұбырады.

Көгершіні көнілдің дүрлігеді,
Жылатады бұл өмір,
күлдіреді.

Қаратаудың басынан көрінген көш
Қайда барып тоқтарын кім біледі?..

АЛҒАДАҒЫ АҚҚУЛАР...

*Ақтөбенің Алға ауданында
мұнай қалдығы төгілген көлде
аққулар қырылып қалды...*

Теледидар хабарынан

Жосықсызға жолығып,
Айдындарым аймандай.
Толқындары торығып,
Қара шашын жайғандай.

Тәтті үйқымды...
өлеңді
Тоғыз бөліп түнімен.
Ей, жүрегім,
сен енді –
Кобыз болып күнірен!

...Асылдарым бар еді,
Жасылдарым бар еді,
Жарық күнде жыртылдың.
Аққу құсым Ары еді –
Аққу текті жүртүмның.

Талып таңғы тасқында,
Шырқыраған шырайлым.
Қалдығының астында
Қалғаның ба мұнайдың?
Құдіреті-ай Құдайдың...

Аққулар-ай,
ардам-ай,
Шер күйім бол шертілген.
Жалғаны көп
жалған-ай
Өлмесімді өлтірген.

Өксісе өлең өлкесі,
Жыршылары жылай ма?
Айдын көлдің еркесі
Тұншығады мұнайға.

Запыран құсып
қақтым зар,
Алжастым да адастым.
Алғадағы аққулар –
Арман өні Алаштың.

Қайда қанат қақтындар,
Мұнар күннің мұнды өні.
Алғадағы аққулар –
Арсыздықтың құрбаны.

Қайығымды тербеген,
Бозда, толқын,
сен де ертең.
Аққуы жоқ көл деген –
Ақыны жоқ елмен тең...

* * *

Боз белге бардым,
бусандым,
Булығып бойда бар мұным.
Жалғыз түп
жалқы жусанның
Тамырына түнеп тағдырым.

Көктемің қырда көктей ме,
Қараған тектес қарағым?!
Боз көде боздар беткейде –
Бетеге басқан балағын.

Мұнартса мұздай мұң кілең,
Бәсекеңсір пәсте сұлдері.
Сәулеге сонда...
сүңгіп ем –
Сәуірдің сәскесіндегі.

Толған да толқы,
тасып ап –
Құпия құстың тіліндей.
Шаттығың кетер шашырап
Адыраспанның гүліндей...

Жалғанда жалғыз келемін,
Жанымда – жарық жалқындар.
Су емес ақын дегенің –
Сүмбіле туса салқындар...

ҚОС ҚАРАҒАН

Елге барам,

Ермінез досқа барам,

Қасиетті, киелі қосқа барам.

Қозы көштен жолымды тосқан анам.

Қою түннің қойнына кіргенде әлем

Коңыр қырды қоритын қос қараған.

Мұнар күнге мұң шақса мұңлық өнір,

Қос қараған қоритын қырды қоңыр.

Өткен күннің өзегін тілгіле,

Нұр!

Бір күн өмір баяны басымызда,

Тұндығына тұманың тұнды көңіл.

Жарықтарға жасымнан жаным алан,

Талмаусырап тал түсте сары далам...

Сарғаяды,

сағымнан сабыр алам.

...Айлы түнгі жұлдыздың сөулесіне

Армандарым қозыдай жамыраған.

Есіл мекен,

ескі көз,

есімдегі,

Белден асқан бейбақша бесіндегі,

Келмей кетсем кешігіп,

кешір мені;

«Қарағандай қарағым, қараңдамай,

Тартпаймысың көңілінің көшін бері».

Сыр тартады сырбазым
сырласынан,
Сол бір сырды тыңдауға жылда асығам.
Сұры қашып сұп-сүйк сұлбасынан,
Қарсы алады
талықсып таң самалы,
Қос қараған қарандап қыр басынан.

Көслігенмен көнермей көңіл-құмай,
Топырағымда торықтым тобылғыдай.
Көсегемді көгертер көгілдір Ай...
Елге қарай қойғанмен елеңдетіп,
Өлеңдетіп қоймайды өмір бұлай.
Қосқа барам,
қос қараған...

СІЗДЕЙ АСЫЛ ТАБЫЛМАС...

(Аяулы анам Ақторсыққа)

Анам келді ауылдан...

асыл анам,

Аспаған да таспаған,

тасымаган.

Фашық адам ол өзі ақ дүниеге –

Ақ сүт беріп біздерді асыраған.

Анам келді ауылдан...

қайран анам,

Шолпан анам ол менің,

айман анам,

Жайған адам жүрекін жарық күнге,

Ай нұры боп үл-қызын аймалаған.

Жылу жетті жаныма жеміс егер,

Өлеңі өмір өренмін,

өрісі өнер.

Анам келді ауылдан,

Алатауым,

Куанышын ақынның бөлісе гөр!

Анам келді ауылдан арна кеуде,

Тамылжып кеп табыстым таңғы өуенге.

Көгал қызып келмегем Көктөбеке,

Алматыға келмегем алма жеуге.

Шаңыраққа шырай боп,
ісіме – құт.

Көңілінің көгілдір құсына еріп,
Анам келді ауылдан бір көруге
Жиі-жій жүрген соң түсіне еніп.

Анам келді ауылдан,
нұр аймала:
«Пана болсын, жарығым, Құдай ғана».
Мамырың бол күтеді,
тамырың боп –
Азамат пен Саламат,
Гүл-Айдана.

...Алатауға Арқадан Ана келді,
Бір тойлайын жиып ап тамам елді.
Мендей ақын табылар іздегенге,
Сіздей асыл табылmas маған енді...

СЕКСЕУІЛ

Тамшы су тілеп ырымға
Ақ жаңбырларға аландар.
Бетпақтың бетпақ құмында
Сексеуіл өскен алаң бар.

Тағдырдың талма толғағын
Көтергендерді күндеме!
Шегір құмдардың шерлі әнін
Шертеді шебер шілдеде.

Сексеуіл мұнды пішінде
Көктен нұр тілеп көнілі.
Қансыған құмның ішінде
Кезеріп кеткен өмірі.

Алақан жаю аспанға –
Қасірет...
қайтіп жан шыдар?..
Мерейің тасып мастанба,
Ілінген бұлтқа тамшылар!

Көрдім де сұрын
мұнданым,
Сексеуіл соры – бес елі.
Жолдарын көшкін құмдардың
Қайыспай түзде кеседі.

Тектілік тегі мұқалса,
Құм боран әнін салады.
Сексеуіл біткен тұтанса,
Шоқтары жайнап жанады.

Жаным-ай,
жасып жанарым,
Құм кешіп кейде жүдедім.
...Сексеуіл өскен даланың
Ақ жауын күткен ұлы едім...

ТҮНГІ АУЫЛДА...

Мұнар көктің мұңайтты
мұнды ызғары,
Бір жылады жүрегім,
бір мұздады.
Түнгі аспанның не дейді
жүлдыздары,
Үркерге еріп бара ма үр қыздары?..

Сырғып түскен жанардан
сыр едім мен,
Түнек түннің түндігін түре кірген.
Сүйем бәрін жаныммен,
жүрегіммен
Өлең еміп кеткелі бұл өнірден.

Сол өлкеден кеткелі еміп өлең,
Ай жүзінен, Айнашым,
сені көрем.

Сені көрсем тербелем,
тебіренем,
Кар-мұздарым босайды ерімеген.

Түнгі аспанмен бар білем
байланысым,
Көңілімнің қозғады қайдағысын.
Жайлышты ағысым,
не деген жайдарысын,
Арасында арудың Айманысын.

Ай-жұлдызды аялап тұрғанымда,
Көздерімде,
қарағым,
мұң қалың ба?
Өтеді өмір уақыттың шырмауында,
Осылай бір жыр жаздым түнгі ауылда.

АЛМАТЫ

Жазылмаған жыр ма екен,
Шертілмеген сыр ма екен?
Көктөбенің етегі –
Көктем көшкен бір мекен.
Алмасы да азайып,
Арнасы да азайып,
Қайран шаһар ғажайып
Сәл мұңайып түр ма екен?

Шабыт болып шарықтап,
Бақты құшқан Алматы.
Жеті өзеннен қалықтап
Аққу ұшқан Алматы.
Желтоқсанның жанылған
Қайрағындай Алматы.
Азаттықтың сағынған
Байрағындай Алматы.

Арайларың өпкенде,
Көгеретін көктембіз.
Көктөбедей көк белге
Өлең іздеп жеткенбіз,
Өмір іздеп жеткенбіз.
Сайрағасын ұмтылдым
Танда құсым, Алматы.
Қазақ деген жұртымның
Арманысың, Алматы.

Тұндыратын тұмамды
Тұнығымсың, Алматы.
Мұнар-мұнар мұнарлы
Ғұмырымсың, Алматы.
Ақын болып фәниге
Кірдік кеше, Алматы.
Өлең атты сәбиге
Кіндік шеше – Алматы.

ШАЙТАНКӨЛГЕ БАРҒАНДА

(Мағауия Сембайға)

Сүрлеу соқпақ бастады
қайқаң белге,
Қайқаң белге бір шықпай
қайтам ба елге?
Шақырайтып шілденің шіліңгірін –
Бір топ ақын келеміз Шайтанкөлге.

Бір топ ақын келеміз оттай жанып,
Бір топ ақын келеміз шоққа айналып.
Ақсұңқардың Серігі алдымызда
Қарайлайды артына тоқтай қалып.

Бір топ ақын...
бәріміз ауылда өскен,
Дауыл кескен кіндігін,
жауын кешкен.
Ұлар тілін ұғатын Ұлықбек бар –
Заңғар-заңғар Зайсанның
тауында өскен.

Бір биікке бізді арман жетектеді,
Төте жолға берерміз төтеп тегі.
– Сәт, – дейтіндей, – іздесең
дара қайнар, –
Қарағайлар, қайындар етектегі.

Жанардағы жақұт жыр,
лағыл аймақ,
Үрпағының жүретін бағын ойлап,
Жанартауын жаныңдың
жарқыратар
Сарыарқаның сайынан сағым ойнап.

Ақ самалдай аңқылдал еседі үміт,
Өнірінен өмір ап өседі жүрт.
«Қарқаралы басында жалғыз арша»,
Одан әрі...
көгінде көшеді бұлт.

Топ ақынбыз...
іздеген нұрды көктен,
Үмітінің үкісін үлбіреткен,
Сағынтайдың Серігі жыр оқиды
Жасылдары жасындай дір-дір еткен.

Ah, Шайтанкөл!
Жаралған тұнығы ардан,
Сырың арман талайға,
жырың арман.
Көл біткеннің барлығы жер үстінде,
Шың басына сен ғана шығып алған.

Сел бол аққан серт пе едік,
сезім бе едік,
Сайларыңдан сайғақтай безінбедік.
Топ ақын тұр жартаста
топ арқардай,
Айнасынан айдынның өзін көріп.

Қарқаралы!

Біздерге жарасар өн,
Бұл соқпақпен жүрмейді аласа адам.
Шайтанға да шер айтар
шайырларды
Аспан көлге апардың, Мағаш ағам.

Қарқаралы!

Жұдегендеге саған кеп жүгінді ұлың,
Бүтін сөзін айтартмыз бүгінгінің.
Шайтанкөлді шайырлар шайқап
қайттық
Шақырайтып шілденің шіліңгірін...

ЕКІНДІ АУЫП БАРАДЫ...

Екінді ауып барады,
кіші бесін,
Кіші бесін – жігіттің ісіне сын.
Менің жазған мұндылау жырларымды
Бір түсінсең сен ғана түсінесің.

Екінді ауып барады қырға қарай,
Тұңғиықтың тұмасы тұнған арай.
Уақыт шіркін осылай өтеді екен
Дүниенің көзіне бір қарамай.
Сынап-ғасыр бетінде сырғанап Ай...

Тағдыр тарғыл үнімді женді естімей,
Екіндіде ескен жел енді ескідей.
Керім кездің кезікті кереметі
Кермедегі керілген кер бестідей.

Төсіңе өрлеп,
тәбеңе тәтелегем,
Мен жетпеген жерлерге жетеді өлең.
Екінді мен бесіннің арасында
Күндерімді күндерім жетелеген.

Кермиықтың кезгелі кең бұрышын,
Шертпе күйге шер айтты шерлі құсым.
Екінді ауып барады,
екінді ауып,
Ерттеулі аттай елес де ендігісін,
Керуен соққан соқпақтың сен бірісің...

Екінді ауып барады,
кешті көрдім,
Көшті көрдім ізінен ескілердің.
Ескірермін,
содан соң
естілермін,
Бес-ақ күндік жалғанға бес түнермін,
Ескінді ауған елсізде көшті көрдім.
Екінді ауып барады...

ҚАРАША АУЫЛ...

Сәйгүлікке сән болған
дала,
сәуір,
Жүргіңің жазылмас жарасы ауыр.
Шұғылаға арайлы шуақ сұрап –
Құбылаға қарайды қараша ауыл.

Айдындағы Ар тілеп шағалаға,
Сағынышын сарнатқан самалаға.
Қазақ деген қазбауыр бұлт секілді
Қара қазан,
қара орман,
қара бала...

Тірліктегі сол өлкө тірі қайғым,
Шытынайды шырайсыз шыныдай мұн.
Қан базардан қамығып қайтып келем –
Сөулесіндей дірілдеп сынық Айдың...

Кер күндерде кермектей дәуір лебі,
Ауыр ма еді,
білмедім,
жауыр ма еді?
Балдай бақыт өлеңнің өзегінде
Сөүле ойнатып...
сөскеге сәуірдегі...

Сыры дара жүректі
жыры дара
Шомылдырып алсам ба шұғылаға?
Жарасы ауыр жанымды жабықтырып
Караша ауыл қарайды құбылаға...

* * *

Сапардың түсті орайы,
Мөлдіре,
дала қайнары,
Орыстың орман-тоғайы,
Ақ қайың, қарағайлары.

Өрнегін өріп өлеңнің,
Дүбірді кештім дүрмекпен.
Көгілдір құстай көгердім,
Көгілдір өлем,
гүл көктем.

Үмітім үндей үздіккен
Айындаі екен деп қалдым.
Көгілдір көзді қыз біткен
Қайындаі екен деп қалдым.

Жасылдарыңды жан құшып,
Сарғайды санам күзіндей.
Жапырақтағы таңғы шық:
– Үзілем, – дейді...
үзілмей...

Қайранда қайырладым мың,
Керім бір кезім –
келгенім.

Қарағай, қайындарыңның
Желегін желмен тербедім.

Көңілдің ашып тұндігін,
Толғандым,
толдым,
толыстым.

Ормандай ойға сұңгідім
Орманың кезіп орыстың.

* * *

Жаныңды жан қала ма жан үққанша,
Зарымды жырға айтайын зарыққанша.
Көктемді Көкше қырда билетейін
Конғаның, өлең шіркін, анық болса.

Арманның арғымағын төске өрлеткен,
Өлеңім өзектегі өшкенді өпкен.
Көгертіп кетті ме екен көнілінді
Көкшеден көкжиекке көшкен көктем?

Көнілім көктем туса көк тірепті,
Оранған ормандарым отты лепті.
Бұлдаумен жүрген кезде бұлалықты
Бір дәурен басымыздан өтті-кетті.

Бір дәурен өтті-кетті мына бастан,
Сыр ашып,
сырнай тартып...

сынамастан...

Жырыма жыр қосады жылымық күн,
Мұңыма мұң қосады мұнар аспан.

Көнілдің көктем туса сенде алаңы,
Сенделдім сергелдең ғып ен даланы.
Көгіңен көктем есіп көгердің бе,
Керілген Көкше қырдың кермаралы?

Бір әнді Біржанша айтып дүркіреген,
Бұланды бұлтыменен бір түнегем.
Көктемді Көкше қырда көгертеін
Конғаның анық болса, шіркін өлең...

* * *

Тұнық көлдің тұмасы боп тұнатын,
Үміттердің үкісіндей мұратын.

Үлбіретіп,
үздіктіріп,

үзілтіп

Сол өлкеден жолға шыққан бір ақын.

Жүргегінде бар әлемнің ауыры,
Жыр елінде...

қара өлеңнің дауылы.

Сол ақынды сағынбайды Сарыарқа,
Сол ақынды іздемейді ауылы.

Ұлытаудан ырым етіп арша алған,
– Ақынмын! – деп Алашына жар салған.
...Тұмағандар тұмасынан жүтқызып,
Сырағандар сырын айтып қарсы алған.

Аламанда...

алағай да бұлағай,

Ұрындырды салқынына құралай.
Ет жүргегін жүдетіп-ақ жүр оның
Сарыарқасы бір дерегін сұрамай.

Көктем сайын көңілімен көнерген,
Қайран ақын қайнар ізденеп Өлеңнен.
Алатауда Алласына сиынып
Қарататуда қара нарын шөгерген.

Суыртпақтап сыр айтайын досыма,
Жерортада жеткен жерім осы ма?
Сары белдің сағымына оранып,
Сағыныш боп сарнап жетсем...
шошыма!

* * *

Көлеңкеңді көрсетпей көгінен Күн
Төскейіңің төсінен Өмір емдім.
Тұғырлы өлең тұма боп тұсында тұр
Ғұмыр деген ғажайып керуеннің.

Өрекпімей, өр көніл,
тұра тұрғын!

Қауырсыннан қаламы бір ақынмын.
Тағдыр біздің талқандай ұнтақталды
Азуында тіршілік-сұрапылдың.

Бұрылыста
бұрқасын бұрқағалы,
Жанарымнан жас болып жыр тамады.
Аман ердің шығады бір хабары
Қырық асқан,
қыр асқан қырқадағы...

Құлазиды құла дүз,
құба белен,
Сынаққа алды,
сындырды,
сынады әлем.

...Менің сүрген ғұмырым – бір-ақ ғұмыр,
Менің жазған өлеңім – бір-ақ өлең...

* * *

Жаны асыл мұрам,
дара шұғылам,
Арымның арын аршыдым.
Қара өлеңімнің қарашығынан
Үршып бір кеткен тамшымын.

Баурайды, белді
баурағанда әнім
Сырнайға саз боп үйлестім.
Жыр жазбай кетсем –
жаураған жаным –
Жұлдызсыз тұндей күй кештім.

Ақша қардайсын,
ақша мандайсын,
Сағынышымды айттым сағымға.
Жүгіріп өткен ақ самалдайсын
Сәуірдің сәруар шағында.

Сарғайып санам сені іздеуші еді,
Сарылуға да жан шыдар.
Өмір мен Өлең...
егіз деуші еді –
Сол сөздің жаны бар шығар...

* * *

Сары белден сағым болып үшты арман,
Сәлем айттым қанат қаққан құстардан.
Ай, жылдарым,
 айдындарым ортайып,
Күндер легі солай-солай қысқарған.

Айнамкөздің айдай болған ажары,
Жабырқаған жанның дертін жазады.
Кысқарады
 құстар өні секілді –
Дүбірі көп дүниенің базары.

Толған айдай тостағанда толып мұң,
Тарғыл түсті тағдырыма жолықтым.
Үмітімнің үрлей алмай үкісін –
Толқып жатқан толқын көріп торықтым.

Жандым,
 сөндім,
 жанды малып жалқынға,
Сағынышым сарнап қалды салқында.
Сыңар арман сыбызғы боп сыңсиды
Керзаманның керуенінің артында...

ТОЛҚИДЫ ТОБЫЛ

Торғынын тосып Тобылым,
Толқыны толқып аққанда,
Тобылғы түсті торы күн
Толықсып барып батқанда...

Торықтым...

сосын төгілдім,
Тосын бір күйін тосты ағын.
Толғанып аққан Тобылдың
Толқынын сүйді тоспа құм...

Өрекпіп түрды өр көніл,
Жырлауға тиді жол маған,
Сырлы өзен едің
сен де бір
Сырағам талай толғаған.

Мың күліп Тобыл,
мың жылап,
Мұңлы бір әнге салады.
Тұнығым болып тұнжырап,
Ғұмырым болып ағады.

Баса алмай жүрген солқылын,
Әзегім...
өзен-өмірім.
Тобылдарымның толқынын
Толқытып қойған торы күн...

Кеппесе бақыт кенезен,
Айнамкөз күнде ақмандай
Толағай сырды сол өзен
Толғатып...
толқып жатқандай...

* * *

Көз алдымда көктем боп тұнған елес,
Назға мені бөлеңдер,
сазға мені –

Ақ қағазға жазғаным жыр ғана емес,
Жаратқанның маңдайға жазғаны еді.

Арманымды аппақ нұр тербеткенде,
Көгорайда көгеріп,
көктеп едім.

Көктем болып көштім де,
сол көктемде
Етегінен енші алдым Көктөбенің.

Аппақ нұрға кеткелі мен ілесіп,
Сұлуларды сүйгелі өліп-өшіп...
Күндерімнің тұнады көзінде шық,
Өзегінен өлеңнің өмір есіп...

Көктөбеде көрдім сан көктемдерді,
Жырлар іліп жүлдызыға
сырғалы үміт.

Аппақ нұрға оранып жеткендерді –
Ақындар деп айтады мұндағы жүрт.

Бұл сапарға шыққанда басқаша едім,
Асылымды арзанға алмастырып.
Келеді енді...

тағдырым тас көшениң
Тағыларын балаққа жармастырып.

Өлеңімді өбекте,
 өткел беріп,
Өмірімнің өзегін өпкен арай.
Көктөбенің басынан көктем болып
Көшіп кетіп қалғанша көкке қарай...

«АРЫС ЖАФАСЫН» ТЫНДАСАМ...

Өмір-өзеннің аринасыменен
Ағысқа қарсы жүзген ем.
Арыс ағаның жалғасы мен ем –
Арыстың қызын іздеген.

Арыс дегенің ақ теңіз болар,
Толқынның әнін...
тосқанбыз.

Айна қыз,
сіздің өпкеңіз болар –
Шемші ағам әнге қосқан қыз.

Біздегі сезім тербеткен көкті
Ақ махаббатпен алғашқы.
Ұзатылған қыздай сол көктем кетті –
Сәуірге зауза жалғасты.

Сертине берік сері едім мен де,
Ауылы шалғай,
жері алыс.

Өзгеден, қалқам, өлеңім кем бе,
Толқымай жатыр неге Арыс?..

Шерлінің бәрі шерменде ме екен,
Әкпесін айтар өткенге.
Гүлдері неге тербелмәді екен
Аңқылдаپ ақын жеткенде?..

Айырма,
тағдыр,
бағынан гүлді,
Ай, жұлдыздармен сырласам.
Алыста қалған сағынам күнді –
«Арыс жағасын» тыңдасам.

Сәуірдің тағы ерітті лебі,
Сәуірде туған Ар едік.
Сіздің ауылда өрік гүлдеді –
Біздің ауылда қар еріп...

ЕРЕЙМЕНДІ КӨРГЕНДЕ

*Бүркіт ұстап басыңа шығар ма едім,
Көзіме бір көрінші, Ерейментау!*

Иманжұсіп

Жазып кетем тасыңа
Өмірімнің өлшемін.
Бір шығаршы басыңа,
Ерейментау!
Еңселім!..

Сары белдің сырындай,
Көк жүзінен құйған нұр.
Иманжұсіп жырындай
Иманыңа иландыр!

Дұлдул өлген жер осы
Сағынайдың асында.
Есіл күннің елесі –
Ерейментау басында.

Көш келеді ақтабан,
Көкейдегі мақам – мұн.
Құлагерді жоқтаған
Зарындай боп Ақанның.

Әні үласқан сәніне,
Арқа елінің алқасы.
...Лыптып-ақ тұр әлі де
Батыраштың балтасы.

Мұңын ұғар ақынның
Аққу қашқан көлдері.
Еріп бара жатырмын –
Ерейменді көргелі.

Биігіне құмар ем,
Есіл де есіл,
елес күн.

Бүркіт ұстап шығар ем –
Иманжүсіп емеспін.

Өмір солай өтеді,
Көңіл нені сезеді?
...Ерейменнің етегі,
Өлеңтінің өзені.



* * *

Сенің көзің тұңғиық,
тылсым әрі,
Тылсымында талайлар тұншығады.
Айдындағы аққудың бір сыңары,
Шырайыңнан шалқиды жыр шырағы,
Сенің көзің тұңғиық, тылсым әрі...

Сезімдердің лауласа оты арада,
Ертем сені жонға да, жотаға да,
Ертегідей ертеңге ертем сені,
Боталаған көздері бота бала.

Сені көрсем толқиды теренде ағын,
Керім күннің кездіріп кемел бағын.
Көрмей қалып...

өзімді көп алдадым
Көздерінде керемет өлең барын.

Біздің баста, ботасы,
 құралай шақ,
Сол күндерді өтерміз үдайы аңсал.
Барып қайтып жүрейін,
 барып қайтып
Базарымның барында бұлағай сап.

КҮРШІМНІҢ ҚЫЗЫ

Алматы кеші,
маусымның басы,
Медеудің маңы,
тау-шыңының қасы.
Азаннан бері аңырай құйған
Жылауық бұлттың таусылды жасы.

Жанымды тербел жігіттік өні,
Терендеріме үміт тұнады.
Күміс күн соңғы сәулесін шашып,
Ылдига қарай ымырт құлады.

Жол тосқан сол кеш
ырымды делік,
Тәтті бір сәттің сырын білелік.
Ақ көйлек киген ақмандай ару
Қолшатырыма тығылды келіп.

Жастықтың бұл кеш – жырлы мекені,
Масаты кілем – қырдың етегі.
Ақ тәнін бүгін ақ жауын жуған
Каракөз қалқа дір-дір етеді.

Тартқанын қайдам қайдада көңілдің,
Жұмбак та жұмақ жайға көмілдім.
Бүйрығы бұл қызы мандаға жазған,
Сыйлығы жүлдыз айман-өмірдің.

Бойына гүлдің нұр сіңген екен.

Жүрегім, жырла!

Дүрсілде бекем.

Жөн сұрап едім...

Шығыс шынары

Әлия есімі – Күршімнен екен.

Қабақта қос ай қағыса қалған,

Асып-тасқандай ағыс арнадан.

Ақ көйлегіңнен айналдым, қалқа,

Аппақ тәніңе жабыса қалған.

Шайқалмай жүрген тұнығың бардай,

Нұр үнің қаңдай, қылышың балдай.

Бұраң беліңе созыла жылжып

Өрілген өрім бұрымың қаңдай?!

Анарың алма, гүл ерін...

Тұстей...

Сезім шарабын жүр едім ішпей.

Шелектеп күйған мынау нөсердің

Толастамауын тіледім іштей.

Бастап тұр сезім құмай-күнөға,

Жылайды қайың,

сынайды дала.

Жыр отын жағып жылытып алам,

Шығыстан келген шырайлы бала.

Мәуелі кештің әні бақ шығар,

Ұғады бізді жаны жақсылар.

Аспанның асты тұрағым еді,

Колшатыр – бұл да шаңырақ шығар.

Айдыннан сол ма көшкенің күз кеп,
Ақку ең жеткен дос көңіл іздең.
Қаранғы тұнде ғайып бол кеттің
Көлігің келіп...
– Хош болыңыз!.. – деп.

Жол тосқан бірге серігім менің,
Елестей ерке елігім дедім.
Әлия қыздай жалт бересің бе,
Сағыныш болып сері күндерім?

...Жүрекке бүгін ән үялай ма,
Сырымды жырым жариялай ма?
Ақ жауын жауған Алматы тұні,
Күршімнің қызы Әлия қайда?!
...Бассам ба екен «Жариям-айға»?!



ҚАЗАНҒАПТЫҢ КҮЙІ – «ЖҰРТТА ҚАЛҒАН»

Ей, еңсесі биік ақ Орда,
Еңсесі биік ақ Орда –
Байтағымның байрағы,
Намысымның қайрағы –
Бетегелі белдерім.
Оралының барында
Орда бойы ор болмай;
Қара ниет залымға
Қарындасым қор болмай;
Қалың елге жау шаппай,
Қабыргамды қаусатпай –
Дүрия дәурен көргенім.

Орда бойын оқжылан
Орағытқан күн туды.
Орда болып топ жылан
Сор ағытқан күн туды.
Ордам, Ордам,
 ақ Ордам
Запыран құсып, зар кешті.
Каракүрим қара орман
Каракүмда қар кешті.
...Қайық-қайғы тербедім.

Каракүрим қара орман,
Халық пірім қаралы.
Жасы саулап жанардан
Арып бүгін барады.

Белес-белес белімнен
Асып көшіп барады.
Кіндік кескен жерімнен
Жасып көшіп барады
...Еңкіш тартып ерлерім.

Жазирамнан жаз көшті,
Ботадайдан боздап ел.
Толарсақтан саз кешті
Тоз-тоз болып тозған ел.
Қара үзбеді қазанат,
Түнек торлап аспанды.
Атан жілік азамат
Темір қазық жастанды.
...Сертін бұзды сенгенім.

Қараша үйдің киесі
Қарашада тоңғандай.
Қара қазан иесі
Қара күйе...

сормаңдай.

Домбырамның тиегі,
Пернесінде –
түйсігім.
«Жұртта қалған» күйі еді –
Жұртта қалған күйшінің.
...Шертіп өткен шерлерін.

НАЗЫМХАТ

Құстар,

сендер қияға самғайсындар ғой,
Ұшасындар ғой жыраққа.
Аспан мен жерді жалғайсындар ғой,
Жетесіндер ғой мұратқа.

Иландырмайды Ар атын Иман,
Ел деген елдің шетінде.
Қанаттылардың қанатын қиған
Жер деген желдің өтінде.

Дуылдап айттар думанның әні
Түрмейді түннің түндігін.
Қанатсыз болып туғанның бәрі
Аспанға қарап жүр бүгін.

...Сендер самғайсындар ғой, құстар!

* * *

Шөлейттеу жердің шөбі едім,
Шөліркеп өлі келемін.
Ақ жаңбыр мінез өлеңім,
Кезертпей еріндерімді
Құйып бір өтсе деп едім.

Сүмбіле соңы – сары тамыз
Сары тамыз, тілден бал тамыз.
Сарғайған шығар алқаныз,
Сарғайтып мені сәуірде
Сағым боп кеткен қалқа қыз.

Ботадай жырым боздал жүр,
Боталы зарын қозғап жүр.
Мазала мені, Мағжан-жыр,
Айнамкөз армандарымдай
Арқаға жауған ақ жаңбыр...

Сүмбіле соңы –
тұнгі ызғар.
Айқабақ барда кім мұздар?
Сарғая көрме, гүл-қыздар.
Алқара көкті қақ тіліп –
Із тастап ақты жұлдыздар...

ГҮЛМИРА

Көктем көздің жасындаій боп сырғи ма?
Сырғи-сырғи бет түзедік ылдиға.
Сары белден сағым ұшып жатқанда
Жаныма ерген жаным едің, Гүлмира.

Күндей күлген көгімдегі, Гүлмира,
Ұсынды екен өмір нені, Гүлмира?
Он бесінде толған айдай толысқан,
Отыз үш жыл көрінбеді, Гүлмира.

Жакұттайсың,
лағылдайсың, Гүлмира,
Түнгі үйқымды тағы ұрлайсың, Гүлмира.
Сағынасың...
сағынбайсың, Гүлмира.

Жанаарқаның жазығынан жоғалған
Ақбекеннің лағындайсың, Гүлмира.

Ісім өнбей,
ішім өлген, Гүлмира,
Түсінбесті түсінер ме ең, Гүлмира?
Дертің мендеп...
ішіп өлгем, Гүлмира.
Отыз үш жыр арнасам да
ұмтылмай,
Отыз үш жыл түсіме енген Гүлмира.

Көктем көздің жасындаған боп сырғи ма,
Сырғи-сырғи бет түзедік ылдига.
Өткен өтті...

құрысын бәрі, Гүлмира,
Есіңе алып жүресің бе әлі, Гүлмира,
Ай алқалы, күн сырғалы Гүлмира.

КЕР БЕТЕГЕЛЕР

Беткейді бастап өрге тәбелер,
Терендерімді тербете берер.
Көтеріп басын көрісті күнмен –
Кер бетегелер,
 кер бетегелер.

Тұрғандай Тұран ән құшып тағы,
Есімнен бұл сәт мәңгі шықпады.
Бетегелердің бетін жуады –
Тамыз айының таңғы шықтары.

Бауырын сүйсе белде самалы,
Бетеге басын төрге салады.
Беткейден орын берген тағдыры
Жусанның иісін бермесе-дағы.

Беткейім,
 белім...
Төбеде – Күн, Ай,
Кетейін бәрін өлең етіп-ай.
Керім кездермен келісе қалған –
Кер бетегем-ай,
 кереметім-ай!

Көрсетіп көгім төтен өнерді,
Өткінші жауын өте де берді...
Аласа деуге ауыз бармайды –
Беткейге біткен бетегелерді.

ЕСКІ ЖҮРТ

Өзегімді өткен күн өртеді де,
Естелігім айналды ертегіге.
Тұған үйдің жұртына келгенімде
Сағынышым шерлі өүен шертеді ме?..

Мен туған үй, дариға-ай,
Жеңістегі –
Арап қырдың етегі еңісте еді.

Өлең көріп өмірдің өркешінен,
Ескі жұртта еркіндеу, ерке өсіп ем.
Аруақтардың мекені – қалың қорым
Үйіміздің қарайтын желкесінен.

Эн тербейтін әуені ағысқа ұнап,
Баласы да ол күннің намыстырақ...
Сарысудың өзені өмірлі еді –
Сарысудың жағасы – қамыс-құрақ.

Шын болатын бәрі де
жалған емес,
Көз алдыма келеді алуан елес.
...Бекболат дос ол кезде бастық емес,
Халиолла Әбенов палуан емес.

Тимеген кез тағдырдың ақ таяғы,
Тұлпар күннің тербеткен балты аяны.
...Қыдыrbай да қыран боп самғамаған,
Молда бола қоймаған Мәктай әлі.

Орман ойға оралған отты өлеңі,
Бір әулеттің – біз деген – көк терегі.
Әкем салған төрт бөлме кішкене үйде
Үлкен-үлкен армандар көктеп еді.

Әкең, балам, осы жер – ержеткен жер,
Сезімінің селдірін селдеткен жер.
Ақ батасын атаның қабыл етіп,
Ақ тілеуін анамның тербеткен жер.

Сүрлеуімді осы жер – жол қылған жер,
Самал болып аймалар тоңдырған жел.
Ұландарын ұядан ұшырып сап,
Қырандарын қияға қондырған жер.

Құнге қарап ашылған есігі де,
Құтхана еді сай әке есіміне.
Ескі жұртты ескі үйдің орны деме –
Махаббат пен біrlіктің бесігі де.

Ағайыны,
түсыы,
дос өрісі,
Куанышы,
қызығы – осы ел іші.
Жатыр әкем бауырында Арап қырдың,
Туған жердің төскейі – төсеніші...

Тағдыр деген осы екен,
осы жалған,
Қандай сыйын ұсынар тосып алдан?
Мен де сендей...
соңау жыл
шашырағымыз
«Қазынаның үйіне» көшіп алған.

Өткен күннің айналды бәрі аңызға,
Тұған ауыл,
ескі жұрт...
санамызды.

Айдын көлін аңсаған Аққулардай –
Келіп-кетіп жатамыз Анамызға!

...Сырды ұғындар мендегі,
мұнды ұғындар,
Бірлігім бар болғанда –
тірлігім бар.

...Ескі жұртқа жайылған тамырым бар –
Тұған жерге байланған кіндігім бар.

* * *

*Караөткелдің бауырында
қалың шұбар,
Көкмойынга үкілеп
тақтым тұмар...*

Иманжұсіп

«Караөткелдің бауырында қалың шұбар...»
Басымдағы бұл-дағы бағым шығар,
Сағың сынар сәтке де
жаның шыдар.

Жалған дүние жалт еткен сағым шығар,
«Караөткелдің бауырында қалың шұбар...»

Толғауымен тірліктің тоналды ай, жыл,
Бота болып боздады Боралдай-жыр,
Аққу-қазым айдынға оралмай жүр.
«... Талай қатын қазақта ұл туғанмен –
Бәрібір Иманжұсіп бола алмай жүр».

Жауын барын сезгесін,
дауыл барын,
Алашым деп аян ғой ауырғаным...
Сары белдің сарғайтпай сауырларын.
Бауыры бүтін елміз деп басын қосты –
Караөткелдің бауырында...
бауырларым.

Шырайына нұр ойнап шығады күн,
Шұрайлысы-ай сол маңның шұбарының,
Тұнығында тұнады тұма жырым.
Қарашаңырақ,
Қараөткел,
Қара қазан –
Қазақ үшін болғалы бір-ақ ұғым.

Өткен күннен айтады өлең дерек,
Өлең барда ойламан өлем бе деп.
Иман аға,
біз қашан тәмендеп ек?
Көкмойынға үкілі көз сал тұрмын –
Мойнындағы тұмарын көрем бе деп...

ҚЫЗЫЛ ІҢІР. ҚЫЗЫЛЖАР

Қызылжарда қызарды қызыл інір,
Көңілімнің ерітті мұзын інір.
Аппақ-аппақ арманның аралында
Ақ дариға күндердің қызығы жур.
Қызылжарда қызарды қызыл інір...

Кайғыны естен шығарып,
уайымды естен,
Шал ақынның ауылы шайыр дескен.
Кызыл,
жасыл,
ақ түсті арман арал...
Кызыл інір,
Кызылжар...
Кайың кешкем.

Шоқ-шоқ қайың,
шоқ қайың,
топты қайың,
Ақ самалың өлеңнің соқтырайын.
Ақ дүниеден адалдық ізdegенде –
Ақ қайындар,
сендерге кеп тұрайын.

Қызылжарда қызарды қызыл іңір,
Көңілімнің ерітті мұзын іңір.
Аппақ-аппақ арманның аралында
Ақ дарига күндердің қызығы жүр.
Қызылжарда қызарды қызыл іңір...

ЕСІЛ АҒАДЫ...

Есіл ағады,

Есіл ағады

Ақбүйра толқын жарды ұрып.

Есіл аққанда есіп ағады,

Жағада жартас жаңғырып.

Сырбазым сыңғыр,

сыңғыр етеді,

Сұлулар таққан сырғадай.

Түрліген сонаш түннің етегі –

Ұйқымды қайтсін үрламай?..

Есіл ағады,

Есіл ағады

Мағжанның жүйрік жырындай.

Мені де бір қыз есіне алады

Тарқатып өрген бұрымдай.

Есіл ағады,

көсле ағады,

Есіле ағады ерке өзен.

Көңілге мәңгі көшіп алады

Аққудай арлы сол кезең.

Арнаңды көріп толтырған нұрдай

Жаныңа келіп көсілдім.

Есілдің ерке толқындарындай

Ағып барады есіл күн...

Естінің толқын есін алады,
Аймалап Ай, Күн – жарық құт.
Есіл ағады,
Есіл ағады, жарықтық...

* * *

Сеземін нұр-шырай барын,
Бағыма балаған ғұмыр!
Тыптырып, тыншымай жаным
Аңсайды аламан-дүбір.

Өмірден сый күттім керім,
Жаһанның мұрагеріндей.
Жүйткіді жүйрік күндерім –
Ақанның Құлагеріндей.

Жігерін жанымайды Ерім –
Көрерін көргеннен бері.
Тұлпарды танымайды Елім –
Толыбай өлгеннен бері...

Қайтейін...

 ұзарды күнім,
Өкпемді өмір қысады.
Ұяттан қызарды бүгін –
Қамшымның тобылғы сабы.

Жөн еді...

 сезбесем мұлде,
Естімей даладан дүбір.
Өзіңмен кездесем күнде –
Бағыма балаған ғұмыр!

ЖАСЫБАЙ КӨЛІ

Жасыл айдын,

жасымнан ғашық айдын,

Мөлдірейді жанары Жасыбайдың.

Жетегіне жылдарды ілестіріп

Өтеді де кетеді осылай күн.

Күй шалғанда көнілді әрі-сәрі,

Көз алдыңнан көлбендең бәрі үшады.

Баянауыл баурайын базар етіп

Тамылжиды тамыздың таныс әні.

Мұң қалады төсінде қыр-алаптың,

Жылғалары жанымның,

жылап ақтың.

Жасыбайдың жағасы жасыл құрақ,

Қимай-қимай көшеді мұбәрак күн.

Соңы түйік соқпақтың

басы қайда?..

Бастап мені әкелер Жасыбайға.

Өмірімнің өрнегі өлең еді –

Көңілімнің көлдері тасымай ма?!.

Баянаула басында бала қыран,

Бақ саулайтын секілді балағынан.

Жасыл айдын,

жасымнан ғашық айдын –

Жасыбайдың жас көрдім жанарынан.

Ұмытқалы не заман сайранды ұлың,
Сая іздеген сайғақпын сайдан бүгін.
Жалаң аяқ жүгіріп жағалаумен –
Қайрандайды қайранда қайран күнім.

Көлдерімнің көңілін кім аулайды,
Тырналардың тізбегі тыраулайды.
...Жасыбайдың жанарын жәудіретіп
Баянаула басынан күн аунайды.

* * *

Қара ағашты жел шайқады кешкілік,
Жапырақтың жалқы жырын естідік.
Қиынын-ай

қүйін қиған тағдырдың,
Күн барады кешкіріп,
біз барамыз ескіріп,
Қара ағашты жел шайқады кешкілік.

Өліарада өкпе артпассың Заманға,
Бауырың бүтін,
басың, досым, аман ба?

Фапыл дүние маған да сын,
саған да,
Үміттерің үсік шалып үзілсе –
Жапырақтай жанышталар табанда.

Өліарада жаңбыр мен қар аралас,
Ей, тірлігім!

Жалғыз сәтке қабақ аш!
Тәнін немен жасырады жалаңаш?..
Қоңыр күйді қобыз болып қозғайды –
Жел шайқаған қара ағаш.
...Өліарада жаңбыр мен қар аралас.

* * *

Ей, енесі өлген құлын күн,
Құлыны өлген байтал күн.
Балауыз шамдай ғұмырдың
Сәулесі болып шайқалдым.

Біріне түспей көп іздің,
Қабағын бақтым тағдырдың.
Дауыл тұрғанда – теңіздің
Толқыны болып жарды ұрдым.

Басына қонған бұтандың,
Сен менің аппақ құсым ба ең?..
Жусанның жұтып жұпарын,
Даламның әнін түсінген.

Өмірім,
өрім,
өткелім,
Көз жауын алған сырға күн.
Күздерді қуған көктемім –
Жырларым менің –
жылдарым...

Тұңғиық тұнып тұсымда,
Шер буып шыққан шері едім.
Зулайды көздің үшында
Сүрмерген тартқан жебе күн...



ҚОҢЫР

Қоңыр күз,
Қоңыр жыр ма едін,
Қоңыр күй тербеп кешімді,
Қоңыраулы керуен күндерім
Қоңырқай тірлік кешірді.

Козы көш жерден көрінген
Қоңыр қаздардың тізбегін
Қоғасы біткен көлімнен
Кобыздай сарнап іздедім.

Қоңырым озып пырактан,
Қом сулы қоныс гүлдеген.
Қоңыр жел есіп қыраттан,
Коламталарымды үрлеген.

Қоңырқай тартты өлең де,
Қонатын басқа бақ қайда?
Қоңыр қозылар көгенде –
Қотарып ішер ақ қайда?..

* * *

Бір өлеңім бар еді,
Бір өлеңім болғанда –
Аққу текті Ар еді,
Заманының зары еді,
Ғаламының әні еді.
Бір өлеңім бар еді,
Бір өлеңім бар еді.

Бір өлеңім тірі еді,
Ғашық болып дүниеге –
Дұрсілдеген жүрегі.
Шуақ шашқан күн еді,
Төскейде өскен гүл еді,
Үздіккен бір үн еді,
Бір өлеңім тірі еді.

Бір өлеңім...
Бір өлең,
Жапырақ жайса жыр емен,
Жайнап өмір сүрер ем.
Тілегім ең тілеген,
Әулием ең түнеген.
Сен де мені білер ең,
Бір өлеңім...
Бір өлең...

* * *

Қарашада қалмайды гүл ағашта,
Мына дәурен тұрмайды мына баста.
Шыр айналып шылбыры,
шыдам бітіп –
Жер тарпыды тағы да құла қасқа.

Алтын кірпік арай күн,
арманым ен,
Тағдырым бар табысар тандарымен.
Жауыздықпен шабысты жан-жүрегім,
Ауыздықпен алысты ардакүрен.

Тұлпарларым,
дұлдулім,
арғымағым!

Мәңгі бағым...
Тандарды таңға ұрамын.
Шалдығамын көмбеден көре алмасам,
Зар қыламын айта алмай Ардың әнін.

Мұңайтады мына күн мұңлығынды,
Жын-жыбырға тұргізіп тұндігімді.
«Елім-айды» ертемен еңіретіп –
Сүргендеймін бұрын да бұл ғұмырды.

Безеріп бел,
өксіп қыр,
жылады ауыл,
Жаратқанның ести ме құлағы ауыр?..
Желбауымды желкелеп желпілдеткен –
Басқа дауыл, білерім, мына дауыл.

Арманым-ай!
Алды-арты айран-асыр,
Жырларымды жолында пайдаға асыр.
Асылымға араша түсे алмаған –
Жайма базар секілді жайма ғасыр...

ҚАП АРҚАЛАП БАРА ЖАТАҮР ҚЫЗ БАЛА

Бақ тілегін сарқып алған,
тойын да,
Ақ білегін артып алған мойынға...
Қап арқалап бара жатыр бала қыз
Алматының «Арбатының» бойында.

Көшесі бұл қайыршының,
мастын да,
Нөпір адам...
үқсайды екен тасқынға.
Қайысады, майысады нәзіктік
Ала тайдай ала қаптың астында.

Көңілдерге көктем сыйлар күй керек,
Кімге айтарсың
көріктіге тиме деп?
...Көк базарға бара жатыр көркем қыз
Көне күрте,
ескі етігін сүйрелеп.

Қалтырап гүл...
қалады ма қырмызы,
Жарқырап бір жанады ма жұлдызы?
Қап арқалап бара жатыр көшеде
Арыс туар Алашымның бір қызы.

Ажары да ашық екен ақ таңдай,
Базарына жетсе деймін қақталмай.
Аузын буған қытай қаптың ішінде
Тағдырының бар салмағы жатқандай.

Мұқым қайфы...

Таяз бақыт.

Күз.

Қала.

Сықырлайды аяз-уақыт сыйдана.
Жын-ғасырдың жүгін жеңілдетем деп
Қап арқалап бара жатыр қыз бала.

СОНГЫ ӨЛЕҢ

*...В этой жизни умирать не ново,
Но и жить, конечно, не новей.*

C. Есенин

Ей, Есенин,

бала кезден дос едің,

Шайыры едік шарап ішкен көшенің.

Тіршіліктің шығара алмай есебін

Басың қатты,

басым қатты неше күн...

Қайран Сергей Есенин...

Қыстай екен,

құстай екен соңғы өлең,

Көк аспанның көркі болып көлбекен.

Көкпар-жырда көк атты жүр көлденең.

...Сені сырлас көріп едік,

соңғы өлең!

Қадір түні қабірінді тербеген.

Тағатыңнан айырғанда сағатың,

Әйнегінді әйбат тамшы қағатың,

Соңғы өлеңді сыйырлады қара түн...

Мына жалған орманы емес орыстың,

Рязаньнан жолға шыққан бала ақын.

Маңайында мезет сайын мың дүбір,
Мың дүбірден мұң ішеді мұңлық ұл,
Көздерінді көктем көміп...

тұнды гүл.

Соңғы өлең боп басталады бір өмір –
Соңғы өлең боп үзіледі бір ғұмыр.

Ей, соңғы өлең!

Тамырларда тулашы,
Сен де, мен де сол ауылдың тумасы.
Шағаласы шабытымның, шулашы!
...Өмір, өмір өлең бола алмайды,
Өлең деген – өмір екен тұрасы...
...Ей, соңғы өлең!..

**АҚПАНДА. АҚӨЛЕНДЕ.
АҚ АЙДЫНДА**
(Ілия Жақановқа)

Айнала шомылғандай арай-нұрға,
Ақпанда,
Ақөленде,
ақ айдында.

Тербеліп,
тебіреніп талай мұңға –
Ағатай, келіп қалдық қалай мұнда?!

Беу, шіркін!
Айдын қандай,
ақпан қандай?!

Ақөлең ақ ниетін ақтарғандай.
Ағатай, біздің сапар ақ болғандай,
Басына Балқаш көлдің бақ қонғандай.

Ақөлең – балықшы ауыл алыстағы,
Сенімен келіп едік табысқалы.
Жігіттің ақ айдында Арыстаны,
Әуенде түсінетін ағыстағы –
Ағатай, жатыр білем өн үшқалы...

Басына Балқаш көлдің бақ қонақтар,
Ақ айдын,
Ақөленде.
Ақпан,
Ақ қар.

Ақ әлем, ақынында ақ қанат бар,
Ағатай, қалсын біздер жаққан оттар.
Ақ айдын,

Ақөленде.

Ақпан...

Ақ қар.

Ақ дүние, сені аңсаған асыл жыр ек,
Көзайым күнді іздеген жасыл жібек.
Ағатай, қалмайықшы

жасып,

жүдеп...

Тағдырдың уын ішкен,
тасын күреп,
Ақөлең, біздің жүрек – ғашық жүрек.

Ақпанда алыс қырдан тапқан өлең,
Қанатын ақ айдында қаққан өлең,
Арманды арна болса ақтарар ем.
Жарық күн,

жалғыз өлең жаттаған ем...

Ақөлең...
айналайын аппақ әлем...

* * *

Сағыныштың сарғайса да сағымы ақ,
Арман сүйген арлы кез де, жарлы кез.
Кірпігімді күн нұрына малып ап,
Көкжиекке қарай-қарай талды көз.

Үздіккенде үзіп алсан үміт – тұл,
Сынап-күнді уысымда сырғыттым.
Қарашығы қара өлеңге тұнып тұр
Мұнар күннен

мұң сапырган мұңлықтын.

Көңілдерге көмескілеу күй енді,
Мұнар күннен

мұң сауғанда мың жүдеп...

Қарағайлар қара ағашқа сүйенди
Тамырларын торғыл шуақ тілгілеп.

Көкжиекке көктемдерім көшетін,
Кер күндердің керуеніне серікпін.
Арай іздел айдындарды кешетін
Ақ дүниеге ақын болып келіппін.

Толқынымды толқытқан да
тойлатқан,
Қайран күндер қайта оралмас қас қағым.
Жасындарын жан-жүректің ойнатқан
Басымдағы бас қамынан басқа мұң...

* * *

Қобыз кеудемнің сынық шанағы,
Боздайды бүгін ұрып сананы.
Төзімге бойым мойынұсынып,
Сезімге ойым құрық салады.

Қашып шабыттым шатынап қалдым,
Сыбдырын естіп ақымақ талдын.
Зәремді алды
жанбырды жоқтап
Жылаған даусы жапырақтардын.

Көңілден кейде нұр қылаулады,
Уақыттың түспей қылбұраулары.
Қоңыр кештерде қозғайды мені
Қоңыр қаздардың мұндылау өні.

Біздің де бастан оза ма жалған,
Тиянақ таппай тоза ма арман?
Бозала таңда боз жусан көрдім
Боз қырау шалып бозара қалған...

ЕРУ ҚОНДЫ ЕЛУІН...

(Әбубекір Қайранға)

Әбіштай,

Әбубекір,

досым Қайран,

Елуге еру қонып қосын жайған.

Жырды нұр санайтүғын жан құрдасым,

Бұл ғұмыр тұрады екен осындайдан.

Барында базарының бақ сынатқан,

Кеудесі – толқын-толқын Ақсу аққан.

Тағдыры – тарғыл түсті Тарбағатай

Ақын боп жолға шыққан Ақсұаттан.

Елуің еске салды қайдағыны,

Қайран дос –

Әбубекір Қайранұлы.

Алысқан ауыздықпен аргымағым,

Арыстан – алам деген айдағыны.

Бұл елу еру қонар тұғырың ба?

Еріп бара жатқандай ғұмырың да

Қасқыр жайлы жыр жаздың итшілемей,

Аспан жаққа бір қарап ұлыдың да.

Бақ түнеткен бастағы байлық осы,

Қасымызға тікпесін қайғы қосын.

Енді елу жыл іздесең таба алмайтын

Жайлыбайдың Ғалымы – жайлы досың.

Толқынымды толқытты қайдағы ағыс,
Алашыңды аялап,
 аймалап үш,
Еңку шалып елуге келген ерім,
Кайран күрдас,
 кайран дос,
 кайран Әбіш!..

БАБАЙҚОРҒАННЫҢ БАЛАСЫ

(Қасымхан Бегмановқа)

*Үстімде сүр шинелім,
Ақсанңдай басып келемін.*

Қасым

Өтірік емес,
расым,
Сенбейсің, бәлки,
сенесің.

Үстінде қара плаштың,
Ақсандаій басып келесің.

Ауылдан кеттің адасып,
Өткенің өкпек...
қарашы.

Қарашығында – Қарашық,
Бабайқорғанның баласы.

Жыр жазып едім төгіліп,
Қайда деп менің сыбағам.
Есінен танып егіліп,
Еніреп кейде жылаған.

Ей, Қасымхан дос,
құрдасым,
Шерменде жанды шер мендер.
Жыласын ақын,
жырласын,
Көз жасын сүрте көрмендер!

Сорғалап қонған әндейін,
Сабана түсіп ақырын.
Іздейсің мені...
 сәл кейін
Қайранның Әбубекірін.

Алдаған емес арманың,
Телмірме тұнде шыраққа.
Сен Қасым бола алмадың,
Қасымхан болдың бірақ та.

Көнілден күмбір күй тәгіп,
Ағызба көздің жасын бос.
Ит жылы туған ит едік...
Қайтейін сені, Қасым дос?!

ҚАЗАҚЫ ӨЛЕҢ

Өмір,

сенің арнаңа түсіп ақтым,
Толқын-толқын күндерді ұшыраттым.
Бізің бастан бір дәурен жалт береді
Үйіріндей үріккен қысырақтың.

Жарық таңның жалқыны –

жалғасқаным,

Ардың әні –

шырқаған алғашқы әнім.
Мұнар-мұнар мұнартқан бір керуен,
Мендегі мұн,
бауырым,
сөл басқа мұн.

Жыр қақтадым жанымның жалынына,
Үрғақтарым – шабыттың шарығына
Қайралды да...

қосылып күніренді
Шалдар шалған қобыздың сарынына.

Дүр дүние,

дүрмек пе,

дүрбелең бе?

Белгі болып қалармыз бір беленде.
Осы өленді жазбай-ақ қояр едім
Жалғандығын жалғанның білмегендे...

* * *

Жаныма жақын жандайсың, жаным,
Қандай шыдамың,

Ардай сыңарым.

Тағдырдың уын татып көрмеген
Балдай шырағым.

Күн болып шыққан күнім дейін бе,
Қырқада өскен гүлім дейін бе?..
Откінші күннің өкпек желінен –
Тұңғымайін де.

Ай болып туған айымдаймысың,
Ай аймалаған қайындаимысың?..
Сүйіп қалғанмын,
жыпта алғанмын –
Фапыл ғаламның уайым-қайғысын.

Сыңардың сырын сырлас ұқпады,
Мұнарамызды мұң басып қалды.
Тоспайды көңіл шырынын ғана,
Қоспайды өмір шын ғашықтарды.

Баянсыз күннен бақыт көрмеген,
Дұлдулің өтер уақыт-кермеден.
Ардай сыңарым,
балдай шырағым –
Тағдырдың уын татып көрмеген...

* * *

Бәрі ағады,

керуен-күн ағады,

Қалың тұман жасырып мұнараны.

Тұңғиқтан зәмзәм боп тұнады ел,
Тасқайнардың мөлдіреп тұмалары.

Бұл фәнидің бітпейді сұраулары,
Қарт таулардың басынан күн аунады.
Мұңға малған күздегі көңілімді
Тырналардың тізбегі тыраулады.

Кер заманның желі де қатты еседі,
Басымыздан баянсыз бақ көшеді.
Бақ көшеді,
барыңды ап көшеді
Арман болып арудың ақ төсегі.

Бас қатады

өзінді өзің білмей,

Сор айдаса солады сезім гүлдей.

Жазалайды талайлар жаныңды жеп,
Мазалайды сан ойлар көз ілдірмей...

...Серік болса сенімің иманыңа –
Жаратқанның жарығын қиғаны да.
Ақ-қараның арасы ашыларда –
Бір қарапын,
дүние,
дидарыңа...

* * *

Шаңырақты көтереді уығы,
Тұндігінен қарамаса қайғы, азап.
Күреңітті күздің қара сұғы,
Халің қалай,
әй, қазақ?..

Жұлдыздар да жымында май тұндеңі,
Қара аспанның мұң шалады мұнарын.
Базар барып бақ сыйнайтын күн бе еді
Басындағы мына күн?..

Сары даланың сағымына сыр ашып,
Соқпағыңың шықты білем сартабы.
Жазық жондар бүйра құмға ұласып,
Бүйіғады боз беткейдің барқаны.

Өзек талса –
өксіткенің өмірінді,
Тас көшеде тәрк болып талабың.
Қара базар қарайтады көңілінді,
Ақ ішіп жүр, қарағым...

ЖАЛҒЫЗ ТАМШЫ

Төбел арай төбеге төркіндейді,
Таң тонасын тамыздың көркін, мейлі.
Жапыраққа ілінген жалғыз тамшы
Жанардағы жастай боп мөлтілдейді.

Күрсінгенде күмілжіп күз рені,
Сүренсіздеу сүмбіле сүзіледі.
Жапыраққа ілінген жалғыз тамшы –
Демі бітсе үн-тұнсіз үзіледі.

Тұнық сырдың тұңғиық тұмасындей,
Өмірінің өрнектер жыры осындей.
Жапыраққа ілінген жалғыз тамшы –
Тұнгі нөпір нөсердің мұрасындей.

Жасын кешкен жанымның жарқылы –
жыр,
Алды – уайым тірліктің,
арты – дүбір.
Жапыраққа ілінген жалғыз тамшы –
Маңдайима жазылған жалқы ғұмыр...

Сайрап кезде сайрасын тоты бақта,
Торықтырма,
тонама,
тоқыратпа!
Жалғыз тамшы ілінген жапыраққа
Үзіледі...
сіңеді топыраққа...

Арайларын Арымның аршыды нұр,
Сал,

сал дәурен,

сал дәурен,

салшы дүбір!

Жалқы жыры жалғаның жанымдағы –
Жапыраққа ілінген тамшы-ғұмыр!..

КЕРБЕСТІНІҢ КЕКІЛІ

Беу, кербесті еді көргенім,
Ерен де өрен бір жүйрік.
Өлкемнің өрін,
белдерін –
Ылди ғып шапқан қылқұйрық.

Күдері жалы төгілген,
Орлардан орғып қарғыған.
Бәйгеге түссе көрінген –
Аламандардың алдынан.

Жараса бүгін бауырынан
Бақ шабар,
кейде бап шабар.
Күміс тер саулап сауырынан
Кекілін тарап ақ самал.

Кербестідейін көңілдер,
Болады кейде құсалы.
Шаң-тозандарын жел үрлер
Кекілінде ме нысаны?..

...Егіліп құмдай...
жыладым,
Тас болып қайта бекідім.
Ақан сері боп сыладым
Кербесті жырдың кекілін.

БІР ТҮП ЕМЕН

Бұтақтары майысқан бір түп емен,
Сені көрсем безеді күлкі менен.
Мұңайтасын,
сыбырлап сыр айтасың:
«Тағдырымның жағасын жыртып өлем...
Кайыспайтын қайсарлық – бір түп емен.

Бір түп емен!
Сен осы білесің бе?
Кырқасында қыраттың гүл өсуде.
Қатарларың көп еді бой түзеген
Сонау жылы айналды күресінге.
Ажалдары – адамның үлесінде.

Жасыл қырдың – тұрағың – жартасында
Басындырдың тағдырдың балтасын да.
Бір түп емен

шөңгे бол қадалып тұр
Арқа-жарқа таулардың арқасында.
Тірлігіңен кейде осы қорқасың ба?

Бір түп емен,
түсіңе мұң кіре ме,
Жылата ма немесе
күлдіре ме?
Наурызда сары уыз жапырағың
Тірлікпенен қауышып дүрліге ме?!
Сарғайыпсың жетпей-ак сүмбілеге...

Бұтақтарың бүтіндей майысады,
Жанарынан жаз туса жай үшады.
Алмағайып бұл тірлік алма-кезек
Өмір-өлім бойында сайысады.
Сені көрсем қабыргам қайысады.

Ей, адамдар!

Тағыны таласаң да,
Тектіліктің тәніне жара салма.
Бір түп емен!

Мен сені күтімі жоқ –
Жетім қалған үқсаттым қара шалға...
Мәуелім-ай, алдында аласарма!

Бір түп емен!

Көрдің бе, ашылды күн,
Жапырағың жаяды жасыл гүлін.
Өр тұлғанмен көтеріп тұрғандайсың –
Сайқал өмір сыйлаған ғасыр жүгін,
Талақ етіп тағдырдың тасырлығын.

...Түсіме ендің сен тағы,
бір түп емен.

Жаным жасып қалғандай нұр тілеген.
Жастығымнан басымды жұлып алдым –
Жамау болмай жүрекке – жыртық өлен!
Бір түп емен...



* * *

Көмкерілген көктемім нұр-арайға,
Көк көйлегін көңілдің мұң орай ма?
Жаңаарқаның жазира жазығында
Құралайлар өретін құралайды.

Кездесіп ек...

шын үқсан шырақтыға,
Жылжып аққан жылдарың жылатты ма?
Мына жалған тұңғиық теңіз болса –
Тұна қалған екеуміз – бір ақ тұма.

Мұнды реңің қалыпты,
сезімдерің
Сүмбіленің суындай суып кетіп.

Көз алдынан көктемде кешкен ағын,
Он бесімде лаулаған

өшпе, жалын!
Елік күннің естісем ескен әнін
Еске аламын мен сені,
кеш, қарағым...

* * *

Астана мынау шамдары жасыл-қызылды,
Тербетіп тұрған таңдары ғасырды, бізді.
Жинауға жүрміз Алаштың алауыз ұлы
Шашылып кеткен сыйнығын асылдың ізгі.

Ұйқы ашылғалы не заман,
жұрт ашынғалы.
Жұрт ашынғалы көгімнен
бұлт ашылмады,
Тап бастыра ма, жоқ, әлде
қақбас қыла ма –
Астаң да кестең Уақыттың
бұрқасындары?

Өзегімдегі өртімді өмірім жүндеп,
Өксітсе қалай айтамын өр ұлыңмын деп?
Арқаға жауған ак қардай аяулы-ак еді,
Қалмаса деймін қайранда көнілім кірлеп.

Тұрамыз біздер Алматы – сауық қалада,
Сауық қалада әзірге қауіп бар, аға...
...Нашақор Коля тұнімен ойранды салып,
Маша апай бізді жасырды тауық қораға.

Сағымы сәнді сары бел – өскен тұғырым,
Кимай да қимай қол бұлғап
көшкен-тін ұлың.
Сонарға сайлап жүр едім,
сүркөжек болмай –
Көкбөрі болса жарады қос бөлтіргім.

Көктөбе жақтың баурайы – көгорай белен,
Көгорай белен қырқадан көп арай көрем.
Көктерек күнге қол созар көктемі туса
Өкпелеп жүрме біздерге, өлең-ай, өлең...

КӨШЕМІН ЕРТЕҢ...


Көшемін ертең,
босатам Коляның үйін,
Бұл көшу маған, әрине, болады қыын.
«Турчатникте» тұрақтап үйренген едім.
Тоңады миым...
санамда соғады құйын.

Алматы келдім, ағамен ақылдаспадым,
Ақылдасқаным –
өлеңмен бақұлдасқаным.
«Татаркадағы» татар шал «тамырым» еді...
Көшірісуге келіндер, ақын достарым!

Көгімнен тұнде жұлдыздар шалқалап ағып,
Жауады жерге...
қайтейін қалқага налып?..
Алматыңыздан қарсы алған адам көрмедім
Арқадан келген ақынды арқаға қағып.

– Бұл өнер өрге шығарар төзе білгенді,
От жақ, – деп, – жырдан, –
Қасымдар кезегін берді.
Құлындарымның тағдырын талапай еткен
Қу сөзден қуырдақ қуырмай беземін енді...

Аңқасы кепсе арманның
сыр бар-ау мұнда,
Білерім – бүгін ілікті жыр қарауылға.
Бошалап кеткен Бозкөлдің бозінгендері
Боталап қайтса болғаны туған ауылға.



Көгімнен түнде жұлдыздар жанып ағады,
Жанған жұлдызың ақ таңға табы қалады.
...Арқадан келген ақынның арқасы қозса –
Аспанға көшіп, ақ сарай салып алады.



* * *

Ай көрдім,

аман көрдім бұл айды да,
Карғамай қасқаны да, Құдайды да.
Күндерің ұқсамаса шырайлыға
Тұндырған тұма сұы лайлы ма?!

Катыны ортекедей ойқастаған,
Ақыны орамсыздау ой бастаған.
Заман-ай, әңгүдік таз той бастаған,
Заман-ай, қотыр серкеш қой бастаған.

Сарқырап бүрқамайды құздан ағын,
Жарқырап шырқамайды қыздар әнін.
Құзырға иілмейді қалталылар,
Қызылға шүйілмейді мұзбалағым.

Кез келді қоңсы қонар,
 келші, арманым,
Жүргегім жылағалы –
 дел-сал жаным.

Сарғайып сары белден таң атқанда
Сар желісті құлаға ер салмадым.

Kacipet -

қосылғаны сорға қайғы,
Қазанат шідерімен жорғалайды.
...Самсаған жұлдыз көрдім сүмбіледе,
Ай көрдім, аман көрдім толған Айды...

* * *

Киік-күндер көкжалдан қашқан саяқ,
Тастарды аяп тұрмын мен,
аспанды аяп.

Менің жыртқыш жылдарым азуына
Ақку-жырды басады жасқанбай-ақ.

Жыр саулайтын жүректен
қан саулаған.

Жастық жылап барады жан сауғадан.
Бау-шалмадан ақ орда ада болып,
Таусар болды төзімін аусар балаң.

Қыз бен гүлді жыр етіп арайлана,
Талай шайыр өткен жол,
талай дана.

Сұламадан сау жеткен өлеңімді
Бура-қоғам шайнайды қалай ғана?

Ұлтым қайғы кешкенде,
жұртым қайғы,
Сарыт уайым сағаты сыртылдайды.
Ақындары алақан жайған елдің
Қатындары қол бастар ұл тумайды.

* * *

Өмір кештім,

мен де бір өмір кештім,
Көрпесіндей сусыған көнілдестің...
Көздерінен күндердің шуақ еріп,
Көгорайлы көктемді қуады елік...
Арлы армандар – арнаға толтырғаным,
Жартастарды сүйеді толқындарым.
Ақ қар еді туғанда...

ақпан еді,

Аппақ әлем бөледі баққа мені.
Ақындардың ат қосып санатына,
Аққулардың жыр жаздым қанатына.
Тынышымды алған тылсымдар –
тілдескенім,

Тұлпарына ешкімнің мінгеспедім.
Көнілімнің көмбесін жиі ақтарып,
Сазға біткен сары ағаш сияқтанып –
Солқылдадым,

несіне жасырамын?

Сонан кейін сізге аян тасығаным...
Әлең болып өріліп өскен өнір,
Көлбен-көлбен етеді кешкен өмір.
Сөүле ойнатып сұлудың сырғасына –
Күнім шықты өрмелеп қыр басына.
Төңірекке тәбел нұр төккен арай,
Көкжиегім кеңіді көкке қарай.
Басын иіп тұрган соң еңіс біткен,
Мен өзімді іздедім кеңістіктен.

Он бесінде туған Ай толысарын,
Жол біткеннің бір жерде тоғысарын
Ұғып бүгін:

«Ай-хой!» – деп дауыстадым,
Қарғам, сенің қай кітап тауысқаның?
Өмір кештім,
мен де бір өмір кештім...



Шырафдан

Толғау және поэмалар



АҚ СИСА

(Поэма)

I

Бисмилла рахмани рахим,
ал бастадым,
Жанымның жарқыратып алдаспанын.
Бар еді, бауырым-ай,
алда асқарым,
Жалы еді арғымақтың жармасқаным.
Тамыздың тамылжытып таңғы аспанын,
Өрейін өршіл өлең,
Ар дастанын.
Арналы өзен еді жалғасқаным,
Бисмилла рахмани рахим,
ал бастадым.

Жүйткісін жүйрік жырым Құлагердей,
Көнерген көңілім бар құба белдей.
Кешеден бүгінгіге жеткен өлең –
Қаз мойын қасиетті құрама ердей.
Шабыттың шалқып жанар шырағы өлмей,
Білгенге біздің ғұмыр – бір әлемдей.
Несіне жыр қыласың деп ойлама,
Тұншыққан тұргыласым тұма көрмей.
Сызылтып сыр айтайын мұрагердей,
Сөзімнің арасынан сына бермей.
Құла дүз құзғын қонар құзға айналса,
Құлагер қайтеді енді құлап өлмей?!

Ақынды аяла, аспан,
аяла күн,
Төр етіп төскейінді саяладым.
Көлінде Жасыбайдың сайран салып,
Ақбеттен асқақтаттым Баян әнін.
Жасыл бел,
жасыл әлем,
сая бағым,
Айдында аққұымды аяладың.
Жыр етіп алдыңа өкеп жая аламын
Қазақтың қай алқабын,
қай алабын.
Баянсыз баяны бар бақи күннің,
Баянды ғұмыры бар Бай Ананың.

Баянтау!
Баурайың – ән,
бағың – дастан,
Көркінді жыр етеміз жаңылмастан.
Көздері көлдерінің жәудіресе
Айнымай қалады екен қарындастан.
Көлдері аумай тұрса қарындастан,
Баянды бар ма әлемде сағынбас жан?
Асық боп өтері анық Ақбеттауға
Фашық боп осы өлкенің маңын басқан.
Күні алау көңіліңнің шаңын басқан,
Тұні анау
бақыт тербел,
бағынды ашқан.
Айынан аспандагы арай саулап,
Сайынан Сарыарқаның сағым қашқан.

Сәлдесін тұн көтерсе,
сәл ойланып,
Таңдары атады екен арайланып.
Төсіне Ақбеттаудың тұмар қадап,
Көшіне бабалардың қарайладық.
Тағдыры талайсыз да
талайлы анық,
Күндердің керуенімен талай налып
Өткен көп
өмір сеуіп өркеніне –
Біздің де көшімізге қарайла, жұрт!
Жасыбай!
Жағаңа кеп аялдадық,
Тағдырдың тамырында қан айналып.
...«Баянаула басынан бұлт кетпеген»,
Баянаула басына бақ айналып.

II

Баянаула басында бал қарағай,
Үмітімнің үзігі жалғана ма-ай?
Қайғы-мұңға салды да қайығымды,
Айдынында тербеді арман-арай.
Қызығы жоқ қысының қар борамай,
Ала қашар Алқоныр алға қарай.
Абыржыған көңілге көктем сеуіп,
Тамылжыған тамызы таңға қарай.

Баянаула басында құр балалы,
Балапаның қорғаштап мұнданады.
Тұғырыңның құт көшер маңайынан
Ғұмырыңның бітпесе шырғалаңы.

Сұрғылт тірлік телісе мұң-наланы,
Таусылған жұрт қайтеді
күнде амалы?

«Баянаула басында балалы құр...»
Баурайында тал-қайың ырғалады.

Ойға батқан сыр тарттым орманынан,
Әулиетас,

Найзатас,

Корғанынан:

Топ терегі толғанып томсырайып,
Тобылғысы бастады толғанып ән.

Ізін кессем бабамның

६८

баялан,

Соқпақтары салады жолға бұлаң.

«Баянаула басында балалы құр...»

Кызғыш құстан аумайды көл қорыған.

Тар жол,

тайғақ кешулі қындықтың

Бәрін жендің,

жазмыштың сыйын күттің.

Тұлпарыңан тұсамыс алынбаса

Ұрпағыңнан мызғымас үйим күттің.

Тұрмағасын басында

дүйім күт күн,

Күдері жал күндердің

күйін күттің.

Тоғайтады көңілінді

токсан толғау —

Соны айтады баласы Сүйіндіктің.

«Өтеді екен дүние қас қағымда,
Ойнап-кулген жарасар жас шағында...»
Аяны бар Мәшһүрдің түсіне енген,
Баяны бар таңбалы тастарында.
Қырандары шың-құздың бастарында,
Бұқар баба жырының астарында.
Сұлтанмахмұт,

Жұсіпбек,

Олжас болып –

Асуынан Ақбеттің аспадың ба?

Жиендері бұл елдің:

Жұлдыз Шоқан,

Қаныш,

Әлкей,

Шәкені – асқарында.

Баянаула басынан бұлт сейілсе,

Жұлдыздары самсайды аспанында.

Дала, расы, жаралған

Ақық,

Ардан,

Баламасы Баянның –

Ақын,

Арман.

Өріміне өлеңнің өкінбейін –

Қапияда мергендей қапы қалған.

Тірлігінің аты – өмір,

заты – жалған,

Керуен соққан күндердің

хаты қалған.

«Ақ сиса» ақын Мұса өткен

Ақбеттауда –

«Мұстапасы Шорманның атын алған».

III

...Ай өтті – Жаяу Мұса тас түрмеде,
Таланып қандалаға,
аш бүргеге.

– ...Оязға арыз айдал несі бар, ей?!
Шығарған өз үкімін қашқын неме!..

Тар қапас,
темір тордан терезесі,
«Пендеге пенде болған»
деген осы.

Есіңмен тандырардай
ер егесі
Ережесіз ғұмырдың ережесі.

...Сонымен тас түрмеде Жаяу Мұса,
Көңілі көп тобырға қаяу Мұса.
«Көлденең көк атты» деп ойламандар,
Сезімі сергек,
жаны ояу Мұса.

Өрт болып өзегінде лаулап арман,
Тағдыр бұл –
тасқа барған,
тауға барған.

Ғұмыры қосылмайтын соқпақтары
Шорманның ұрпағымен дауга қалған.

Осында ұры-қары,
қашқын көші,
Тобылдың тор терезе,
тас түрмесі.

Тамсанар талантыңа орын емес,
Қан сорар қандаласы,
аш бүргесі.

Көктеген көктем сайын көп өлеңнен,
Бүр жарып кетсең сен де көгерер ме ең?
– Ақынды абақтыға айдатқан кім,
Тұрмеге Жаяу Мұса неге келген?

Сайраған бұлбұлы еді жыршы бақтың,
Көңілдің көк толқыны, тыншып ақтың.
Байжанның баласының өлеңінен
Жауабын бірге іздейік бұл сұрақтың;

«...Сәлем айт
көп Қаржастың баласына,
Қалдым мен Мұстапаның жаласына.
Әкеңді өлтірген кім – мен білмеймін,
Сонда да құнын менен аласың ба?

...Тобылға он екі жыл мен айдалдым,
Артымда елім, жұртый, бәрің қалдың.
Адамға еш жазығым жоқ болса да,
Нақақтан жазаландым,
көп сандалдым».

Зауалды басқа берме,
Күдай, тағы,
Шырайын шындығыңың жыр айтады,
Жыр айтса жанымызды мұнайтады.
Елім деп еніреген елік көңілі
Өлеңді Жаяу айтпай кім айтады?..

Көкке үшқан көңілінің қазы, міне,
Алаштың баласының азығы де.
Құса күн қаяу қонған қабағына
Мұсаның Жаяу болған жазығы не?

Тазалап зарлы жүрек,
мұң көңілді,
Ақбеттің ар жағынан Күн көрінді.
Баянтау!
Барынды жай алдымызға,
Жасыбай!
Жасырмай айт білгенінді.

Откеннің түгендейік қай наласын,
Жұртым-ай,
бір шеңберді айналасың –
Азапқа азаматты байлағасын,
Ақынды абақтыға айдағасын.

Емес-ті елі бөтен,
жері бөтен.
Жезқанат жез маралдай желіп өтем.
Мұсаға Жаяу атын қосып беріп
«Жаяудың шаңы шықпас»
деді ме екен?!..

Зулашы!
Керуен-күн, тоқтамашы!
Ақынның әлімсақтан жоқ бағасы.
Шорманы орманына қорған болған
Қаржастың қаршығадай көп баласы.

Көңілде қайырлаған қайран күйсің,
Қайрылсаң қайырмаңа пайдам тисің!
Екі бас бір қазанға сыймағандай –
Бір елге екі Мұса қайдан сыйсын?!

Келе алмай кей жақсымен келісімге,
Келтелеу ой болған соң
кегі ішінде.

Әке – Шорман,
ағасы – Мұса мырза,
Бір тентек жүрген шығар ел ішінде.

Корлыққа көнбес еді,
күші аса емес,
Жаяудың көрген күні –
қысас,
егес.

Сол маңың содыр мінез
сойылшысы –
Шорманың Мұстапасы,
Мұсасы емес.

Жаяудың көрген күні –
түрме,
дырау,
Арты қайыр боларын білмедің-ау.
Ақ самал анқылдайды ақын міnez,
Ел мынау,
сөгілмеген ірге мынау.

Алдында сенің жарық күнің көрер,
Құлаққа құбыладан үнің келер.

Тас шайнаң тарланбозым
түрмеде отыр,
Тұндігі көңілінің түрілген ер.

Өлең боп өріс тауып өмірі алдан,
Көгерткен көңілінің көгін арман.
Ары боп Ақбеттаудың ақын өткен
Аттыдан жаяу жүріп кегін алған.

Санаңды сарғайтатын
сан алаңы,
Шабытпен шалқарларым шағалалы.
Бұл дүние – әлімсақтан қазақ үшін –
Атты менен Жаяудың аламаны.

Жаяу толқын,
жаяу күн,
жаяу арна,
Жапырағымды жайқалтып жаям алда.
Дара туған алыптан айналайын,
Жаратылған жарықтан Баянаула!

IV

...Баян Баян болғалы,
Көкалалы көп үйрек
Көліне кеп қонғалы
Сан жыршылар жырлады,
Сан ақындар толғады.
Торсық шеке ұландай
Толып туған толғағы.
Шың басында қырандай
Айналаны шолғаны.

Биікке алып шығардай
Соқпағы мен жолдары.
Құла дүзде құландаі
Құйындастса – сол бағы.
Қасиетінді үға алмай
Сорламасақ болғаны.
Ұлтымызға ұрандаі
Ұлы Даға қорғаны –
Сен аман тұр, Баянтау!

Жапан дала,
 құла дүз –
Тұна қалған жыр-аңыз.
Бұл өлкенің өткенін
Мына бізден сұраңыз.
Баян,
 Баян,
 Баяным,
Сары белде саялым.
Атырабыңды аялап,
Жапырағымды жаямын.
«Елім-айлап» ел көрдім,
Сергелдең бол
 сенделдім,
...Ай артынан ерген Ай,
Күн артынан ерген Күн.
Баянауыл – ән басы
Қазақ үшін қашаннан.
Тағдырымның таңбасы
Тастарында қашалған.
Сен аман тұр, Баянтау!

*Биікте Көк Тәңірі,
Төменде қара жер жаралғанда,
Екеуінің арасында адам баласы
жаралған...*

«Күлтегін» ескерткішіндегі жазу

Сау тұрғанда қара жер.

Көгім,

Күнім,

Өріп берем өлеңмен өмір гүлін...

Баян жайлы аңыз көп осы өңірде,

Баян еткім келіп түр соның бірін.

Арай сүйіп аймақты

Ар тұнғандай,

Шұғылаға шуағы шарпылғандай.

Адам Ата – Xaya Ана кезікпей-ақ

Қасиетті қара жер бар тұрғандай.

Откені – өлең Баянның,

сыры – ертегі,

Онсыз қазақ қалайша күнелтеді?

Адамзат аз,

ұрлығы саз заманда –

Екі қауым ел жайлап бұл өлкені.

Жаз кеп қалып,

соңынан күз кеп қалып,

«Сен» деп қалып бір-бірін,

«Сіз» деп қалып.

Екі қауым ел жайлап бұл өлкені,
Ғұмырының баянын іздепті анық.

Тірлік, шіркін, көкпар ма,
alamан ба?
Адам кейде ұқсайды жаралы аңға.
Шұрайлы да шырайлы жерді көріп
Екі қауым басыпты:
«Мен аламға...»

Таласыпты көркіне таңдай қағып,
Таңдай қағу аяғы
дауға айналып.
Алақандай атырап дауға айналса,
Егіз жатқан екі жұрт жауға айналып.

...Қасиетіне бас иген қатынасқан,
Бөлекшелеу жаралған заты бастан.
Осы өлкеде көріктің көрігіндей
Аппақ Ана болыпты ақылы асқан.

Ақиқатын айтайын сөз бергенде ел,
Таразылап өздерің
безбендендер!
Аппақ нұрдан жаралған Ақ Ананы
«Бай Ана» деп атапты көзкөргендер.

Аян болып бұл талас аумағына,
Батырына сұрапты сауғаны да.
Игі жақсы жиылып Бай Анадан
Кесім сұрай келіпті дауға мына.

Бізге жеткен осылай толғақ аңыз,
Санамызда сарғайтпай толғанамыз.
Ақ самалға сүйгізіп ақ жаулығын
Арналы сөз бастапты сонда Анамыз:

– Ай, ағайын, абайла!
Мәмілеге дау көнбесе
Айналады дамайға.
Бірлігіңе, ендеше,
Бітім керек қалайда.
Палуандарың белдессін,
Жамбы ату да – қын сын.
Ел сонымен елдессін,
Жер – женғенге бұйырсын! –
...Айтып өмір өлеңін,
Жұрт тарапты мамырлад.
Ақ Ананың дегенін
Ақ батадай қабылдал.

Байламды ойдың байыбы нұр естіріп,
Көңіліне көгершін ілестіріп.
Екі қауым жүйрігін жарыстырып,
Екі қауым палуанын күрестіріп.

Жазирасы жаһанның жалғап қызық,
Кеш батқызып,
содан соң таңды атқызып.
– Женғендерің жерге ие боласың, – деп
Мергендерін сынапты жамбы атқызып.

Ай сығалап Алаштың түндігінен,
Екі қауым байланған кіндігімен.
Күн артынан керуен-күн жылжысын
Асып кете алмапты бір-бірінен.

Тірелген соң түйыққа түйғын ері,
Бірін-бірі ала алмай шүйлігеді.
Шетін даудың шетіне шығар емес
Жақсылары екі елдің,
игілері.

Қайырламай тірліктің кемесінде,
Қарсы жұзіп толқынға келесің бе?
Шешімімен, кесектеу кесімімен
Қалды мәңгі сол аңыз ел есінде.

– Ертеңі бар елміз ғой, өсер егіз,
Толып тұрған жазуға пешенеміз.
Бай Ананың ауылы болсын мәңгі,
Көгермейді дауменен көсегеміз.

...Кең өлкенің ырысы жатар асып,
Емес бізге дау-дамай ата кәсіп.
Бай Анаға баянды болсын айтты
Батар кеште екі жақ баталасып.

...Төбел күнде төсінен күй ұққасын,
Бабаларым бауырында ұйықтасын!
Бай Ананың баянды ұрпақтары
Баянтауга өтеді иіп басын.

Іздегенде мұхиттан мұрамызды,
Құба жонды қиялап,
құла дүзді,
Баянаула,
Бай Ана,
Баянауыл...
Тарқатайын осылай бір аңызды.

...Басынан өтті білем тасыр заман,
Көгінен қара нөсер басылмаған.
«Ақ сиса» – ән биігі қазақтағы
Зұлмат пен зорлығына бас үрмәған.

Баянтау – жер асылы,
Жыр Тәңірі,
Шындыққа шырай беріп шырқар ұлы.
«Ақ сиса» – толқын-толқын керуеннің
Басынан көкке ұмтылған сұңқар үні.

Жалғассам жалғаныңа жалған дер ме,
«Ақ сиса» – аққу әуен арман-көлде.
«Ақ сиса» – жаяулықтың жармасқаны
Аттының шаужайына жан дәрменде.

Жаралған, бір білерім,
дала нұрдан,
Самалы айналады саналы ұлдан.
«Ақ сиса» – ақ дүниеге інкәр болып,
Өнердің өр толқыны жағаны үрған.

Самсаған сары белдің санатында,
«Ақ сиса» – ән ішінде дара тұлға.
«Ақ сиса» – қарашада қайтқан қаздың
Арман боп сусылдаған қанатында.

Аттылар қай кезде де асқан заман,
Жаяудың жанарынан жас парлаған.
«Ақ сиса» – Байжанұлы бабамыздың
Рухы Ақбеттаудай аспандаған:

«... Ақ сиса, қызыл сиса, сиса, сиса,
Жарасар қамзол сұлу белін қиса.
Шорманның Мұстапасы атымды алып,
Атандым сол себептен Жаяу Мұса.

Ақ сиса, қызыл сиса, сиса, сиса,
Қалмайды кімдер жаяу зорлық қылса?
Жиылдып орыс, қазақ қашқын дейді,
Көрермін ақыр бір күн күнім туса.

Жаныма батқандықтан ашынамын,
Мен неге жаяумын деп басыламын?!
Малым жоқ Шорман айдап алатұғын,
Корлығын Мұстапаның паш қыламын...»

Қасиет табылады қай арнадан,
Айдынға қайық салса аяулы арман.
Шорманның Мұстапасы атын алса
Мұсадай «Ақ сиса-ақын» жаяу қалған.

Ай нұрын аялаған асыл күйдің
Рухынан от оранып,
жасын кидім.
Аттыны ат үстінен домалатқан,
«Ақ сиса», аруағыңа басымды идім

* * *

1840 жылдардың екінші жартысынан бастап Баянаула түгелдей Орыс казаchestвосының «запас» жеріне айналды. Қыс қыстау, жаз жайлалуы тарылған Шорман тұқымының Айдаболдың Малқозысымен, Жаяу Мұса елімен егесінің басталған кезі осы түс.

Откеннің өксігінен жаным жүдер,
Өлеңім, өзекті өрте,

бағымды бер!

Сен неге жар салмайсың, Жасыбай көл,
Сен неге толқымайсың, Сабындықөл?!

«Ақ сиса» – арман дүние,

жыр-аңыз де,

Шындықтың шырайына шырақ ізде!

Бабалар өшкен, өлген,

өскен, өнген –

Талатын құс қанаты құла дүзде.

Бұл өлке ақынынан жыр күткендей,
Көңілдің көп құстары дүрліккендей.

...Шорманның қыс қыстауы –

Қызылағаш

Ішіне мәңгілікке сыр бүккендей.

Жүгінген Құдіретке Құран ұстап,
Бабалар тастап кеткен мұраны ұқсақ...
Қызарып батқан күнді Қызылағаш
Тұр әлі қимастықпен шығарып сап.

Ақынның айналғандай мұндастына,
Қыраны үя салған шың басына.
Сен өлі мөлдірейсің, Шорманбұлақ –
Сыр айтып ақ қайнардың тұнбасына.

...Тарихтың аршылатын көмбесінде,
Тұлпардың тұғырында,
көрмесінде.
Ел ауған, қайың сауған сонау жылдар –
Күй тұнған домбыраның пернесінде.

Сонау жыл – жарық күннің жамалында,
Көк аспан,
қара жердің жанарында.

Тоғыз тұн толғатсаң да таусылмайтын
Қобыздың қасиетті шанағында.

Жарық күн жандарына жара салған,
Кезің жоқ,
мәрт бабам-ай,
аласарған.

Қалың қол ат ойнатып, казак келіп –
Баянның баурайына қала салған.

Сайлап ап бес қаруын
жарақтанған,
Қалың қол ауылды алған,
алапты алған.

Атойлап ат ойнатқан атаманға –
Тосылып қыр қазагы қарал қалған.

Уақыт – жемтік болса,
Заман – қарға,
Бағдар жоқ он мен солды бағамдарға.

Каржастың қалың елі
бағым еді,
Жайлауы тарылған соң амал бар ма?

«Арқада бір құтым бар – Мұса,
Шорман,
Ежелден келе жатқан ескі қырдан...»
Сал Біржан әнге қосып өуелетсе,
Кең алқап керілетін кешкі нұрдан.

Айнымай ай санаған ықыластан,
Күні жоқ ағайынмен шытынасқан.
Арқаның Мұса, Шорман құты болса –
Қалайша қас қағымда құты қашқан?

Көңілің көп құстарын көлбеткенде
Қалады мейірімге шөлдеп пенде.
...Баянға орыс-казак жиылыш кеп –
Қала сап, қада қақты сол көктемде.

* * *

Ай, Баянымды алғаны –
Сая күнді алғаны.
Саялымды алғаны –
Аяғымды шалғаны.

Баянтауды алғаны -
Жасыбайды алғаны.
Жасыбайды алғанда –
Басыбайлы алғаны.

Кім сұрайды сауғаны,
Қалың мұның шер ме еді?..
Ақбеттаудың таулары,
Сабындының көлдері...

Қыран көрдім ұшырып,
Құзға барып құлады.
Қызылағаш қысылып,
Шорманбұлак жылады.

VI

*Аздың да ісі бітер ме,
Көптің де ісі жетер ме?
Көп ішінде бір жалғыз
Сөйлем те сөзі өтер ме?..*

Бұқар жырау

Қанатсыз құс биікке ұша ма екен?
Аяғын кім жүйріктің тұсады екен?
Айдал алар малы жоқ өрісінде,
Көп ішінде бір жалғыз...

Мұса ма екен?..

Өткенінді тастамай күресінге,
Күй күмбірлет!
Күндердің күнесінде!
Бай Ананың кезінен Баянтауда –
Бақыт құсы ұшып жүр,
білесің бе?

Бұлағай күн бұзса да көңіл хошын,
Өрге тіккен өрені өмір қосын.
Мұса, Шорман өрісі тарылғаны –
Өрт шалғаны,
дариға-ай,
ел іргесін!

Кер күндер-ай,
керілген кермедейсін,
Тереңімді тербетіп,
тербегейсің.
Сен не дейсің,
Ақбеттің асулаты,
Ащысудың өзені,
сен не дейсің?!

Түгел сөзің түбі бір...
Тұс,
аңыз ба,
Қанат байлап,
білмеймін,
үшамыз ба?
«Ақкелінге қалашық тұрғызам...» – деп
Жоғарыға хат жазған Мұса мырза.

Мына хаттың мәнісін жұрт андады,
Көңілінің жер тарпып тұлпарлары.
Атамекен –
Ақкелін,
Ақшоқысы –
Айдаболдың Малқозы бір тармағы.

Алағайың туса да
бұлағайың,
Мынау мекен – атадан мұрадайын.
Ақшоқыда ашынды бір қауым ел:
– Қалай ғана басынды бұл ағайын?!

Ұшып жүрген басының бағы айнала,
Айдаболға Ақкелін – арай дала.
Арқадағы асылдың сыйнығы еді,
Мұса, Шорман басынды қалай ғана?

Елге егесті туғызған,
жанға дауыл,
Бұл сынақтың,
білгенім,
салмағы ауыр.
Жараса ма қайтадан ағайынмен
Карашада күзеуде қалған ауыл?..

Қапаланса қалың ел –
қарындасын,
Шыдам қалай шытынап
жарылмасын?!
«Қайда болдың?» дейтін де сауал туар –
Айдаболдың айдыны тарылғасын.

Айдау жолға шиқылдақ арба шықты,
Ай, заман-ай!
Жауыр тай жорға шықты.
– Мен де үй салам ол жерге Мұса салса... –
Мұстапасы Шорманның ол да шықты.

Есендіреп ел іші...

қалды бәрі,

Жапандағы жартастар жаңғырады.

– Айдаболдың айбалта ұстайтүғын,
Айналайын ағайын, бар ма ұланы?!

Сынаққа алар тұл тағдыр талай ұлды,
Аямай төк,

Ақбеттау,

арайынды.

Орыс-казак олжаға батты білем,
Қырқыстырып қырдағы ағайынды.

Солдан соқса сол дауыл – сор айнала,
Өкпек желі өткеннің...

солай, бала.

Олжабайдай батырдың үрпақтары

Олжа бола қоймайды оңай ғана.

Мұң шақпайсың сен неге, мұнар далам,
Шындарында шалқиды шырағдан-ән.

...«Ақ сисалап» араңнан ақын өтті

Ұлтарақтай жері үшін ұрандаған.

Ақбеттаудай,

Жасыбай,

Баянындай...

Қайдан тапсын тірлікте сая мұндай?!

«Ақ сисалап»,

арындал,

аршындады

Жаяу Мұса жарқылдал жай оғындей.

Үмітінен ұзбеді бар күдерін,
«Ақ сисада» – ашығы әңгіменің.
Ән шалқытып Алаштың аспанында –
Жаяу жүріп аттыдан алды кегін.

Сәлем айтып Қаржастың баласына –
Тобыл жаққа сол ақын кетті айдалып.

Қасиетім – қалың ел – тұтас орман,
Өткенінді өрт шалған
құса,
сордан.

Сен аман бол,
«Ақ сиса» –
Жаяу ақын –
Арқадағы бір құтым – Мұса, Шорман.

Ақбеттаудан абайсыз нар құлады,
Жартас біткен соны айтып жаңғырады.
«Кімдер жаяу қалмайды зорлық қылса?..»
Жаяу Мұса –
«Ақ сиса» –
Ардың әні...

Тоқсан төртте жасым бар,
Енді жүрек басылар.
Мені жүргелі жатырмын,
Қоштасайық, халқым-ай!
Еңбегім сіңген Ақшоқым,
Содан орын қазындар...

Жаяу Мұса...

Алас!

Алас!

Алас күн!

Гәкку саздар – толы әні.
Айдынына Алаштың
Ақку-қаздар қонады.

Талапайға түстің бе,
Талайыңдан қаштың ба?..
Қара жердің үстінде,
Көк аспанның астында.

Шырағына білтемін,
Шақпақ жақсан лаулаған.
Қазақ деген жүрт едім
Ақку-қаздан аумаған.

Тағдырына алаң кім,
Туған жердің тұнығы.
Жаяу Мұса бабамның
Тоқсан төрт жыл ғұмыры.

Көктем көктеп...

күз келген,

Бай Ананың таулары.

Ақшоқының біз көрген

Алақандай аумағы.

Қазақ үшін, білгенім,

Баянаула – бақ отау.

Ашық болсын күндерің,

Каратай мен Алатау.

Тарқамайтын тойым ең,

Ұлы Даға қорғаны.

Үш Қиянның бойы мен

Қызылжардың орманы.

Өзегіндей өмірдің

Өлеңімді өргенмін.

Киесі бар жерімнің –

Иесі бар...

Сол – менмін!

Шайқалмаған ырысы,

Сөнбейтұғын жақса оты.

Бұл қазақтың, дұрысы –

Әр шоқысы – Ақшоқы.

Желпілдемей түндігі,

Тірлік кешкен жасымай.

Бұл қазақтың, шындығы –

Әр өзені – Жасыбай.

Жаудың шықса жат үні,
Корғап ата мұраны.
Жаяу-жалпы ақыны
Алдаспан боп шығады.

Тұнық көлдей тұнамын,
Жерүйіғым...
талас көп.
Күнге қарап тұрамын:
—Алас!
Алас!
Алас! — деп.

Жаза алмаймын жарқын жыр,
Тамылжымай таң нұры.
«Ақ сиса» боп қалқып жүр
Бар қазақтың тағдыры...

Сонғы сөз немесе Жаяу Мұса ауылы

Баянауыл бауыры,
Ақбеттаудың етегі,
Жаяу Мұса ауылы —
Тектілердің мекені.

Қапияда қапылдым,
Сырын тыңдал сол маңның.
Атын алған ақынның
Мұстапасы-ай Шорманның!

Көкірегі – жыр-көрік,
Күшақ жайған бауыр көп.
Жаяу Мұса жыр болып,
Жаяу Мұса ауыл боп.

«Ақ сиса» – ақын, арың ба,
Айтты бізге сол әнің –
Жаяу Мұса барында
Мұстапалар боларын.

Сансыраған санам мұң,
Сансырау боп сорлайды.
Бұқары жоқ заманның
Абылайы болмайды.

Өтер-өтпес бекер күн,
Жапырағымды жаям да.
Мен келермін, кетермін –
Баян іздең Баянға.

Көкірегі күй далам,
Айналайын, Ар мекен!
Ақындарын қинаған
Қазақтай жұрт бар ма екен?!

Тартып туғам тегіме,
Оман жұрттан ой аулап.
Жаяу Мұса еліне
Келем талай жаяулап...

Сал-серіге лайық
Сарыарқаның сауыры.
Қалды артымда мұңайып
Жаяу Мұса ауылы...

КИІКҚАШҚАН

(Поэма)

...Көздері мөлдіреген ақбекенді
Адамның баласынан кем көрмедім.

Сәкен

Сары дала,
сағым дала – жерім өскен,
Ұлым деп шығармассың мені де естен.
Ақбекен – сахараның ботакөзі –
Жолымды өрі кескен,
бері кескен.

Жондары,
тақиядай төбелері,
Жусаны,
кекпегі мен көделері.
Жанының жарқылы мен жарығындай –
Бетпақта байғұс бөкен көп өреді.

Арайды қимай батқан іңірлерім,
Көргенмін...
көз алдымда бүгін менің...
Сап-сары сахараның теңізінде
Қыл-қызыл толқындардың жүгіргенін.

Лағы өрген құралайдың
лағыл өрген,
Сәуірді сәтті күннің сәні көргем.
Сарғайып атқан күн де қызығатын
Толқындар толқығанда сары белден.

Сол толқын сахараның сәні ме еді,
Арай да арай таңның Ары ма еді?
Толқындар толқып қашқан сағым еді.
Қазақтың сағым қуған қалың елі –
Арқаның Абылай аспас сары белі,
Бауырим, басымдағы бағым еді.

Сары бел, айналайын сағымды бел,
Жанарың жаутаңдаса жаным жүдер.
Кеудеме намыс отын жағып жібер,
Жүдесем жігерімді жанып жібер.
Сары бел, айналайын сағымды бел.

Болады бауыр бүтін бас аманда,
– Жақсылық бер! – дейміз де Жасағанға.
Кызыл толқын ұқсайды сағымдарға –
Сағым-уақыт ұқсайды қашағанға...
Қашаған күн, көзімнен тасаланба!

Беткейден талып жеткен
солқыл
сарын,
Сауыры сары белдің –
толқын,
сағым.

Солқыл-сарын солығын баса алмайды –
Өзегін өр өлкенің толтырса мұн.

Көзіне көzsіздердің күйік пе едін?..
Арымның аруанасын ийткенім.
Қайда екен,
 білесің бе, сүйікті Елім,
Сап-сары сахараңың теңізінде
Қып-қызыл толқын болған киіктерім?..

Айырылған аққуынан, қазынан да,
Қайран ел, қасиет бар қазынанда.
Жанының желек жайған жазы барда –
Мені де жатқызарсың назы барға,
Талатпай сумаң қаққан тазыларға...

Сары дала...
 жазық па екен, жайлau ма екен?..
Көздері көкірегімнің байлаулы екен.
Ай аман аспанымда
 қас қағымда
Арқаның ақбөкені қайда ауды екен?..

Сал самал беттен сүйіп майда лебі:
– Сайымнан сая іздеген сайғақ еді,
Аң-құстың арасында айманы еді,
Өлкеңіз өзегінен қайғы өреді,
Ақыным, ақбөкендер қайда? – деді...

Қараған,
 селеу,
 мия шағылдағы
Сұраудан киіктерді жаңылмады.
Даланың дараланбай дабылды әні,
Құдайым бір қызықты тағы ұрлады –
Сарғайып сағыныштан сағымдары...

Жанымнан жылап аққан жырды жалғап,
Жүгірді жетім сағым мың бұрандап.
Еһ, шіркін, Өмір деген...

желүрлөген –

Дөңгелеп өте шықты жынды қаңбак.

Төсінен ұшқан бір кез қыран самғай,
Құла дүз қайтсін енді сұрау салмай?..
Боз дала бота болып боздағасын –
Бозторғай бүріседі бір ән салмай.

Көгенкөз тіршіліктің

көрде есебі,

Бетпақтың бетпақ жонын шөл деседі,
Селтиген сексеуілдер серісініп –
Кесірлі кесірткелер жол кеседі.

Бейопа – бұл дүние,

бійкте – аспан,

Сыйсыздар сыймай өтер сый үқпастан,
Тірексіз тірлік осы тиіп-қашқан.

Бейітіне бабалардың бәйіт оқып,

Заманың зарын айттым Киікқашқан.

Кезігер дауыл да алдан,

қүйін да алдан,

Мәңгілік бесік болар бұйырған маң,

Орғырмыз ортекедей биік жардан.

Тағдырдың тасадағы тасы тисе –

Бізден де қашады әлі киік-жалған.

Тұн тұнек,
жалқын жарық аймаласқан,
Күн шықса көкжиектен Ай да адасқан,
– Адамға табын, Жер! – деп
айлам асқан.
Қалқаның бақ мекені бар тұрғанда –
Арқаның ақбөкені қайда қашқан?..

Ана-Жер!
Ардағым ең ең сенімді,
Ез етті есіл уақыт еңселінді.
Шерінді Ел үқпай ма,
жел үқпай ма –
Емізген елік қайда емшегінді?..

Кеше гөр,
ақ таңдарым,
курең кешім,
Гүлінді солып қалған нұр емдесін.
Баланың жанарынан қан тамады –
Ананың анарынан у емгесін.

Мұхитқа салған кезде ой кемесін
Ана-Жер,
оятады кейде елесің.
Самалы Сарыарқаның сарнап маған:
– Киіктер қайда кетті? – дей бересің...

* * *

...Ашпаған еш пендеге бір сыр еді,
Сол сырды сары даланың білсін елі,
Ойласам жаным жиі түршігеді.
Киіктер адамдарша жылайды да –
Киіктер адамдарша күрсінеді.

Көңілім көктем көрсө гүл өреді,
Сөзіме Ай ереді,
Күн ереді,
Ақбекен адамдарша түнереді.
Киіктің көзіндегі жұмбақ жазу –
Бақ пен сор,
ак-қараның Ұлы өлеңі...

* * *

Күдер үзген көшінен,
Көңіл жасып қаралы.
Туған жердің төсінен
Өмір қашып барады.

Жазираны жанарым
Биікке асып қарады.
Жаутаңкөзі даланың –
Киік қашып барады.

Асу-асу белдермен
Әрі қашып барады.
Асылдардың мен көрген
Бәрі қашып барады.

Көз үшінда көлбендең
Сағым қашып барады.
Баян таптай ербендең
Бағым қашып барады.

Жал-құйрығы түйілген
Құлын қашып барады.
Көңілдегі күйім мен
Жырым қашып барады.

Зарыма елді ұйыттым,
Жолдан асып...
Жаралы
құралайы киіктің –
Ол да қашып барады.

* * *

Киікқашқан...

бұл-дағы – бір мұң дастан,
Жосықсыздар жаулап алған жол үстін.
Зымырандар ұшып жатыр тынбастан,
Зымыраны құлап жатыр орыстын.

Қан түкіріп,

у жұтпаған күнім кем,
Жер-Ананың еріндері кезеріп.
Бәрін көрген...

бәрінен де түңілген –
Бетпак дала үндемейді безеріп.

Алтын асық,

атан жілік арысым
Құлақkestі құлға айналып барады.
Тіршіліктің татыра алмай тарысын
Туған дала тұлға айналып барады.

Ертеңімді есіркей гөр, Елші-күн.
Көңілімді көлегейлеп қауіп тұр.
«Протоны» құлап жатыр көршінің –
Гептилдері тажал болып жауып тұр.

Құла дүзде құлазыған далам-ай,
Торығады торкөзденген кереге.
Зығырданым қайнағанға қарамай
Зымыранын зымырата бере ме?

Тұнығыма дей алмадым:
– Лайланба...
Заманның бұл – зауал толған сұрағы.
...Қарқаралы қара шашын жайғанда
Жаңаарқада жылқы біткен жылады.

Күле алмадық...
Күнге қарап күрсіндік,
Күйік басқам...
Тұлпарларым, тұлдырысың.
Жанғырады жадымдағы бір сұмдық:
Киікқашқан...
зар ма,
күй ме – кім білсін?..

Бетпақдала.
Күн идіру

Бала кетті бетіменен,
Еңірейді жетім өлең.
Құм көшеді бұл өлкеде
Сексеуілі сетінеген.

Көңілімде мұң көшеді,
Тиер жырдың кімге себі?!.
Үрей,
ұміт...
ұнделеседі,
Күн көшеді,
жын көшеді.
Құм көшеді,
құм көшеді.

Күм көшеді,
азап қандай?!

Сағым ауды саз ақтармай.
Сексеуілсіз қайран дала –
Ақсақалсыз қазақтардай.

Арпалысып
арман,
қайғы,
Жалғанар жіп жалғанбайды.
Жалғанбайды,
жанды арбайды...
Кесірткесі кербезденіп,
Қаңбақтары қалбаңдайды.

Күм көшінде,
қүм көшінде,
Күмай-тірлік кім кешуде?
Тілсіздерді тілдесуге –
Шақырмақ ем,
қүм жылады
Ібілісі іргесінде.

Жанымда жүр жарагы ұғым,
Кебін киген қаралының.
Балқашының,
Аралының
Сексеуілі сирегесін –
Басынады даланы қүм.

Күн туып тұр
Күн идірмек,
Құрыса дала –
құриды Тек,
Іркіттерім іриді көк.
Айдалада аш бәрілер
Ұлиды кеп,
ұлиды кеп...

Керуенімнің көші мұлде
Көрінбейді,
кешигуде.

Елегізіп есіл үнге,
Безек қаққан бір күй шалдым
Бетпақдала бесінінде...

* * *

Маңып,
лағып
көші кеткен,
Киікқашқан – заманақыр,
Дала жатыр,
есі кеткен
Шала-жансар бала жатыр.

Ен даланың еркесімен
Ақын қалай сырласады?
Киік қашса өлкесінен –
Айдынынан су қашады.

Жерге жасын төгеді аспан,
Гептил басқан,
 уран басқан.

Киік қашқан,
 неге қашқан –
Судан қашқан,
 удан қашқан.

Ай, заман-ай,
 құлады ма
Алты Алаштың әктангері?
Сыбырлайды құлағыма
Жеті атамның жатқан жері.

Ата жүрттың аспаны
 елес,
Шытырманға шыдап көрді.
Киікқашқан – дастан емес,
Киікқашқан – сұрақ белгі...
???

БІРГЕБАЙДЫҢ ҚЫЗЫЛЫ

(Этнографиялық толғау)

Бозкөлдің бетегелі белі қандай,
Етегін ен жайлаған елі қандай?!
Сарнаған сар даланың сарынымен
Қобыз боп күнірекен шері бардай.

Ботасын Бозкөл бүгін тұстер ме екен,
Бабалар балдай сұын ішкен мекен.
Боз жусан,
бозқараған,
бозкөделі –

Алланың рахман нұры тұскен мекен.

Лағындай құралайдың жосып өрген,
Бабалар осы белден
өсіп-өнген.

Ен жазық етене боп есіл елмен –
Күндердің керуенімен көші келген.

Жыр болып құйылардай сөзге өрнегі,
Фасырлар сан тарихты безбендеді,
Жеткізген асыл аңыз көз көргені.
Алашқа атын жайған сәйгүліктер –
Бабамның бақ іздеген Бозкөлдегі.

Арқаға арай сыйлап ақ таң енер,
Бауырын бақыт құшып,
баққа бөлер.

Жаратып түркы бөлек тұлпарларды
Біздің ел –
аламанға баптаған ел.

Көкке өрлеп көңілінің қазы кеткен,
Тамылжып тағдырының тамызы өткен.
Қызылы Біргебайдың қызырындай
Ауылда ақсақалдар аңыз еткен.

Замана аққан судай тасып өткен,
Жыл өткен,
ғасырдан соң ғасыр өткен.

Соқпақты,
соқтықпалы тайғақтарда –
Батыр мен бағыланнның басы кеткен.

...Бұл жалған біреу кеткен,
біреу келіп,
Жұт жеткен жазық жонға жүдеу көрік;
Ақ боран аш бөрідей ұлығанда
Көк мұзы сары аяздан білеуленіп.

Толғасам тәкпе күйдей тәкпелетем,
Заман-ай,
қайран заман өткен екен,
Өмірің ескен желдей өтпелі екен;
Жігіттер үйірімен жылқыны айдал,
Түстікке бағыт алып кеткен екен.

Тағдырдың талшық етіп тұтам әнін,
Құт жайлап Оңтүстіктің құт алабын;
Жылқысы біздің елдің көкалалы –
Қырқасын қыстап қайтқан Бұқараның.

Уақыттың кейде естілер ызғар өні,
Ызғардан қабактарға күз қонады.
Бозкөлге бесқонақтың бесіні аумай
Жеткенмен...

жылқысы кем жұз қаралы.

Көрмеген дабыра мен
дауға асығып,
Бұл елдің иманы адал,
тәубесі нық.
Құны жоқ атасының барымтага,
Ұрласа ұрлаған да...
жаяу басынып.

Сәуірде сары белде сағым ойнап,
Жатқанда...
ұрпағының бағын ойлап.
Бәйтелі –
батыр бабам жасақ ерті
Ақ таңда атқа қонған
«А, Құдайлап!..»

Аңызды ұрпақтарың жастан білер,
Құпиянды қуған білер,
кашқан білер.
Арқаның ақ самалы дерек айтар –
Қара жер...
ақша бұлтты аспан білер.

Сөзімді саптап айтсам тыңда тағы,
Аңыздың астарында шын жатады.
Қарына құрық ілген қайран ерлер
Қайыспай ер үстінде тұн қатады.

Ол күндер ақ мұнардай алыстағы,
Ұрпактың жөн болады танысқаны.
Ерлердің жанарында жарқылдайды
Егеулі найза болған намыстары.

Артта қап жолдың талай шақырымы,
Алашта заты да ірі,
аты да ірі,
Ілікті Бұқараның байтағына –
Бәйтелі – Сарыарқаның батыр ұлы.

Сейіліп көкейлерін іркіген мұн,
Жеткендей жоғын тауып бір құлер күн.
Тұстіктің қойнауында жылқы жатыр,
Иесі – Теке руы түркіменнің.

Күн мынау көкжиектен өрген арай,
Байтағы Бұқараның шөл даладай.
Құлады екіндінің әлетінде
Көп жылқы көкалалы көлге қарай.

Жануар кең жазықта құлпырады,
Жапанның жанарына нұр тұнады.
Арабы,
текежаумыт,
ақалтеке,
мәстегі...
Алуан-алуан жылқылары.

Сыйлады сол аңыздан дала дастан.
Орамды ойларымды ала қашқан.
Жоқтары осында екен жігіттердің
Қылаңы баранына араласқан.

Бір белен

ұласқанда бір беленге,
Ел үшін ер кіреді дұrbелеңге.
Батырдың жылқы ішінен көзі түсті
Тұрқы ерек екі байтал,
бір дөненге.

Жануар дара туған,

дара мұсін,
Жасақтың кім түсінсін жан ағысын?
Мәрт бабам үш жылқыға белгі салып
Кетіпті найзасының қадап ұшын.

Бұл да бір арман дүние үмітті ерге,
Тік қарап түрік керме

түрікпенге
Бәйтелі жария етті өз байламын
Алпауыт,
сай тасындай жігіттерге:

– Сертім сол,

дау тумасын ел ішінде,
Ағайын,

келейік бір келісімге.
Қос байтал, бір дөненді қиярсындар,
Үйірлі жылқым қалсын өрісінде.

Сұңғылам су жорғадай нық басады,
Нық басса...

дүшпаннан да күт қашады.
Жігіттер малтаны езбей
жөнге көшіп,
Байламын Бәйтелінің құптасады.

Бағзыдан сыр көнерді,
жыр көнерді,
Керуен көшіменен бір көгерді.
Бәйтелі жасағымен алып қайтқан
Түстікten қос байтал мен бір дөненді.

Ерімнің басым шыққан сесі мұлде,
Өзі айтып шешімін де,
кесімін де.

Қызылы Біргебайдың сол тұқымнан
Аңыз боп жеткен екен осы күнге...

* * *

Беу, шапқан бір кезде қүйғыды,
Бозкөлдің жарау түйғыны.
Жүгірсе желден озатын
Жылқының өрен жүйрігі.
Құдайым сәтін құптаса,
Аузымен құс тістеген.
«Жалғыз қазық жықпаса
Жылқы озбайтын құспенен».
Тұла бойы намыстан,
Ауыздықпен алысқан.
«Бәйге бермес ұдайы,
Ұлытаудың құбайы,
Қашағанның құдайы,
Қаратаудың құмайы,
Қыпшақтың ақбақайы,
Қырғыздың көктопайы,
Ақшатаудың аласы,
Көкшетаудың құласы...»

Қайсыбірін айтайын,
Бәрімен де жарысқан,
Бабамның бақ қызыры –
Біргебайдың Қызылы!

Беу, ылдиға мойнын созады,
Тұяқтан үшқан тозаңы.

Аламанда аруақ шақырсан
Жүйріктен жүйрік озады.
Бір елдің Ар мен Намысы,
Алашқа жеткен дабысы,
Тегі де бөлек, шабысы
Біргебайдың қызылы –
Ақтобық,

Теңбіл,
Шалқасқа,

Нарбасы...

тағы-тағысы.

Қайсы да бірін айтайын;
Үш жүздің ас пен тойында,
Қазақтың қыр мен ойында,
Қарқаралы, Ұлытау,
Алатай мен Қаратай,
Ақ Жайық, Сырдың бойында,
Қиялай шапқан қиянның
Өр,

жазық,
беткей,
беленін,

Бабамның даңқын асырған,
Аңыз боп жеткен ғасырдан,
Жылқыда жүйрік сен едің –
Ақында жүйрік мен едім,
Біргебайдың Қызылы!

* * *

Тұған жердің күшағы өрт,
от алабы,
Беткейлері,
белдері,
жоталары.

Біргебайдың Қызылы сөз болғанда
Арқаланаар Бозкөлдің Тоқалары.

Көздерінде көктемнің таңы жүзіп,
Көнілінің кемесі өрі жүзіп.
Аруақтанып қалады,
арайлданып,
Жүйрік десе жадырап қаны қызып.

Шалқарының шалқыса шырағы ізгі,
Құпиясына сендеріп құла дүзді:
— Қызыл айғыр Бозкөлдің айдынынан
шыққан... —
деп те бастайды бір аңызды.

Бауырлар-ай,
тылсымнан сырды үңгіген,
Кеші айтады ол жайлы қырдың күрен.
...Біргебайдың Қызылы —
акиқаты —
Шашасына шаң жұқпас дүлдүл кілең.

Таудай болса талабың баққа бөлер,
Бабам шамын бұл өнер –
жакқан өнер.
...Жыр бәйгеге мені де қосты бүгін
Біргебайдың Қызылдың баптаған ел.

МАЗМҰНЫ

<i>Даланың жақұт жырлары (Ф. Оңғарсынова)</i>	3
Тобылғыжарған	7
Менің аппақ құстарым...	
Даланың өзендері.....	11
«Көңілімнің қаз ұшты түстігінен...»	12
Жетім құлын	14
«Шарасына шық тұнған бұла белдің...»	17
Жылқышының баласы.....	18
«Жалынан сылап, баптаған күлік...»	20
Қызылағаш, Қызылағаш.....	22
Менің аппақ құстарым...	25
Күзеудегі қараша үй	27
Осы көктем.....	29
Елегізу. Дағдарыс жыры.....	30
«Көш қозғалды жолымен бұрынғының...»	32
Оралу.....	33
Ескі қорым	36
Сұмбіледегі сурет	38
Қаращада.....	40
Сынық арба	41
Лэйла қыз.....	43
«Көзімнің тұнғиығында...»	45
Бегімайдың әні	46
Баянтаудан қайтқанда	48
«Жырлы көктем...»	50
Нұрлан Мәуkenұлымен	
Шыңғыстауға сапар.....	51
Ұлытауға бардың ба?..	53
Сұмбіле-өлең	55

Кош бол, аға!	56
Аспанның айдын төсін бұрын емген...	58
Көлге кетіп қалып ем...	60
Түрікменнің төрінде	
Сапар сазы	62
Ашғабатта.....	64
Көне Үргеніш	65
Бұлбұл.....	67
Гүлрайхан.....	69
Құмдағы сексеуілдер.....	71
Мақтымқұлы мақамы	73
Түрікменбашы әуежайы	74
Гийом Аполлинерден аудармалар	
Күн сұлуы	76
Анни.....	79
«Көне альбом бұл паракталған...»	80
Мирабо көпірі.....	81
«Жиі есіме түсесің...»	84
«Жаздың жылы бір кешінде...»	86
Рейн түні	87
«Бүйра толқын қойынында...»	88
Василек	89
Параллельдер	90
Сыған қызы	92
Алтын тұс.....	93
Парижге сапар.....	94

Екінді ауып барады

Ай сынығы	97
Сарыарқа. «Протон» құлаған жыл.....	99
Қытайдан келген киіз үй	101
Бұлақ басындағы бұлдырық.....	103
Тұс	105
Аммандағы Адайлар.....	106
Жаңғырық.....	109

Астанада. Ақпанда.....	111
Баянаула. Тұнгі тілек.....	113
Қара нөсер. Қараша	114
«Жыр жауған жылы күндерім...»	115
«Жабырқаулы жаным...»	116
«Қызыл-жасыл босқа арбаған...»	117
Қарашамен қоштасу	118
Елес	120
«Базарыңа бардым...»	122
«Есінді жи...»	123
«Қарататудың басынан...»	124
Алғадағы аққулар.....	126
«Боз белге бардым...»	128
Қос қараған.....	129
Сіздей асыл табылмас	131
Сексеуіл	133
Тұнгі ауылда.....	135
Алматы.....	137
Шайтанкөлге барғанда	139
Екінді ауып барады.....	142
Қараша ауыл...	144
«Сапардың түсті орайы...»	146
Жаныңды жан қала ма жан үққанша...»	148
«Тұнық көлдің тұмасы бол тұнатын...».....	149
«Көлеңкенді көрсетпей көгінен Күн...».....	151
«Жаны асыл мұрам...»	152
«Сары белден сағым болып...»	153
Толқиды Тобыл	154
«Көз алдымда...»	156
«Арыс жағасын» тыңдасам.....	158
Ерейменді көргенде.....	160
«Сенің көзің тұңғиық...»	162
Күршімнің қызы	163
Қазанғалтың күйі – «Жүртта қалған»	166

Назымхат	168
«Шөләйттеу жердің шөбі едім...».....	169
Гүлмира	170
Кер бетегелер.....	172
Ескі жұрт.....	173
«Қараөткелдің бауырында...»	176
Қызыл інір. Қызылжар.....	178
Есіл ағады.....	180
«Сеземін нұр-шырай барын...»	182
Жасыбай көлі.....	183
«Қара ағашты жел шайқады...»	185
«Ей, енесі өлген құлын күн...».....	186
Қоңыр	187
«Бір өлеңім бар еді...»	188
«Қарашада қалмайды гүл ағашта...»	189
Қап арқалап бара жатыр қыз бала	191
Соңғы өлең	193
Ақпанда. Ақөленде. Ақ айдында	195
«Сағыныштың сарғайса да...»	197
«Қобыз кеудемнің сынық шанағы...»	198
Еру қонды елуің.....	199
Бабайқорғанның баласы	201
Казақы өлең.....	203
«Жаныма жақын жандайсың...»	204
«Бәрі ағады...».....	205
«Шаңырақты көтереді уығы...»	206
Жалғыз тамшы	207
Кербестінің кекілі	209
Бір тұп емен	210
«Жесір желдер...»	212
«Астана мынау...»	213
Көшемін ертең.....	215
«Ай көрдім...»	217
«Киік-күндер...»	218
«Өмір кештім...»	219

Шырағдан

Ақ сиса	223
Киікқашқан	252
Біргебайдың Қызылы	263

Фалым Жайлышбай

ТОБЫЛҒЫЖАРҒАН

Өлеңдер, толғау және поэмалар

**Редакторы Қуат Құрмансейіт
Техникалық редакторы Раушан Түрлұнова
Көркемдеуші редакторы Женіс Қазанқапов
Корректоры Гүлден Оспанова
Компьютерде беттеген Ақерке Скакова**

Басуға 04.07.11. қол қойылды.

Пішімі 84x90 $\frac{1}{32}$. Қағазы офсеттік.

Офсеттік басылыш. Шартты баспа табағы 15,5.

Тапсырыс №178. Таралымы 2000 дана.

**«Фолиант» баспасы.
010000, Астана қаласы, III. Айманов көшесі, 13
«Фолиант» баспасының баспаханасында
басылды**

1958 жылы 9 ақпанда Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданының Жеңіс ауылында туған. Бірталай жыл ауылда шопан, жылқышы болып жұмыс істеген. Аудандық, облыстық басылымдарда қызметте болған. 1993 жылы Қазақтың менеджмент, экономика және болжau институтын әлеуметтанушы мамандығы бойынша бітірген. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінде, түрлі басылымдарда қызмет атқарған. “Жұлдыз” журналында поэзия белімінің меңгерушісі, «Қазақ әдебиеті» газеті Bas редакторының орынбасары, «Қазақ радиосының» Bas редакторы болып қызмет еткен. 2007 жылдан бастап Қазақстан Жазушылар одағы басқармасы төрағасының бірінші орынбасары.

“Жанымның жапырақтары” (1988), “Жүргімнің жұлдызы” (1996), “Құсқанаты” (2001), «Қарашығымдағы қара өлең» (2006), «Ардакүрен» (2008) атты жыр кітаптарының, «Тағдырымның тамыры» (2008) әдеби мақалалар жинағының авторы. Өлеңдері орыс, украин, түрік, қырғыз, тағы басқа халықтар тілдеріне аударылған.

Халықаралық “Алаш” әдеби сыйлығының лауреаты (1999). Қазақ ақындары жыр мүшәйраларының бірнеше мәртебе жеңімпазы. Түркияның Сапанша қаласында өткен (2001) халықаралық жыр мерекесінде “Ақшам жұлдызы” арнағы сыйлығын иеленген. Ресей Халықаралық Жазушылар ұйымының С. Есенин атындағы алтын медалінің иегері (2009).



ISBN 978-601-271-083-0

9 786012 710830

FOLIANT